



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

# Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



2/2012

СЫРТҚЫ САЯСАТ  
ЖӘНЕ  
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ  
ТАРИХ  
МӘДЕНИЕТ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ



2004 жылдан бастап  
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор

**Болат СҰЛТАНОВ**

ҚР Президентінің жанындағы

ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор

**Нұрлан СЕЙДІН**

Шығаруға жауапты:

**А. Арықұлов**

Дизайн және беттеу

**А. Жумағалиева, А. Садуақасов**

Редакция мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 87-б

ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04

Факс (727) 264-49-95

E-mail: office@kisi.kz

www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық

келісім министрлігінде 2003 ж.

19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы

№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды

көшіріп басқан, микрофильмдеген

жағдайда журналға сілтеме жасалынуы

міндетті. Жарияланған мақала

авторларының пікірі редакция

назарарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында

басылып шығарылды.

050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.

**Қоғам Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

**ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН**

**Бақытжан Бұхарбаев**

Елбасы Жолдауындағы Президенттік  
кадрлық корпус мәселесі..... 5

**СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ  
ҚАУІПСІЗДІК**

**Гүлмира Сұлтанбаева**

Шетелдік бұқаралық коммуникативтік  
кеңістік жаһандық саяси мүдделер алаңы  
ретінде ..... 9

**Бақытжан Бұхарбаев**

Қарулы қақтығыс ұғымы және оның  
ерекшеліктері ..... 17

**ІШКІ САЯСАТ**

**Гүлшат Нұрымбетова**

Саяси жаңару аясындағы Қазақстан  
азаматтарының саяси қатысу мәселесі ..... 27

**Мұрат Насимов,**

**Ботагөз Паридинова,**

**Қайнар Қалдыбайұлы**

Қазіргі қоғамдағы саяси консалтингтің  
орны ..... 36

**Рустам Мұса**

Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар  
ұғымын анықтау тұжырымдамаларының  
салыстырмалы талдауы..... 42

**ЭКОНОМИКА**

**Санат Сатаев**

Телекоммуникация саласындағы  
теориялық және әдістемелік мәселелер ..... 58

**Ақмеш Дүйсенбаева**

Сала бойынша стратегиялық басқарудың  
ерекшеліктері ..... 65



ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӨДЕНИЕТ

**Забира Мырзатаева**  
Империялық экспансияның рухани  
салдары (XIX ғ. 20–40 жж. Сарыарқа)..... 71

**Эльмира Телеуова**  
Дестүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік  
ұйымы ..... 82

**Жібек Абдуллаева**  
Ф.М. Достоевскийдің адам мен қоғам  
жайлы ойлары..... 92

**Арман Абикеев**  
С. Қожановтың саяси мақалалары –  
тарихи дерек көзі ..... 99

**Назым Қасымбекова**  
Мақсұт Жылысбаевтың жастық шағы  
және қоғам қайраткері ретінде  
қалыптасуы (1894–1917 жж.) ..... 105

**Айгерім Айдарбекова**  
Қазіргі ҚХР-дың тропикалық Африка  
елдерімен сауда-экономикалық  
қатынастарының тарихы  
(XX ғ. 50-ж – XXI ғ. басы) ..... 113

**Түйіндеме** ..... 120

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің  
жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер  
институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих  
ғылымдарының докторы

Нұрлан СЕЙДІН – жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы  
ҚСЗИ-дың әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің  
менгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты

Нұржамал АЛДАБЕК – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық  
университетінің бірінші проректоры, тарих  
ғылымдарының докторы, профессор

Рахман АЛШАНОВ – «Тұран» білім корпорациясының президенті,  
ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының  
президенті, экономика ғылымдарының докторы,  
профессор

Мәулен ӘШІМБАЕВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық  
істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы,  
саяси ғылымдарының кандидаты

Камал БҰРХАНОВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси  
ғылымдарының докторы, профессор  
Әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы  
кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының  
докторы

Бағлан МАЙЛЫБАЕВ – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары,  
заң ғылымдарының докторы

Ләйлә МҰЗАПАРОВА – ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының  
бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының  
кандидаты

Марат ТӘЖИН – ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің  
хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы,  
профессор

Зарема ШӘУКЕНОВА – ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының директоры, әлеуметтану  
ғылымдарының докторы, профессор



## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Булат СУЛТАНОВ – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
- Нурлан СЕЙДИН – ответственный редактор, заведующий отделом социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Нуржамал АЛДАБЕК – первый проректор Казахского государственного женского педагогического университета, доктор исторических наук, профессор
- Рахман АЛШАНОВ – президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
- Маулен АШИМБАЕВ – депутат Мажлиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
- Камал БУРХАНОВ – депутат Мажлиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
- Қуанышбек КАРАЖАН – профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук
- Баглан МАЙЛЫБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Лейла МУЗАПАРОВА – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Марат ТАЖИН – помощник Президента РК – Секретарь Совета Безопасности РК, доктор социологических наук, профессор
- Зарема ШАУКЕНОВА – директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор

# Елбасы Жолдауындағы Президенттік кадрлық корпус мәселесі

**Бақытжан БҰХАРБАЕВ,**  
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың  
әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің  
ғылыми қызметкері

**Қ**азақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2012 жылғы халыққа Жолдауында: «...біздің маңызды міндетіміз – басқарушылардың білікті саяси табын дайындау. Олар біздің Қазақстанымызды ХХІ ғасырда лайықты түрде алға апаруға тиісті жаңа басқарушы элитаның негізін құрайды», – деп мәлімдеді. Үкімет пен Президент әкімшілігіне алғашқы жарты жылдық ішінде Президенттік кадрлық корпусқа үміткерлерді ұсынууды тапсырды.

Аталған корпусдың өкілдері ірі бизнес-құрылымдардың қызметшілері сияқты жоғары жалақы алатын болады және ол елдің экономикалық даму динамикасына тәуелді. Үміткерлерге қағат талап қойылады, олардың кәсіби біліктілігі мен адамгершілік тұрғыдағы қасиеттер жоғары деңгейде болуы керек. Басқару элитасына іріктеуді арнайы комиссия жүзеге асырады. Үміткерлер білім мен кәсібилік, жоғары моральдық қасиеттер, жігерлілік, тапсырылған жұмысты тиімді орындай білу қабілеті сияқты критерийлерге толығымен жауап беруі тиіс.

Кадрлық резерв құру және оны күшейту идеясы дұрыс және заман талабына сай. Ретке келтірілген әрі белгілі жүйеге сүйеніп құралған кадрлық саясат әрбір мемлекеттің қызметінің тиімділігін арттырады.

Елбасы қойған мақсатты жүзеге асыру тек қана мемлекеттік органдарда ғана емес, сонымен қатар бизнес саласында да жұмыс тәжірибесі бар көптеген табысты әрі келешегі бар мамандарға өздерінің кәсіби және интеллектуалдық мүмкіншіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Білім деңгейі мен кәсібилік көрсеткішке



негізделген үміткерлер тізімінің қалыптасуының ашықтығы азаматтарды басқару элитасы реестріне кіруге ынталандырады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметкерлердің статусын жоғарылатуға және үміткерлерді іріктеу жүйесін жетілдіруге жол ашады.

Арнайы комиссия үміткерлерді іріктейтін жайлы жоғарыда сөз болды. Осы жерде бірнеше сұрақ туындауы мүмкін. *Біріншісі*, Президенттік кадрлық корпусқа үміткерлер қай жерден тағайындалады деген сұрақ? Ол аймақтар ма, Президент не премьер-министрдің аппараты ма, министрліктер ме әлде бизнес-құрылымдар ма?

*Екіншіден*, «кәсібилік» сөзіне нақты анықтама мен оның критерийлерін айқындау қажет сияқты. Мәселен, олардың қатарына жеткілікті жұмыс стажының болуы мен Жолдауда көрсетілген критерийлерден басқа үміткердің төтенше жағдайда өзіне жауапкершілік ала білуі, сценарий негізінде стратегия қабылдай білу қабілеттілігін жатқызса болады.

Атап өтетін болсақ, елімізде әкімшілік аппараттың кадрлық құрамын қалыптастыру мәселесі осыған дейін де көтерілген. Президенттің өзі де биылғы Жолдауына дейін бірнеше рет осы мәселеге тоқталды. Дегенмен осы сәтке дейін мәселенің шешімін табуы қарқынды болды деп айтуға келе бермейді. Десек те, осы бағытта әкімшілік реформа жүргізілді, арнайы Агенттік қызмет атқарып, Мемлекеттік қызмет академиясы жұмыс істеп келеді. Алайда осы шараларды қолға алу басқару саласының сапасын елеулі арттырмай, мемлекеттік қызметшілер санының артуына алып келді. Осының салдарынан қабылданған шешімдерді атқаруға жауапкершілік азайып, коррупция дейгейі өсті. Осы пікірге дәлел ретінде соңғы Президент Н. Назарбаев 2010 жылдан бастап республика бойынша мемлекеттік қызметкерлер санын азайтуды талап қойып келе жатқанын атап өтуге болады.

Мәселен, 2010 жылы Елбасы «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мемлекеттік бюджет және смета (бюджеттің) есебінен қаржыландыратын органдардың штаттық есебін онтайландыру шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы құжатқа сәйкес 2010 жылдың 1 қарашасынан бастап Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын органдардың штаттық есебі 15%-ке дейін, яғни республика бойынша шамамен 26 000 мемлекеттік қызметкерге қысқартылатын болды.

2012 жылдың қантарында да Елбасы мемлекеттік қызметкерлер мен ұлттық холдинг қызметкерлері санын қысқартуды тапсырды.

Есесіне онтайландыру шарасы коррупциямен күресуде өз септігін тигізетінін айтты.

Көріп отырғанымыздай, кадрлық резерв қалыптастыру жұмыстары осыған дейін тиімсіз болып келген. Мәселеге мемлекеттік қызметкерлердің санын қалыптастырмай, сапалы мамандар қалыптастыруда болып отыр.

Осы мәселе бойынша биылғы жылы қойылған Президент тапсырмасын орындамас бұрын өткендегі қателіктер мен атқарылған жұмыстың осал тұстарын жіті анықтап алу қажет.

Алдағы уақыттағы жұмыс бірнеше жылға созылуы мүмкін. Кейбір сарапшылардың пікірінше, Агеттік деңгейінде орта және ұзақ мерзімдегі перспективаға, кемінде алдағы бес жылға жұмыс әдістемесін қалыптастыру керек.

Іріктеу жүйесі мен кадрлардың қызмет бабымен көтерілуінің ашықтығы мен тиімділігі жемқорлық деңгейінің төмендеуіне септігін тигізетін жалпы шаралар ішінде маңызды орынға ие. Қазақстан патронат пен саяси ниеті түзулігі кадрлық саясаттың негізгі факторлары болған жүйеден тәуелсіздігіне қадам жасады. Дамыған елдер мен республикамыздың тәжірибесіне сүйенсек, патронат кадрларды іріктеудің тиімді әдісі емес екенінен көзіміз жетеді. Осындай механизм орын алған жүйеде мемлекеттік қызметкер мемлекетке емес, оған жағдай жасаған патронға қызмет ете бастайды.

Осы жағдаймен күресу әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттік қызметкерін мемлекеттік қызметкерлерді саяси және әкімшілік деп екіге бөлуіне алып келді. Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлердің корпусы мемлекеттік аппараттың негізі болып табылады. Оларды іріктеу шетелде де, Қазақстанда да конкурс негізінде жүзеге асырылады, үміткерлерге білім деңгейіне, біліктілігіне қатысты нақты талаптар қойылады.

Әкімшілік мемлекеттік қызметкерлер корпусы саяси мемлекеттік қызметкерлердің ауысуына тәуелсіз мемлекеттіліктің тұрақты дамуына жағдай жасайтын іргетас болып саналады. Сол үшін тиімділігі жоғары корпусы қалыптастыру саяси маңыздылығы жоғары міндет және республиканың тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Мемлекеттік қызметкерлердің кадрлық қорын құру жұмысын жүзеге асыруда жемқорлықпен күрес те шешімін іздейтін мәселе екені анықталады. Әлемдік тәжірибеге көз жүгіртетін болсақ, коррупцияға қарсы күрес мемлекеттік қызметкерлер арасында да жемқорлықты жоюдан басталатынын байқаймыз. Қазақстанда жемқорлықпен байланысты қылмыс жасаған тұлғаларға мемлекеттік



органдар мен ұйымдарда кез келген жұмысқа орналасуға өмір бойы тыйым салынған.

Мемлекеттік қызмет саласындағы коррупцияға қарсы тұрудың табысты болуы еліміздегі қаржы ағымының ашық болуына да тәуелді. Сол себепті биылғы жылы Елбасы табыс декларациясы жалпы болмай, мемлекеттік қызметкерлердің де шығындарын декларациялауға көшуді тапсырды.

Мемлекеттік қызметтегі жемқорлықпен күресу жұмысында келеңсіз жағдайды алдын алу әдісі тиімді болып табылады. Жемқорлықпен тиімді күресіп келе жатқан елдердің тәжірибесіне назар аударатын болсақ, мемлекеттік қызметкерлердің, солардың ішінде әсіресе жеке және заңды тұлғалармен жұмыс істейтіндерінің құзіретін белгілі ережелерге бағындыру керек екенін көреміз. Мемлекеттік органдар жұмысының нақты регламенті болғаны қажет, сол жағдайда ғана мемлекеттік қызметкер өз еркі бойынша біреудің мүддесіне сүйеніп шешімнің қабылдануын тездетіп, не баяулата алмайды. Бәсекелестік орын алған салаларда мемлекеттік қызметті тұтынушылардың барлығына бірдей жағдай жасалып, заң қатаң сақталуы тиіс.

Сонымен қатар, жемқорлыққа бейім қызметтерді анықтау керек. Мәселен, осындай қызмет мемлекеттік инвестицияларға қатысты шешімдер қабылдау, мемлекеттік сатып алулар бойынша конкурс өткізу, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласымен байланысты болуы мүмкін.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік Экономикалық және жемқорлық қылмыстармен күрес жөніндегі агенттікпен бірлесе осындай қызметтерді анықтауға мүмкіндік беретін әдістемені қалыптастырған. Ендігі кезекте әрбір мемлекеттік орган жемқорлыққа бейім қызметтердің тізімін жасап, оларды басқаратын тұлғаларды әділетті тексеру жұмыстарын қолға алуы керек.

Сонымен қатар, жемқорлықпен тиімді күресу үшін мемлекеттік органдардың артық қызметтерін қысқарту керек, олар тек қоғамға және мемлекетке ғана осы кезеңде қажет қызметтерді атқаруы тиіс және осы қызметтер ереже төңірегінде жүзеге асуы керек.

Осы факторларды ескерген жағдайда ғана болашақ Президенттік кадрлық корпус қалыптастыру жұмысы тиімді болып, өз жемісін бере алады.

# Шетелдік бұқаралық коммуникативтік кеңістік жаһандық саяси мүдделер алаңы ретінде

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,  
әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың профессоры,  
саяси ғылымдарының докторы



Елемелдерінің түрлі әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуына қарай билік пен БАҚ, бұқаралық коммуникация және бұқара арасындағы қарым-қатынастардың әр алуандығы заңды құбылыс. Әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының бірінші кезекте саяси билікпен, келесі ретте сол көпшілік жұртқа бағытталған коммуникация құралдарының бұқарамен қарым-қатынасы мәселелерін қамту ауқымды зерттеуге нысан болады. Сондықтан автордың пікірінше, зерттеу жұмысында шетелдік БАҚ-тағы саяси коммуникациялық процестердің бірқатар жинақталған дәстүрлеріне тоқталып, олардың озық үлгілерін талдау қажет. Әр аймақтағы бұқаралық коммуникация құралдарының дамуы көбінде жалпы тенденциялармен айқындалса да әр аймақтың өзіндік ерекшеліктері бар. Шетелдік БҚҚ дамуында ерекшеліктерге тоқталсақ.

Еуропа және Америка елдерінің бұқаралық коммуникация құралдарының ақпараттық саясаты «батыстық» мәдени ұстанымдарына қарамастан екі бағытта дамуда: Ұлыбритания және Америка Құрама Штаттарының бұқаралық ақпарат құралдарын қамтитын еуропалық-құрлықтық және «арал» аймақтары деп көрсетеді ресейлік зерттеуші С. Михайлов [1].

БАҚ-тағы саяси коммуникацияның *американдық-британдық әдісінің* кейбір ерекшеліктерін ғалым былай деп сараптайды: «Ньюс-2000» атты ганеттік газеттер жүйесі ешбір комментарийді



кажетінбейді. Бұл басылымдар коммуникация теориясының басты талаптарына сәйкес келеді. Бұқаралық ақпараттық примиданың төбесі қоғамдағы өзгерістерге бағытталса, іргесі басты қоғамдық мүддеге негізделеді. Ал ақпараттық примиданың қалған барлық элементтері сол қалаулы өзгерістің жүзеге асыруға үндейді [2, 120].

*Автордың пікірінше*, аталмыш бұқаралық ақпараттық коммуникациялық модельден байқалатыны қоғамдық пікірді билеп-төстеу теориясымен үндес келетіндігі. Өйткені аталған моделде аудиторияның көңіл-күйіне, сезіміне, эмоциясына әсер етуші барлық факторлар ескеріледі.

Әрине, *ганнеттік газеттер моделі* ең алдымен американдық аудиторияға бағытталған, дегенмен оны белгілі бір модификациясын басқа да елдердің БАҚ жүйесінде қолдануға болады. Электронды БАҚ-тағы ақпараттық ағындарды реттеу саласы да ерекше маңызды саналады. Электронды БАҚ-ты реттеудің американдық жүйесінің ерекшеліктерін жүйелеп, жинақтағы ғалымдар қатарында Индиана штатының профессоры Г. Терридің еңбектерін атауға болады [3].

Билік тарапынан БАҚ-ты бақылау мен заңнамалық ұстанымдарын реттейтін басты құзіретті орган президенттік институт Дж. Картердің бастамасымен коммерциялық департаменттің негізінде Ұлттық телекоммуникациялық агенттік құрылған болатын. Бұл құрылым президенттің радио-телехабар мәселелері жөніндегі басты кеңесшісі саналды. Нақ осы ұйым арқылы конгресс американдық қоғамдық БАҚ-қа қаржы бөледі. Штаттардағы билік федеративтік мемлекет ретінде АҚШ-тағы ең ықпалды құзіретті орган болғандықтан электронды БАҚ-қа ықпалы өте белсенді.

БАҚ-тың саяси билік пен бұқараға ықпалының *еуропалық құрылымдық тәжірибесі* әр келкі, өйткені мұндағы БАҚ-тың меншік иесі формалары американдық масс-медиаға қарағанда әртүрлі болып келеді. Көптеген елдерде мемлекеттің БАҚ-қа ықпалы басым саналады. Сонымен қатар аталмыш елдерде шынайы сөз бостандығы мен баспасөз бостандығын қамтамасыз ету үшін көптеген шаралар қарастырылған. Сондай тәжірибелердің бірі батыс елдерінде орын алған. Мәселен, ресми билік пен бұқаралық коммуникация құралдарымен қарым-қатынасында көптеген Батыс, атап айтқанда Австрия, Франция, Нидерланды, Норвегия сияқты елдердің үкіметі плюрализмді сақтау мақсатында қаржылық тапшылықтағы газеттерге субсидия бөледі.

*Еуропалық-құрылымдық* және арал аймақтар арасындағы бұқаралық ақпарат құралдарының саяси коммуникациялық саяса-

тын жүзеге асыруда бірқатар жағымды дәстүрлер қатарында түрлі көзқарастар мен әдістердің көптігін және де сол дәстүрлердің бір-бірімен үйлесімдігін атауға болады. Бұған Солтүстік Еуропа елдері мен АҚШ-тың масс-медиялық тәжірибесін қарастырсақ. Бұқараға саяси хабарлама мен ақпаратты жеткізуде ең басты ұстанымдары жаңалық пен дерек саналатын АҚШ және Ұлыбританиялық БАҚ-тың қалыптасқан дәстүрі саналады. Дегенмен «төңкерілген пирамида» принципі әр уақыт қолданыла бермейді. Мәселен, еуропалық «Свенска дагладет» газетінің тәжірибесі көрсеткендей, әрбір саяси ақпараттық талдамалық материалдардың тек аты-жөнімен емес, сондай-ақ электронды мекен-жайы да жарияланып тұрды. Бұл саяси ақпараттық коммуникациялық процестегі адресатқа, яғни аудиторияға таралатын хабарламалар жайында қосымша мәлімет алу қажеттігінен туындаған әдіс.

Келесі бір принцип – жарнаманы ақпараттан бөлектеу саналады. Яғни *скандинавиялық басылымдардың* тәжірибесі көрсеткендей, саяси жарнамада «жасырын комментарий» мен «жылдам комментарий» аталатын технологиялар пайдаланылады.

Шетелдік БАҚ-тағы саяси коммуникацияның тәжірибелері қатарында Шығыс және Орталық Еуропа елдері мен бұрынғы кеңестік елдердің бұқаралық ақпарат құралдарына тән. Әсіресе, соңғы жиырма жыл көлемінде ТМД елдерінің бұқаралық саяси коммуникация тәжірибесінде ірі өзгерістер орын алғаны мәлім. Бұл өзгерістер тек БАҚ-тың саяси ұстанатын бағыты емес, сондай-ақ ақпараттық ағынды реттеудің формалары мен әдістерінен де байқалды.

*Автордың пайымдауынша*, бұрынғы кеңестік елдерде билік пен БАҚ және бұқара қарым-қатынасы әдістеріне қатысты түрлі процестердің шоғырлануы байқалды. Бұл өзгерістер БАҚ мемлекеттен бөлініп, жекешеленуі мен ондағы саяси ақпараттар мен хабарламалардың түрліше бағытта ұстануынан деуге болады.

*Ағылшындық масс-медиа* мен биліктің қарым-қатынасы тәжірибесінде телевизияның айтарлықтай рөлі бар. 1990 жылдары британдық телевизия нарығындағы мемлекеттік ақпараттық саясат пен жаңалықтарды жариялауда бәсекелестік пен монополизацияның дамуы басты тенденциялардың қатарында саналды. Енді электрондық ақпараттық кеңістіктегі ең белді саналатын Би-Би-Си мен коммерциялық, сондай-ақ спутниктік, кабелдік және эфирлік телевизия да бәсекелестік алаңына шыға бастады.

Американдық БАҚ-тың да, батыстық БАҚ-тың да даму тенденциялары ұқсас келеді деп атап өтеді ғалымдар. Мәселен, бұл



ұқсастықтар іскери және жедел ақпараттардың компьютерлік желіге тартылуынан, жарияланымдар арасында сараптаулар, комментарийлер мен болжаулардың үлесінің артуынан, дербес журналистикаға сенімнің ұлғаюынан, жанрлық көптірлі баспасөзге деген сұраныстың өзгеруінен байқалады [4].

Соңғы жылдары *Азия-Тынық мұхит* аймағындағы бұқаралық ақпарат құралдарының қарқынды даму процесі байқалауда. Бұқаралық коммуникация саласы әлемдік ақпараттық кеңістіктегі жетекші елдердің тәжірибесін қолдануда. Қытай, Жапония, Оңтүстік Кореяның бұқаралық ақпарат құралдары мазмұндық жағынан американдық тәжірибеге жақын «вестернизация» кезеңін өткерді. Енді бұқаралық масс-медиада жаңа жанр – пікірталас пайда болды. Шығыс елдерінің дәстүріне қайшы келер моральдық-этикалық ережелерге бағынбайтын пікірталас енді БАҚ-тың басты тақырыбына айналды. Аймақтағы барлық елдер жаңа озық технологияларды бұқаралық коммуникация салаларына енгізе бастады. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат кеңістігін мемлекеттік реттеу процесі күшей түсті [5].

*Біздің пайымдауымыз бойынша*, Азия-Тынық мұхит аймағындағы әрбір мемлекетте аталған процестер әрқалай жүзеге асуда. Дегенмен олардың басты бағыты – *қоғамдағы демократизация және модернизация процесі мемлекеттің БАҚ-тағы рөлі артуымен қатарлас жүргізілуі болды*.

Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінде бұқаралық коммуникация құралдарының дамуы күрделі сыртқы саяси проблемалардың реттеуге, қоғамдық өмірдің демократиялануына, тұрғындар сауаттылығын арттыруға, заңнамалық базаны жетілдіруге қатысты саналады. Саясаттағы ең өткір мәселелердің қатарында араб бірлігі, араб-израиль қарым-қатынасы, Ирандағы ислам революциясы мен оның салдары, Солтүстік-Батыс Африка елдеріндегі саяси жағдайларды реттеу, Шығыс елдері әйелдерінің ахуалы сияқты проблемалар саналды. БАҚ-тың исламдануы бұқаралық коммуникация мамандары мен саяси қайраткерлердің басты назарында болды [6].

*Автордың ойынша*, бұқаралық коммуникация кеңістігіндегі аталған тенденциялар *таяушығыстық БАҚ-тың қоғамның демократиялануы мен одан әрі модернизациялануы үшін айтарлықтай қиындықтар тудырғаны* рас. Дегенмен жаңа мыңжылдықтың қарсаңында Таяу Шығыс елдерінің электронды ақпарат құралдары өте пәрменді де ықпалды даму тенденциясы байқалды.

Шетелдік бұқаралық коммуникация саласындағы ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан ерекшеленетін *Африка елдерінің* масс-медиа нарығын атауға болады. Жергілікті тілдер мен диалектілердің сан алуандығы Африка құрлығындағы елдердің бұқаралық ақпарат құралдарының алдына күрделі міндеттерді қойып отыр. Бұл мәселелер ұлттардың өзіндік саяси мәдениетін сақтай отырып, олардың бірлігі мен ынтымақтастығын күн тәртібіне қоюда. Әсіресе, африкалық елдердің билігі тарапынан бұқараға арналған саяси үндеулер мен хабарламаларды түрлі тілдік және диалектік ерекшеліктер ақпараттық-коммуникациялық кедергілерді туындатуында [7].

Тропикалық Африкада Сахарадан оңтүстікке қарай елдердің бұқаралық коммуникация құралдарының дамуы коммуникациялық инфрақұрылымның әлсіздігі, экономикалық артта қалу, әлеуметтік-саяси процестер мен БАҚ құрылымының кенжелеуімен айқындалады. Аймақтағы газет-журнал технологиясының дамуына елдегі бұқара халықтың сауатсыздығы мен жергілікті халықтың көптілділігі кедергі келтірген басты фактор саналады. Мұндағы баспасөздің жарық көруі *мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынған*. Африкалық құрлықтағы радио жергілікті тілдерде хабар таратуын азайтқанымен жылдам қарқынмен дамып отыр. Телевизия және компьютерлік технология әлі де болса элитарлық коммуникация құралдары ретінде бұқараға қолжетімді болмауда.

*Біздің ойымызша*, бұқаралық коммуникация саласындағы ақпарат пен хабарлама таратудағы бұл тенденциялар әлемнің дамушы елдеріне де тән, сондай-ақ ақпараттық-коммуникативтік саладағы өзгерістер биліктің БАҚ-пен байланысына да айтарлықтай ықпалы болатындығы сөзсіз. Әсіресе, бұл қарым-қатынастың қоғамды демократияландыру процесінде маңыздылығы қаншалықты болса, оны жүзе гасыру механизмдері де соншалықты маңызды. Әлемдегі түрлі аймақтар мен елдердегі бұқаралық коммуникация нарығының дамуы, билікпен қарым-қатынасының қалыптасқан дәстүрлері саяси байланыстардың дамуына, мәдениет пен өркениеттің одан әрі өркендеуіне ықпалы сөзсіз.

Өркениетті елдердің барлығында демократиялық қағидаттардың саяси процестерге енгізілуі сол елдердің саяси жүйесі мен географиялық ахуалына тәуелді екендігі белгілі. Тіпті монархиялық қоғам қатарындағы елдер де саяси даму процесінде демократия құндылықтарын ескеруде. Сондықтан шетелдік, отандық ғалымдардың парламенттік демократия және баспасөз бостандығы,



монархия және бұқаралық коммуникация қарым-қатынасы, теократия және халық билігі арасындағы масс-медиа қызметі жайлы зерттеулері қызу пікірталас тудырып отырғаны рас.

Бұрынғы кеңестік одақ құрамындағы Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдеріндегі бұқаралық коммуникация құралдарының даму үрдістері, редакцияның ақпараттық саясаты, масс-медиа кеңістігін мемлекеттік бақылау мәселелері бүгінде халықаралық қауымдастықтың ерекше назарында.

USAID пен IREX ұйымдарының БАҚ тұрақтылығы индексі (Media Sustainability Index) айқындап отырады. Зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, аталған аймақтағы БҚК дамуы соңғы алты жылда айтарлықтай дамып отыр. Әсіресе, бұл жаңалықтар мен ақпараттарды кәсіби жариялаудағы тәуелсіздік тұрғысынан алғанда оң қадам. «Түрлі-түсті революция» алдында, сондай-ақ қызған шағында бұл аймақтағы бұқаралық ақпарат құралдарының бағыты мен мазмұны күрт өзгерді.

Бұрынғы Кеңестік елдерінде БАҚ тұрақтылығын бағалау да түрлі тенденциялар кездесті. Өйткені демократиялық даму жолындағы посткеңестік елдердегі бұрынғы авторитарлық жүйе тек бұқаралық коммуникация құралдарын емес, сондай-ақ тұтас қоғамды бақылаудан арыла қоймады.

БАҚ-тың саяси және экономикалық көрсеткіштері бойынша тұрақтылық индекстері Белорусия, Молдова, Ресей, Өзбекстан және Қазақстанда төмендеу себебі осы аталған факторлармен түсіндіріледі. Белорусия, Өзбекстан және Қазақстан Республикаларында мемлекеттік бақылау қатаң жүргізілгендіктен БАҚ секторының нығаюына айтарлықтай орта қалыптаса қоймады. Дегенмен Қазақстандағы БАҚ төңірегінде шоғырланған кәсібилердің аздаған тобы БАҚ тәуелсіздігі үшін күресуде деген сараптауларды келтіреді жобаға қатысқандар [8].

*Автордың пайымдауынша*, халықаралық ұйымдар жүргізген тәуелсіз зерттеулердің нәтижесі осы аталған аймақтарда тәуелсіз БАҚ секторының дамуына ықпал етерлік, посткеңестік және соған көрші орналасқан елдердегі демократиялық қоғамның дамуында, сондай-ақ жаңа модернизациялық даму жолына түскен мемлекеттердің бұқаралық коммуникация саласында ақпараттық саясатын стратегиялық мақсатта жүргізуіне ықпал етері, бағдар берері сөзсіз.

Шетелдік БҚК нарығында билікпен қарым-қатынастың келесі бір тенденциясы – қоғамдық телеарналардың дамуы. ЮНЕСКО-ның жыл сайынғы «Қоғамдық хабар тарату қызметі: құқықтық салыс-

тырмалы зерттеулерінде» билік пен қоғамдық арналардың қарым-қатынас мәселелері ерекше аталады.

Т. Мендельдің жүргізген салыстырмалы зерттеулерінде қоғамдық хабар тарату қызметі желілері қалыптасқан әлемдік ақпараттық кеңістікке танымал арналардың тәжірибесі қарастырылады. Солардың қатарында Австралия, Канада, Франция, Жапония, Оңтүстік Африка және Ұлыбритания елдерінің қоғамдық арна қызметтерінің құқықтық және ұйымдастырушылық параметрлерімен қатар, олардың ресми билікпен қарым-қатынас мәселелері аталады. «Қоғамдық хабар тарату қызметтерін салыстыру матрицасында» арналардың тәуелсіздігі, басқаратын кеңес, есеп беру механизмдері, қоғамдық қызметтің мандаты, шағымдармен жұмыс механизмдері аталған 6 мемлекеттегі қоғамдық коммуникациялық арналар тәжірибесінде салыстырылады [9].

Австралиялық Эй-Би-Сидің қоғамдық қызметі оның тәуелсіздігі мен оның тұтыстығын сақтау, шынайы және боямасыз жаңалықтармен қамтамасыз ету болып табылады. Канадалық қоғамдық хабар тарату қызметі кәсіби дамуға басты назар аударса, Жапонияның, Францияның қоғамдық арналары өздерінің жарғыларына сәйкес мемлекеттік талаптарын орындау саналады.

*Біздің ойымызша*, БҚК дамуында түрлі тенденциялар мен қызықты дәстүрлер қатар келген Африка құрылығында қоғамдық хабар тарату қызметі бүгінде басты сенімді ақпарат арнасына айнауда. Оңтүстік Африкадағы қоғамдық хабар тарату қызметінің басты ұстанымы – тәуелсіздігі мен бостандығы. Біріккен Корольдік еліндегі Би-Би-Си қоғамдық хабар тарату арнасының басты міндеттері қатарында кәсібилік қағидаты басты назарда.

Әлемдік қоғамдық хабар тарату нарығының басты қатысушыларының саяси биліктен тәуелсіз болуы ондағы жаңалықтар мен ақпараттар ағынының объективтілігінің кепілі ретінде қарастырылған жөн. Саяси билік пен парламенттік жаңалықтар аталған қоғамдық қызметтердің басты тақырыптардың біріне айналуы да бұқаралық коммуникацияның саяси процестермен астарлас, қатарлас өрбіп отыратындығының дәлелі саналады.

Мәселен, австралиялық қоғамдық арнаның тәуелсіз жаңалықтар мен ақпараттар қызметі билік саясаты мен парламенттің қос палатасы қызметін тұрақты жариялап отырады. Канадалық тәжірибеге сүйенсек, барлық канадалықтар үшін жоғары сапалы ақпарат тарату болса, франциялық арнаның саясаты белсендірек. Парламенттік дебаттардан, мәжілістерден, саяси партиялар мен одақтардан, кәсіби



ұйымдар мен саяси бағдарламалардан трансляция жүргізуі Франция қоғамдық арнасының басты назарында. Жапондық қоғамдық ақпарат тарату тәжірибесінің ерекшелігі де саяси боямасыз, шынайы ақпарат тарату мен қарама-қайшы мәселелерді түрлі көзқарастар тұрғысынан беру. Ағылшындық Би-Би-Сидің ақпараттық саясаты беделді, боямасыз жаңалықтар таратумен қатар, британиялық Парламенттің қос палатасы мәжілісінен күнделікті трансляция жүргізу саналады.

Бүгінде іскери және жедел ақпараттардың Интернет желісіне таратылуы, сараптаулар, комментарийлер мен болжаулардың үлесінің артуы, дербес журналистикаға сенімнің ұлғаюы, көптірлі жанрлық баспасөзге деген сұраныстың артуымен ерекшеленетін бұқаралық ақпаратты-коммуникациялық *американдық-британдық* моделі аудиторияның көңіл-күйіне, сезіміне, эмоциясына әсер етуші барлық факторлар ескерілетіндіктен қоғамдық пікірді билеп-төстеу теориясымен үндес келеді. Және бұл үрдіс ұлттық БАҚ нарықтарын қамтып отыр деуге толық негіз бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Михайлов С.А. Журналистика стран Северной Европы. – СПб: Изд-во Михайлова В.А. – 2003. – 368 с.
2. Михайлов С.А. Журналистика Соединенных Штатов Америки. – СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 2004. – 448 с.
3. Терри Г. Электронные СМИ в США / Лекция, прочитанная на факультете журналистики СПбГУ 15 октября 1998.
4. Соколов В.С., Виноградова С.М. Периодическая печать Великобритании. – СПб. 2000. – 110 с.
5. Сергеев Г.И. От дуба до «Жень минь жибао». Путь в 1200 лет. История средств массовой коммуникации Китая. – М., 1989. – 512 с.; Лазарев А.М., Полякова Н.А., Смирнов Б.В. Япония. Печать, радио, телевидение. – М., 1974. – 147 с.
6. Шиллов В.Н. Демократизация в зеркале африканской прессы / Журналистика. История и современность. – М., 1993. – С. 82; Раджаб А.Ш. Пресса и власть в странах Восточной Африки (проблемы взаимодействия): автореф. дисс. канд. политич. наук. – СПб., 2001. – 26 с.
7. Нечаева И.Ю. Африканские телекоммуникации накануне XXI века / От книги до Интернета. Журналистика и литература на рубеже нового тысячелетия. – М., 2000. – С. 167.
8. Media Sustainability Index 2006-2007 / Development of sustainable independent media in Europe and Eurasia. – Washington: IREX, 2007. – P 141.
9. Мендел Т. Служба общественного вещания: Сравнительное правовое исследование. – Алматы: ЮНЕСКО, 2002. – С. 59.

## Қарулы қактығыс ұғымы және оның ерекшеліктері

**Бақытжан БҰХАРБАЕВ,**  
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың  
әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің  
ғылыми қызметкері

азіргі кездегі ғылыми әдебиеттерде «қарулы қактығыс» түсінігінің көптеген анықтамалары берілген.

«Қактығыс» ұғымы әлеуметтік-саяси күштердің, саяси қатынас субъектілерінің теке-тірестері өтетін ерекше саяси жағдайды білдіреді. Бұның өзі әрекеттің тікелей процесі, мұнда қарсы тұрушылықтың шынайы фактілері бар. «Дағдарыс» және «қактығыс» ұғымдары қоғамдық өмірде әлеуметтік практиканың өзара байланысты кезеңдерін бейнелейді. Қактығыстың негізі жағдайдың дағдарыстығы болып табылады. Дағдарыс саяси қатынас субъектілерін белсендіре түсіп, олардың тектірестеріне әкеліп соқтырып, қактығысты тудырды. Сондықтан да қактығыстың өткірлігі дағдарыстың дамуына, оның пісіп-жетілу дәрежесімен тікелей байланысты.

Дағдарыстар тәрізді қактығыстарды да көріну сфералары бойынша жіктеуге болады: экономикалық, саяси, құқықтық, діни, этносаралық, және т.б. Дегенмен осылардың барлығы әлеуметтік қактығыстардың әрқилы формалары болып табылады, өйткені қактығыстарда әрекет етуші, қактығысушы субъектілер өздерінің экономикалық, саяси, құқықтық, діни, этникалық және басқа да мүдделерін түсінетін және олардың үстемдігі мен жүзеге асуына ұмтылатын адамдар. Қактығыстар саяси қатынастар субъектілерінің іс-әрекеттері нәтижесінде шешіледі.

Осы ретте қактығысқа қатысушы күштердің іс-қызметтерінің шынайы түртікілерін айқындау аса маңызды саясаттанулық проблема.

Өйткені шынайы түртікілерде қактығыстың себептері, өзіндік «құпиясы» бар. Саясаттану ғылымы оны қактығысушы



субъектілерінің мүдделерінің иерархиялық принципінен шыға отырып анықтайды.

Мүдделердің иерархиялық жүйесінде материалдық, экономикалық мүдделер негізгі мәнге ие. Алайда олар саяси қатынастарда таза күйінде көрінбейді, себебі олар қажетті идеологиялық тартымдыққа ие емес. Осы мүдделер қоғамдық өмірдің әрқилы сфераларында белгілі бір өзгерістерге ұшырайды және осының нәтижесінде саяси қызметтің мотивациясы жетекші тұрғыда күрделі мазмұнға ие болады.

Демек, саясаттану әдістемелік тұрғыда саяси акциялардың терең де, ақиқат негіздерін, «құпияларын» ашуға тиіс болса да, ол қақтығыстан шығуды көздейтін ғылым ретінде сыртқы түрткілерге, яғни өзекті, шынайы өмірде әрекет ететін саяси қызметтің негіздеріне баса назар аударады, және осы негізде мүдделердің түйісуін қамтамасыз етуге және келісім мен ынтымақтастық платформасын жасақтауға ұмтылады.

Саяси қақтығыс әрекет үшін қажетті саяси қатынастардың шиеленісін қамтамасыз ететін түрткілерді өзінде ұстайды. Саяси конфронтацияны жасайтын осы түрткілерде әр түрлі шынайы әлеуметтік қағидалар (меншікке, саяси жүйелерге, идеологиялық принциптерге, этникалық, өнегелік, діни-конфессионалдық құндылықтарға және т.б. қатынас) болуы мүмкін. Бұл қағидалар саяси құмарлықты оятады, қоздырады, өйткені олар өздерінің әлеуметтік мәні бойынша шынымен фундаменталды және ұзақ жылдар бойы адамдардың тіршілік әрекеттеріне ықпал етеді, себебі олар экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани ортаны анықтайды. Тұтастай алғанда, қақтығысты саяси жағдайлар үшін мыналар тән:

- біріншіден, оларға айырмашылық, қарама-қайшылық, кей жағдайларда олардың антагонизміне алып келетін мүдделердің қайшылығы тән қақтығысушы тараптардың қақтығыс субъектілерінің болуы. Бірақ мүдделер әрқилы болғанымен, олар әлеуметтік тұтастықтың ішінде қызмет етеді, яғни ортақ базалық негізге ие, мәселен саяси конфронтацияға дейін таптық күрес дамитындығы жалпыға мәлім, бірақ осы жағдайда барлық күресуші таптар қол жеткізілген материалдық және рухани мәдениетті, қоғамның өркениеттік деңгейін, социумның тұтастығын сақтауға мүдделі болады;

- екіншіден, қоғамдағы өмір сүріп отырған және қақтығысушы тараптардың арасындағы саяси қатынастардың шиеленісу деңгейін көрсететін қақтығыстың өткірлік дәрежесі. Қақтығыстық жағдайдың

өткірлігі, шиеленістің жоғары деңгейі қақтығыс субъектілерінен қарастырылып отырған жағдайдан шығу үшін саяси құралдардың барлық арсеналын жұмылдыруды талап етеді;

- үшіншіден, қоғам өмірінде пайда болған қақтығысты саяси жағдайдың өзінің даму логикасы бар. Сондықтан, қақтығыстың пайда болуының бастапқы кезеңін анықтап, оның дамуына жол бермеу өте маңызды. Өйткені қақтығыс ұзақ уақыт өмір сүру нәтижесінде жеке әлеуметтік мазмұнға ие бола бастайды, шынайы өмірге еніп, адамдардың дүниені қабылдауының дағдылы элементіне айналып кетеді, қақтығысты саяси мәдениетті қалыптастырады. Бұл кезде қақтығысты жағдайдан шығу өте қиын болады;

- төртіншіден, қақтығысты саяси жағдайдың саяси қатынастар субъектілеріне ықпалы маңызды әлеуметтік проблема болып есептелінеді. Қақтығысқа қатысушы субъект өзінің санасында қақтығысты саяси жағдай талап ететін әрекеттердің барлығын бейнелеуге мәжбүр болады. Осы ретте оқиғаларды тым біржақты түсіну үйреншікті сипат алады, субъект басқалардың да жеке позицияларымен өтіп жатқан оқиғаларға бағасының бар екендігін ескеруден қалады және адамдарды достар, жақтастар және дұшпандар деп бөледі. Қақтығысты саяси жағдайлар адамдарды саяси бүліншілік ахуалына дейін алып келуі мүмкін. Осы жағдайда саяси проблемалар тым өткірленіп, олар өз кезегінде қарулы қақтығыстар, азаматтық соғыс, лаңкестік әрекеттер және т.б. осы тәрізді антигуманды әрекеттерді қолдануға арандатады.

Ең алдымен «қарулы қақтығыс», «әскери қақтығыс» және «соғыс» түсініктерінің мәнін ашып алған жөн.

Уикипедия халықаралық Веб технологияларына негізделінген мазмұны тегін және ашық энциклопедиялық жобада көрсетілгендей, қарулы қақтығыс дегеніміз – мақсаты экономикалық, саяси, ұлттық-этникалық және басқа да қайшылықтарды шектелген әскери күш қолдану арқылы шешу болып табылатын мемлекеттер немесе жеке келеген мемлекеттер ішіндегі әлеуметтік топтар арасындағы қарулы тайталас.

Қарулы қақтығыс дегеніміз – мемлекеттер (халықаралық қарулы қақтығыс) немесе бір мемлекет ішіндегі қарсылас тараптар (ішкі қарулы қақтығыс) арасындағы тұрақты (легитимді) және тұрақсыз (легитимсіз) қарулы құрылымдарды қолданумен ерекшеленетін қарулы соқтығыс. Сонымен қатар қарулы қақтығыс кезінде соғысты формальдық түрде жариялау орын алмайды, яғни мемлекет(тер) «соғыс» деп анықталатын ерекше күйге өтпейді [1].



Әскери қақтығыс – екі жақты әскери күш жұмсаумен сипатталатын мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды шешудің шиеленіскен формасы [1].

Соғыс дегеніміз – саяси мақсаттарға жету үшін мемлекеттер, ұлттар, әлеуметтік топтар арасындағы ара-қатынастардың күрт өзгеруімен және қарулы зорлық көрсету құралдарын ұйымдасқан түрде қолданумен сипатталатын әлеуметтік-саяси құбылыс, қоғамның айрықша күйі [2].

Алайда анықтамалардың басым бөлігі абстрактілі-теориялық сипатқа ие немесе олар қақтығыстардың тек белгілі түрлерін ғана қамтиды. Сондықтан анағұрлым нақты болатын «техникалық» анықтама қажет. Ол қарулы қақтығыстың белгілі түрінің мазмұндық ерекшеліктерін толық ашып көрсетпесе де, олардың максималды ауқымды спектрін қамти алады. Қақтығыстар бойынша әлемдік ірі мәлімет базаларын құру әдістемесін стандарттаудың тұрақты тенденциясын ескерсек, осындай анықтаманың қажеттілігі арта түседі. Аталмыш базалар өзара мәлімет алмасу мен бір-бірлерінің әдістемелік зерттемелерін пайдалану мүмкіндігіне ие.

Уппсала университетінің (Швеция) қақтығыстар бойынша мәлімет базасының негізінде жатқан қарулы қақтығыстың утилитарлы, бірақ кең тараған анықтамасы осы талаптарға жауап береді. Оны Уппсала бағдарламасының басты бәсекелесі – Мэриленд университетінің (АҚШ) халықаралық даму және қақтығыстарды реттеу бойынша Орталығын қоса есептегенде, басқа да алдыңғы қатарлы зерттеу орталықтары белсенді пайдаланып жүр.

Уппсала университетінің мамандары қарулы қақтығысты «кемінде 2 қарсыласушы тараптың әскери құрылымдарының қарулы күш қолдану жолымен шешілетін, нәтижесінде кемінде 25 адам қаза табатын билік немесе территорияға қатысты қайшылық» деп анықтайды [3]. Егер қақтығысқа бір тараптан болсын үкіметтік әскери күш араласса, ол «мемлекет қатысқан қақтығыс» саналады. Егер мемлекет қақтығысушы тараптың ешқайсысына жатпаса, онда қақтығыс «мемлекеттік емес» болып саналады.

Сонымен қатар, «соғыс» деп бір жыл ішінде кемінде 1000 адамның (әскери қимылдарға тікелей қатысушылар – комбатанттардың – және, мәселен, комбатанттар арасындағы әскери қимылдар нәтижесінде қаза болған қарапайым азаматтардың) тікелей мертігуіне алып келген тек масштабты және қарқынды қақтығыс саналады.

Қақтығыс пен соғыстың бұл анықтамасы қолданбалы сипатқа ие және ең алдымен қарулы қақтығыстардың негізгі параметрлері

жайлы ақпарат жинау мұқтажына негізделген. Бірақ соңғы екі онжылдық ішінде «қарулы қақтығыс» түсінігінің мәні өзгерді. Ауғанстан, Ирак, Судан немесе Шри-Ланкадағы қазіргі соғыстар тіпті сандық көрсеткіштері бойынша да Кореядағы (1950–1953), Вьетнамдағы (1955–1975) соғыстар немесе Иран–Ирак соғысы (1980–1988) сияқты масштабты конвенциялық соғыстармен ешқандай салыстыруға келмейді. Сол себепті осындай утилитарлық анықтаманың қазіргі заманғы қарулы қақтығыстар сипатының принциптік өзгерістеріне тек аз мөлшерде ғана қатысы бар.

Қазіргі заманғы қарулы қақтығыстарды жаһандық масштабта зерттеудің негізгі екі методологиялық әдісі бар. Біріншісі сандық, есепке бағынатын көрсеткіштерге сүйену арқылы қарулы қақтығыстардың параметрлері жайлы ақпаратты жинақтап сараптауға негізделеді. Осындай техникалық-эмпирикалық әдіс негізінде қақтығыстар бойынша қазіргі заманғы мәлімет базасы құрылған. Екіншісі қарулы зорлық-зомбылық көрсету түрлері мен қазіргі заманғы қақтығыстардың сипатындағы өзгерістердің сапалы анализіне алдын ала бағытталған. Атап айтқанда, сандық көрсеткіштерді назарда ұстайтын екінші әдіс ғылымға көптеген теориялық-аналитикалық зерттемелерді, қазіргі заманғы қақтығыстар мен әлемнің белгілі аймағындағы нақты қақтығыстар бойынша терең зерттеу жұмыстарын берді.

Бірақтар зерттеу орталықтары қарулы қақтығыстарды зерттеудегі осы екі әдісті біріктіру амалдарын жасап келеді. Бірақ, жалпы алғанда, мәлімет базасына қатты тәуелді сандық бағытталған әдіс пен қазіргі заманғы қарулы қақтығыстардың сапалы тереңге бағытталған контекстілік немесе теориялық-аналитикалық анализі әлі де екі бөлек.

Сандық бағытталған әдісті анықтауға мүмкіндік беретін тенденцияларды XX–XXI ғасырлардың аралығындағы соғыстар мен қарулы қақтығыстардың басқа түрлерінің саны мен қарқындылығының тұрақты төмендеуі ретінде жалпылауға болады. Алайда бұл әдістің қарастырылып отырған тенденциялардың аналитикалық түсіндірілуіне емес, мониторингке аса назар аудару («мәліметтің көптігі – анализдің аздығы») сияқты объективті шектеуі бар. Қақтығыстардың дамуындағы тенденцияларды біліп жүру үшін олардың параметрлерін нақты анықталған методология мен түсініктемелік аппаратқа сай ұзақ уақыт, кемінде он жыл аралығында тіркеп жүру керек [4].

Сонымен қатар методологияның тұрақтылығы оған белгілі түзетулерді анда-санда ғана енгізуге мүмкіндік бере отырып, маңыз-



ды рөл ойнайды. Бұның кері тұсы – тез өзгеріп отыратын ақиқатқа өзінің методологиясын өте баяу бейімдейтін мәлімет базасының басымы бөлігінің икемсіз сипаты. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы қатығыстардың сипаты оларды категориялау жүйесі мен тиісті мәлімет базасында тіркеуге қарағанда жылдамырақ өзгеріп отырады. Мәлімет базасы көп жағдайда ескірген параметрлер мен қарулы қатығыстардың түрлерін «сараптауды» жалғастыра береді, ал қарулы зорлық-зомбылықтың жаңадан күш жинап келе жатқан немесе тіпті үстем түрлері мен тенденциялары тіркеусіз қалып қояды. Оның есесіне қарулы қатығыстар бойынша түрлі әлемдік мәлімет базаларының методологияларының елеулі айырмашылықтары болуы мүмкін.

1946 жылдан 2006 жылға дейін әлемнің 148 аймағында 232 қарулы қатығыс орын алды [5]. Бұл қатығыстардың көбісі территориялық тұрғыдан әлемнің аз дамыған және дамушы аймақтарына келгенмен, белгілі мемлекеттер қатысқан халықаралық қатығыстар саны бойынша дамыған мемлекеттер бірінші орында. Ең «соғысқұмар» мемлекеттер – Ұлыбритания мен Франция, олар сәйкесінше 21 және 19 қатығыста табыла білді. Екі мемлекет те Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңнің басым бөлігінде колониалдық держава болып қалғанын және ұлт-азаттық қозғалыстармен қарулы күрес жүргізгенін ескеретін болсақ, осындай көрсеткішті заңды деуге болады. Үшінші орында АҚШ болса, төртінші орында КСРО (Ресей). Бұл жерде КСРО мен Ресей бір мемлекет ретінде қарастырылып отыр. Сосын Австралия, Нидерландтар және Израиль кетеді, ал сегізінші және оныншы орындар Египет пен Қытайдың үлесінде. Қарулы қатығысқа араласу ұзақтығы бойынша Израиль абсолютті лидер болып табылады [6].

Соғыстан кейінгі кезеңдегі қатығыстардың жалпы санының жартысынан астамы «қырғы-қабақ соғыстан» кейін орын алғанын атап өткен жөн. Басқаша айтқанда, «қырғы-қабақ соғыстың» ұзағырақ кезеңіне қатығыстардың аз бөлігі келеді, алайда ол Корея мен Вьетнамдағы соғыстар сияқты ірі қатығыстарды қамтиды. Биполярлы жүйенің тежегіш механизмі жақсы жұмыс істеді деп айтса болады – локалды қатығыстардың таралуы мен олардың санының күрт өсуіне жол жабылды.

Алайда 1990-жылдардың басындағы қарулы қатығыстардың саны алдыңғы онжылдықтардағы қатығыстардың санынан артық болуы «қырғы-қабақ соғыстан» кейінгі қатығыс потенциалының даму динамикасы туралы ешқандай мағлұмат бермейді. Ол

мемлекеттердің қатысуымен болған қарулы қатығыстар санының тұрақты және едәуір азайғанын көрсетеді. Осындай қатығыстардың шыңы 1991–92 жылдарға түсті, осы кезде олардың саны 52-ге жетті, ал 2000-жылдардың ортасына қарай олар отызға дейін азайды. Бірақ 1990-жылдардың басынан бергі қазіргі заманғы қарулы қатығыстардың сипатындағы өзгерістер осымен ғана шектелмеді.

Біріншіден, қатығыс сипаты ірі соғыстардан бас тартты (мәселен, 2006 жылы тек Ауғанстан, Ирак және Шри-Ланкадағы 3 «соғыс» ғана тіркелді). Тіпті Израиль мен ливандық «Хизбалла» құрылымы арасындағы қарулы қатығыс «соғыс» деп атауға қажетті әскери қимылдар кезінде қаза тапқан 1000 адам көрсеткішіне жете алмады.

Екіншіден, әлемде мемлекетаралық қарулы қатығыстар жоқ дерлік. Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан бергі қатығыстардың басым бөлігі мемлекеттердің ішінде болды. Ал орын алған бірнеше мемлекетаралық конвенциялық соғыстар қиратқыш күші мен өлім-жітім бойынша жоғары көрсеткіштерге ие (Корея, Вьетнамдағы соғыстар мен Иран–Ирак арасындағы соғыстың әрқайсысы 1 миллионнан астам адамның өліміне алып келді). Соңғы онжылдық ішінде мемлекеттің қатысуымен болған қатығыстардың 95%-і мемлекеттердің ішінде орын алды, бірақ бұл олар интернационалды болмады деген сөз емес.

Соңғы онжылдықтағы қатығыстардың ішінде Эритрея мен Эфиопия (1998–2000) және Үндістан мен Пәкістан (1997–2003) арасындағы шекаралық қатығыстар, сонымен қатар АҚШ пен оның одақтастарының Ирактағы әскери операциясы (2003) мемлекетаралық сипатқа ие. Тіпті Косово төңірегіндегі НАТО мен Югославия арасындағы қатығыс Белград пен косоволық албандықтар арасындағы мемлекет ішіндегі қатығыстармен байланысты болды. 2004 жылдан бастап әлемде бірде бір мемлекетаралық қатығыс тіркелмеді.

Үшіншіден, қарулы қатығыстардың қатысуларына назар мемлекеттен мемлекеттік емес акторларға ығысып жатыр. 2000-жылдардан бергі мемлекеттік емес қатығыстардың санын есептеу мемлекет араласқан қатығыстар санынан екі есеге дерлік артық екенін көрсетті. Мәселен, 2002 жылы мемлекет араласқан 34 қатығыс пен 66 мемлекеттік емес қатығыс орын алды. 2003 жылы бұл қатынас мемлекеттік емес қатығыстардың еншісіне бұйырды да, 30–59 санын көрсетті.

Төртіншіден, алдыңғы орынға қазіргі заманғы қатығыстың екі түрі шығады. Бұлар мемлекет ішіндегі қатығыстар: қарқындылығы



төмен созылмалы «азаматтық соғыстар» мен олардан сирегірек кездесетін, бірақ қарқындылығы жоғарырақ, әрі ұзаққа созылмайтын ассиметриялық соғыстар. Соғыстың соңғы түрі алдыңғы қатарлы ең дамыған елдердің әскери күштері мен мемлекеттік немесе мемлекеттік емес әлсіз қарсылас арасында жүреді. Қақтығыстың осындай түріне НАТО-ның Югославияға қарсы әскери операциясы (1999), АҚШ бастаған коалицияның Ауғанстанға интервенциясы (2001), АҚШ пен оның одақтастарының Иракқа кіруі (2003) жатады. Қақтығыстың осы екі түрі бір-бірімен байланысты немесе біріне-бірі ұласады: НАТО-ның Югославияға қарсы ассиметриялық соғысы мемлекет ішіндегі сепаратистік сипаттағы қақтығыспен, ал АҚШ-тың Иракқа интервенциясы осы елдегі ұзақ мерзім бойы жалғасып келе жатқан шиеленіспен байланысты.

Бесіншіден, қарулы қақтығысу сипатындағы өзгерістер әскери қимылдар кезіндегі адам өлімінің сипатына ықпал жасады. Қазіргі заманғы қақтығыстарда қаза тапқандар мен жарақаттанғандардың 90%-і комбатанттар [7] емес, жеке азаматтық тұлғалар болып табылады. Осындай үлкен көрсеткішті XX ғасырдағы екі дүниежүзілік соғыс барысындағы азаматтық тұрғындар арасындағы анағұрлым аз шығынмен (сәйкесінше 15% және 50%) жиі салыстырса да, осындай салыстыру дұрыс болып саналмайды, себебі бұлар қақтығыстың екі бөлек түріне жатады. Мәселен, қазіргі заманғы мемлекет ішіндегі қақтығыстарды XX ғасырдағы Ресей (1918–1922) мен Испаниядағы (1936–1939) азаматтық соғыстармен, колумбиялық «виоленсиан» (1948–1958) немесе Алжирдің тәуелсіздік үшін күресі (1954–1962) сияқты антиколониалдық қақтығыстармен салыстырған орындырақ. Осы қақтығыстарда азаматтық тұрғындар арасындағы қаза тапқандардың үлесі комбатанттар арасындағы шығындардан басым болды.

Алтыншыдан, қазіргі заманғы қақтығыстардың шеңберіндегі қарулы зорлық-зомбылықтың басым бөлігінің қарқындылығы мен локализациясы негізгі қақтығысудікіне қарағанда кемірек. Осындай зорлық-зомбылық тіпті конфликт анықтамасына келмеуі де мүмкін. Азаматтық тұрғындарға қатысты біртарапты мақсатталған қарулы зорлық көрсетуді комбатанттар арасындағы тікелей әскери қимылдар барысындағы азаматтық тұлғалар арасындағы шығындардан ажырата білу керек.

Сонымен қатар, қақтығыс аймақтарындағы зорлықтың осы түрі қарулы тараптар арасындағы қақтығысуға қарағанда аз тараған. Азаматтық тұлғаларға қатысты біртарапты зорлық көрсету 99%

жағдайда қарулы қақтығыстар аймағында орын алады. Алайда бұл қақтығыс болып санала алмайды, себебі азаматтық тұлғалар қаруланбаған және өз-өздерін қорғай алмайды, сондықтан қарулы қақтығысуда тарап болып саналмайды [8].

Жетіншіден, қарулы қақтығыстардың жана түрлері пайда болып жатыр. Мәселен, Израиль мен ливандық «Хизбалла» қозғалысы арасындағы қақтығысу қатысушылардың құрамы мен деңгейі жағынан қақтығыс түрлерінің ешқайсысына сәйкес келмейді; және таза күйінде не мемлекеттік, не мемлекеттік емес болып табылмайды. Ливан үкіметі Израильға соғыс жарияламағаны және әскери қимылдарға үкіметтік күштер араласпағаны белгілі.

Әрбір қарулы қақтығыстың өзіндік ерекшелігі мен тұрақсыз қимылдар мен сирек террористік актілерден (Корсика, Нормандия, Солтүсік Италия) бастап көп жылдық терроризм (Ольстер) мен нағыз соғыстарда (Шешенстан) көрініс табатын масштабы болады [9].

Сонымен, жалпы алғанда, қарулы қақтығыстың соғыстан айырмашылығы:

- қарсылас тараптардың саяси мақсаттарының шектелгендігі;
- тараптар арасында себепші фактор ретінде бірінші кезекке негізгі қайшылықтардың орнына жеке қайшылықтардың шығуы;
- әскери күш қолдану шегін сандық және сапалық шектеу;
- қарсыласудың аймақтық масштабының кішігірім болуы;
- қарсыласу ұзақтығының аз болуы немесе оның пульстік сипатқа ие болуы.

Халықаралық қарулы қақтығыстар халықаралық құқықтың пәні болып табылады. Қарулы қақтығыстар құқығының негізгі нормалары 1907 жылғы Гаага Конвенцияларында, 1949 жылғы «Соғыс құрбандарын қорғау туралы» Женева Конвенциялары және оларға 1977 жылғы Қосымша Хаттамаларда бекітілген.

Сонымен, қарулы қақтығыс дегеніміз – мақсаты экономикалық, саяси, ұлттық-этникалық және басқа да қайшылықтарды шектелген әскери күш қолдану арқылы шешу болып табылатын және нәтижесінде кемінде 25 адам қаза табатын, бірақ жыл ішінде құрбан саны 1000 адамнан аспайтын мемлекеттер (халықаралық қарулы қақтығыс) немесе бір мемлекет ішіндегі қарсылас тараптар (ішкі қарулы қақтығыс) арасындағы қақтығыс.



## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тушканов Г. Н., К вопросу о родовой подчинённости понятий «вооружённый конфликт», «военный конфликт» и «война». Материалы III Всероссийского социологического конгресса. – М.: Институт социологии РАН, Российское общество социологов, 2008.
2. Першиц А. И., Семенов Ю. И., Шнилерман В. А. Война и мир в ранней истории человечества: В 2 т. / Институт этнологии и антропологии РАН. – М., 1994. – Т. 1. – С. 56.
3. <http://www.pcg.uu.se/>
4. Бухарбаев Б., Қарулы қатығыстарды зерттеудегі негізгі әдістер // Формирование интеллектуальной нации в контексте имиджевого развития Республики Казахстан: Материалы международной научно-практической конференции, 24 мая 2010 года. – 343 б.
5. Harbom L., Wallensteen P. Armed Conflict, 1989-2006 // Journal of Peace Research. Vol. 44. – №5, 2007. – P. 623.
6. Human Security Report 2005: War and Peace in the 21st Century. – New York: Oxford University Press, 2005. – 26 б.
7. Женевские конвенции от 12 августа 1949 года и Дополнительные протоколы к ним. – 2-е изд., испр. – М.: Международный Комитет Красного Креста, 2001. – 256 с.
8. Eck K., Hultman L. One-sided violence against civilians in war: insights from new fatality data // Journal of Peace Research. Vol. 44. – №2. – March 2007. – P. 233–246.
9. Захаров В. М., Федосеев С. Г. Внутренние вооруженные конфликты XXI века: Научное издание. – Щучинск: Национальный университет обороны, 2004. – С. 14.

# Саяси жаңару аясындағы Қазақстан азаматтарының саяси қатысу мәселесі

**Гүлшат НҰРЫМБЕТОВА,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
теориялық-қолданбалы  
саясаттану және әлеуметтану  
кафедрасының профессоры,  
саяси ғылымдарының докторы

# Е

ліміздегі XX ғ. 90 жж. түбегейлі өзгерістерден кейін азаматтардың саяси өмірге қатысу мәселесіне деген көзқарас өзгерді. Бір жағынан, азаматтардың саяси қатысуы, саяси белсенділігі арқасында еліміздегі жаңару үдерістері жүзеге асырылса, екінші жағынан жаңару азаматтардың саяси қатысуына мүмкіндіктер жасады.

1991 ж. 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Декларацияда «...халық – егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары негізінде тікелей де, сондай-ақ өзі сайлайтын мемлекеттік органдар арқылы да мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асырады» – деп көрсетілген [1]. Демек Қазақстанның егеменді, тәуелсіз мемлекет болып жариялануы билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың тіптен жаңа сапада қалыптасуына негіз болды. Сонымен бірге, Декларацияда азаматтардың ұлтына, ұстайтын дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, әлеуметтік және мүлкітік жағдайына, шұғылданатын қызметіне, тұрғылықты орнына қарамастан құқтары мен міндеттерінің бірдей болатындығы көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген белгілер бойынша азаматтар арасында алауашылықтың болмайтындығы заңмен бекітілді.

Мінеки, осы Декларацияда халықтың егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі ретінде мойындалуы,



оның еліміздегі жанартулар бастауында тұруының заңдық негіз болды. Сөйтіп мемлекет тағдыры халықтың өз қолына көшті. Әрине, 70 жылдан аса темір құрсауда, жабық саясат жағдайында өмір сүрген, санасына «кеңес азаматтығы» сіңірілген қазақ халқы үшін өз жолын таңдау оңайға түскен жоқ. Бұлыңғыр да бұлтты күндерден ада-спай жол табу оңай болған жоқ. Себебі, кеңестік жүйеден бас тар-тылып бірте-бірте демократиялық даму жолы күрделі де, қарама-қайшылықтарға тола еді.

1993 ж. Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Дәл осы 1993 ж. қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың саяси өмірге қатысу құқы нақтыланған. Конституцияда саяси өмірге азаматтардың ұйымдасқан түрде, тікелей өз еркін білдіру және өз өкілдері арқылы қатысу жол-дары көрсетілген. Республика азаматтарының мемлекеттік істерді басқаруға, мемлекеттік және жергілікті маңызы бар заңдар мен шешімдерді талқылауға, қабылдауға тікелей де, өз өкілдері арқылы да қатысу құқы берілген.

Сонымен бірге, ортақ мүддеге негізделген қоғамдық бірлестіктер құру арқылы азаматтарға ұйымдасқан түрде өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру құқы берілген. Конституцияда «Қоғамдық бірлестіктерге» арналған тарауда саяси партия-лар, бұқаралық қозғалыстар, кәсіптік, шығармашылық одақтар, азаматтардың діни және басқа бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер ретінде танылған. Бұл саяси үрдіске саяси партиялармен қатар басқа ұйымдардың да қатысуына мүмкіндік берді. Саяси партиялардың құқықтық мәртебесі түбірімен өзгеріп, саяси партиялар қоғамдық бірлестіктердің бір түрі ретінде қарастырылды.

Азаматтардың саяси өмірге қатысуының тағы бір жолы бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрация-лар бостандығына кепілдіктің берілуі де маңызды. Себебі, КазССР 1978 ж. Конституциясының 48-бабында да азаматтардың жиналы-стар, митингілер өткізу, көшеде шеру тарту және демонстрация бостандығына кепілдік берілген. Бірақ бұл социалистік құрылысты нығайтып, дамыту мақсатына қызмет жасауы керек болатын. Кеңестік дәуірде азаматтардың 1 мамыр еңбекшілердің ынтымақтастығы, 7 қараша социалистік революцияның жеңіске жеткенін тойлау сияқты ресми демонстрацияларға қатысуы міндеттелді. Яғни азаматтардың бостандығы олардың міндетіне айналды. Сондықтан да шеруге, жиналыстарға қатысуды өз бостандықтарын жүзеге асыру ретінде емес әдет, міндет ретінде қабылдап үйренген азаматтар үшін

демократиялық сипаттағы қатысу формаларына мүмкіндік берілуі жағдайды түбірімен өзгертті. Сонымен бірге, елімізде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалға байланысты халықтың митингіге, шерулерге шығуының жиілеуі де бұл мәселені заңдық-құқықтық реттеуді қажетсінді.

Азаматтардың саяси өмірге қатысуын заңдық-құқықтық реттеудің келесі кезеңі 1995 жылмен байланысты, әрі бұл кезеңді шешуші кезең деуімізге болады. Себебі, дәл осы 1995 ж. 17 наурызда «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» заң, 25 наурызда «Республикандық референдум туралы» Конституциялық заң күші бар Президент жарлығы, кейін 2 қарашадан Конституциялық заң, 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы, 28 қыркүйекте «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Конституциялық заң, «Жергілікті өкілетті және атқарушы билік тура-лы», 26 желтоқсанда «Мемлекеттік қызмет туралы» Конституциялық заң күші бар Президент жарлығы, кейін 1999 жылы 23 шілдеден Конституциялық заң, 16 қазанда «Парламент және оның депутаттары мәртебесі туралы» Конституциялық заң қабылданған.

Сонымен 1995 ж. қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы осы Қазақстан азаматтарының белсенділігінің нәтижесі деуімізге болады. Себебі, Конституция жобасын талқылау мен оны Республикалық референдумда қабылдау барысындағы, көрсетілген белсенділік нәтижелерінен көруімізге болады. Нақ осы Конституцияны дайындауға қатысу арқылы Қазақстан азаматтары өздері қандай мемлекетте, қандай басқару жүйесінде өмір сүргілері келетіндігін анықтады, оған дауыс беру арқылы өз таңдауларын білдірді. Кезінде американдықтарды ерікті, гүлденген елді құруға жетелеген «Американдық арман» болса, енді көп ұлтты, көп дінді Қазақстанды «Қазақстандық арманды» іс жүзіне асыруға толық мүмкіндік туды.

Мұның бірден-бір дәлелі Конституция бойынша Республика мем-лекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдум немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешуі болып табылады. Сонымен, 1995 ж. Конституция ерекшелігі одан арнайы «Қоғамдық бірлестіктер», «Саяси құқықтар мен бостандықтар» т.б. бөлім атауларының алынып тасталуы. Бұл қоғамдағы біржақты саясиленудан бас тартуды білдірді.

Азаматтардың саяси өмірге қатысу мүмкіндігінің кеңеюін Конституциядағы идеологиялық және саяси әр алуандылықтың та-нылуынан көреміз. Жаңа Конституциядан «партиялар азаматтардың



саяси ерік-жігерін қалыптастыруға және оны білдіруіне жәрдемдеседі» – деген саяси партияларға арналған бап алынып тасталды. Бұл саяси партиялар үстемдігінен арылу, азаматтық қоғамға өту жолындағы талпыныс дер едік. Себебі, азаматтардың бірлесу бостандығы сақтала отырып, саяси партиялар мен басқадай қоғамдық бірлестіктер мәртебесі теңестірілді.

Конституциядағы сайлау құқы Республика азаматтарының сайлауларға өз еркімен және ашық қатысуына кепілдік береді. Қазақстан Республикасының конституциялық заңына сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау негізінде Президент, Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттары сайланады. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Азаматтардың саяси өмірге қатысуының басты жолдарының бірі – сайлау құқы Конституциямен, «Сайлау құқы туралы» Конституциялық заңмен қамтамасыз етіледі. Қазақстан азаматтары тегіне, әлеуметтік және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне қарамастан сайлауда дауыс беруге құқығы бар. Мұның маңызы зор, себебі алаушылықтың болмауы, барлық азаматтардың теңдігін қамтамасыз етеді. Он сегізге толған әрбір азамат Республика Президентін, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарының депутаттарын сайлауға қатысуға құқылы. Сонымен бірге, Қазақстан азаматтарының сайлауға қатысу құқысымен қатар сайлану, яғни өз кандидатурасын Республика Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, соның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидат ретінде ұсынуға құқылы.

Конституция бойынша сөз бен шығармашылық еркіндікке кепілдіктің берілуі, еркін ақпарат ала алуы мен оны тарату құқысының болуы әрбір азаматтың саяси өмірге дербес қатысуына жағдай жасады. 1993 ж. Конституция бойынша сөз еркіндігі айтылғанмен, шығармашылық еркіндігі туралы сөз болған емес еді. Сондықтан, 1995 ж. Конституция еліміздегі саяси жаңару субъектісін қалыптастыруға толық мүмкіндік берді.

Республика азаматтарының саяси қатысу құқықтары мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқылығымен толықтырылған. Басқару органдарына жеке және ұжымдық өтініштер жолдау құқы республика азаматтарына билік пен қоғам арасындағы байланысты тереңдетуге мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, азаматтардың билік органдарын қалыптастыруға қатысу мүмкіндігі мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысу құқы арқылы кеңейтілген.

Бұл құқықты 1995 ж. 2 қарашада қабылданған «Республикандық референдум туралы» конституциялық заң нақтылай түсті [2]. Республикалық референдумның талқысына Конституцияны, конституциялық заңдарды қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өмірінің маңызды мәселелерін шешу қойылады. Республикандық референдумды тағайындау құқығы Қазақстан Республикасының Президентінде, сонымен бірге референдумды тағайындау бастамшылдығы Парламент, Үкіметпен қатар сан жағынан Республиканың барлық облыстарын, астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларын тең мөлшерде білдіретін республикалық референдумға қатысу құқығы бар екі жүз мыңнан кем емес Республика азаматтарында. Яғни өкілетті және ресми билік органдарынан бөлек республика азаматтарының референдумды тағайындау туралы ұсыныспен шыға алу құқы бар. Тәуелсіздік алған уақыттан бері екі республикалық референдум шақырылды, бірі – Президент өкілеттілігін ұзарту туралы, ал екіншісі – Қазақстан Республикасы Конституциясын қабылдау туралы. Референдум халықтық бастамаға негізделуге тиіс, әрі тікелей халық еркін білдірудің бірден-бір жолы. Соның тағы бір көрінісі – 2010 жылы 23 желтоқсандағы президенттік сайлау өткізу туралы халықтық бастама. Референдумның өтпегеніне қарамастан, бұл Қазақстандағы демократия салтанаты деуімізге толық негіз бар.

90 жылдардың басында еліміздегі хал-ахуалдың нашарлауы, инфляция, жекешелендіру салдарлары халық арасында қатысудың қарсылық көрсету формасында да дамуына себепкер болды. Сондықтан 1993 ж. Конституцияда Республика азаматтарының бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар бостандығына берілген кепілдік одан әрі жетілдіруді қажетсінді. Жиналыста ашық, жария сөйлеуге еркіншілік хақы кезінде Алаш партиясының бағдарламасында адамдардың негізгі құқықтардың бірі ретінде көрсетілген[3]. Осы бағыттағы маңызды қадам 1995 ж. 17 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы заң болды [4]. Заңға сәйкес жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялармен



қатар қоғамдық орындарда аштық жариялау, киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыстар тұрғызу және пикет қою қарсылық білдіру нысандар ретінде мойындалуы үлкен жетістік дейміз. Бұл азаматтарға өз қарсылықтарын, көңіл толмаушылықтарын нақты іс-шаралар (шатырлар, пикет қою т.б.) арқылы көрсетуге мүмкіндік берді. Әрі бейбіт жиналыстар мен шерулерден гөрі, қарсылық көрсетудің аштық жариялау, шатырлар тұрғызу және пикет қою формасында жүзеге асырылуы тиімдірек.

1995 ж. Конституция азаматтардың бейбіт жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізу құқын тосқауылдарға тұру құқығымен толықтырып, әрі олардың қарусыз өткізілуін ескерткен. Бірақ шеру, демонстрациялар, митингілерді өткізу мақсатында жергілікті атқарушы органның рұқсат алу процедурасы, біздің ойымызша, оны ұйымдастырушылар үшін белгілі бір деңгейде кедергілер туындайды. Мысалы, ұйымдастырушылар туралы толық мәліметті (тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын жері және жұмыс істейтін (оқитын) жері) талап ету.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша азаматтардың бірлесу бостандығына, яғни қоғамдық бірлестіктерге бірігу құқығы бар екендігі айтылды. Енді осы құқты жүзеге асыру барысында 1996 ж. қабылданған «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және «Саяси партиялар туралы» заңдардың маңызы өте зор. Қазақстан азаматтарының саяси өмірге қатысуын заңдық-құқықтық реттеудегі келесі кезең осы заңдармен байланысты.

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 ж. қабылданған заң бойынша Қазақстан азаматтары саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту; кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны қорғау; қайырымдылық қызметке қатысу; мәдени-ағарту, спорт-сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау; патриоттық, құқықтық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту мақсатында қоғамдық бірлестіктерге біріге алады [5].

Қоғамдық бірлестіктердің заң алдында тең болуы, ал өз қызметінде мүшелерінің еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, заңдылық, есептілік және жариялылық принциптерін басшылыққа алуы азаматтардың өз құқықтарын толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қоғамдық бірлестік қызметіне қатысуға, оған мүше болуға

азаматтар міндетті емес. Сонымен қатар, өздерінің қоғамдық бірлестік мүшесі екенін көрсету немесе көрсетпеуде де азаматтар ерікті. Демек қоғамдық бірлестіктегі қызметі үшін немесе одан бас тартқаны үшін қудалауға, алалаушылыққа ұшырамайды. Бұл демократиялық саясат белгісінің бірден-бір көрінісі деуімізге болады. Себебі, әлемде әлі күнге дейін нақты бір партияның мүшесі болуын, оның жарлығын орындауды міндеттейтін саяси тәртіптер сақталып отыр. Саяси партиялар жанындағы жастардың қоғамдық бірлестіктеріне он алты жасқа толған азаматтар мүше бола алады.

Қазақстан азаматтарының саяси құқының жүзеге асырылуының тағы бір жолы – саяси партияларға біріге алуы. Қазақстан Республикасының 1996 ж. «Саяси партиялар туралы» заңында «мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру ісіне өз өкілдері арқылы қатысу жолымен өздерінің саяси еркін анықтауға және білдіруге жәрдемдесетін ерікті бірлестігі саяси партия» – деп танылған [6]. Қазақстан Республикасының жасы 18 толған азаматы, кәсібіне, әлеуметтік, нәсілдік, рулық, ұлттық немесе діни белгілеріне, жыныстық және мүлкітік жағдайына қарамастан саяси партияның мүшесі бола алады. Саяси партия туралы заң бойынша партияға мүше болу азамат құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз бола алмайды. Яғни әрбір азамат қандай саяси партияға мүше болам десе де ерікті, әрі өзі жеке жүзеге асыруға құқылы. Сонымен бірге, әркім өзінің қандай саяси партияға мүше екенін көрсету немесе көрсетпеуде ерікті.

1999 жылдан Қазақстан азаматтарының саяси құқы мен бостандығын қамтамасыз ету жана деңгейге көтерілді. Қазақстанның әйелдердің саяси құқы және ассоциациялар еркіндігі мен ұйымдасу құқығын қорғау туралы халықаралық Конвенцияларды мойындауы, соған сәйкес 1999 ж. 30 желтоқсанда «Әйелдердің саяси құқы туралы Конвенцияға Қазақстанның қосылуы туралы», «Қазақстан Республикасының 1948 ж. ассоциациялар еркіндігі мен ұйымдасу құқығын қорғау туралы Конвенцияны ратификациялау жөнінде» заңдардың қабылдануы маңызды қадам болды. Ал 2004 ж. Қазақстан Республикасы «Азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету туралы» халықаралық конвенцияға қол қойды.

Қазақстан Республикасының 2002 ж. «Саяси партиялар туралы» заңы бұрынғы заңның негізгі қағидаларын сақтай отырып, кейбір жағдайларға өзгерістер енгізді. Саяси партия ұғымы қайта қаралды. Енді саяси партияның мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асыру ісіне өз өкілдері арқылы қатысу жолымен азаматтардың саяси еркін білдіретіндігі туралы анықтама алынып тасталған. «Саяси партия-



лар туралы» жаңа заң бойынша «азаматтардың, әртүрлі әлеуметтік топтардың өз мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілді және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында білдіру және оларды қалыптастыру ісіне қатысу мақсатында олардың саяси еркін биліретін Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті бірлестігі саяси партия деп танылған» [7]. Бұл демократиялық көппартиялық қоғамның объективті шындығын көрсетеді. Себебі, көппартиялық жүйеде саяси партиялардың барлығы бірдей өз өкілдері арқылы мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатыса алмайды. Саяси партияларды құру, оны мемлекеттік тіркеуден өткізу мәселесінде де көптеген өзгерістер енгізілді. Кезінде саяси пікір-таластар тудырып, әртүрлі көзқарастар қалыптастырған бұл өзгерістер іс-жүзінде де көптеген келеңсіздіктер туындағты. Бірақ уақыттың өзі өзгерістердің асығыс қабылданғанын дәлелдеді.

2007 жыл тәуелсіз Қазақстан тарихында саяси жаңару жылы, әрі Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ төрағалық ету туралы шешімінің қабылданған тарихи жыл екенін де айтып кетуіміз қажет. Себебі, осы шешім еліміздегі демократиялық үдерістерді одан әрі тереңдетіп дамытуды қажет етті. Сондықтан 2009 жылы «Саяси партиялар туралы» заң мен «Сайлау туралы» Конституциялық заңға түзетулер енгізілді. Осы орайда, Саяси партиялар туралы заңға 2009 жылы 6 ақпанда енгізілген кейбір түзетулер мен толықтыруларға тоқтала кетелік. Себебі, бұл өзгерістер мақсаты Саяси партиялар туралы заңды либералдандыру болды.

Саяси партияны құру туралы 5 тармақшадан тұратын 6-бап құрамы 10 тармақшаға дейін кеңейтілді. Нақтылар болсақ, саяси партияны құру үшін құрамында кемінде он адам болатын ұйымдастыру комитетін құру, оны тіркеуден өткізу міндеттелді. Келесі өзгеріс партияны мемлекеттік тіркеу үшін қажетті 50 000 партия мүшесі 40 000 дейін кемітіліп, соған сәйкес талап етілетін партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қала мен астанада кемінде 700 партия мүшесінің болуы 600 мүшеге дейін төмендетілді. Бұл сандардың өзгеруі саяси партияларды құруды белгілі бір деңгейде жеңілдетуі тиіс.

Қазақстан азаматтарының саяси құқы мен бостандығын жүзеге асыруды заңдық-құқықтық қамтамасыз етуде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңға 1998 ж., 2004 ж., 2005 ж., 2009 ж., 2011 ж. енгізілген толықтырулар мен өзгерістер де маңызды рөл атқарды. Соның ішінде, сайлау комиссияларының қызметіндегі жариялылық, Қазақстан Республикасының саяси партиялары,

өзге де қоғамдық бірлестіктері, коммерциялық емес ұйымдары байқаушылары туралы баптардың енгізілуі азаматтардың сайлау үдерісіне кеңінен қатысуына мүмкіндік берді.

Қорытындылар болсақ, Қазақстан Республикасында азаматтардың саяси өмірге қатысуының институционалдық негізі қалыптасқан. Қазақстан азаматтары өздерінің саяси өмірге қатысуын референдум шақыру, сайлауда дауыс беру және сайлану құқығы арқылы, қоғамдық ұйымдарға және саяси партияларға бірігу құқығы арқылы ұйымдасқан түрде жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, саяси ортаның саяси билікпен байланыс орнатуының бір жол ретінде бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру да дамуда.

Қазақстан егеменді мемлекет ретінде, өзін демократиялық, зайырлық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялай отырып, халықаралық қауымдастыққа, 1992 жылдан БҰҰ мүшесі, әрі ЕҚЫҰ қатысушы мемлекет ретінде еліміздегі адамдардың саяси өмірге қатысу құқын жүзеге асыруда жоғарыда көрсетілген заңдардағы негізгі принциптер мен ережелерді сақтап ғана қоймай, оны уақыт талабына сай жетілдіру арқылы жағдай жасауда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан: мемлекеттік кезеңдері. Конституциялық актілер / Құрастырған Ж. Бөйішев. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 496 бет. Республикалық референдум туралы // <http://adilet.minjust.kz>
2. Алаш партиясы программасының жобасы // Қазақстан: мемлекеттік кезеңдері. Конституциялық актілер / Құрастырған Ж. Бөйішев. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 496 бет.
3. Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы 1995 ж. 17 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңы // <http://adilet.minjust.kz>
4. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңы // <http://adilet.minjust.kz>
5. Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» заңы // Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл. (Заң актілерінің жинағы). – 10 лет независимости Республики Казахстан. (Сборник законодательных актов). – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 760 бет.
6. Қазақстан Республикасының Саяси партиялар туралы заңы // <http://adilet.minjust.kz>



## Қазіргі қоғамдағы саяси консалтингтің орны

**Мұрат НАСИМОВ,**

Қызылорда «Болашақ» университеті  
Педагогика факультетінің деканы,  
саяси ғылымдарының кандидаты;

**Ботагөз ПАРИДИНОВА,**

Қызылорда «Болашақ» университетінің  
аға оқытушысы, философия магистрі;

**Қайнар ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ,**

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
саясаттану және әлеуметтік-философиялық  
пәндер кафедрасының PhD докторанты

**К**

онсалтинг (ағыл. consulting) ұғымының аудармасы кеңес беру, ақылы кеңес беру дегенді білдіреді. Жалпы бұл кез келген құбылыстың ұйымдастырушылық дамуы мен басқару салаларының күрделі мәселелерін шешуге бағытталған интеллектуалды шара. Сонымен қатар, кеңес берушілік және тәжірибелік қызметтердің кең дәрежелі кешені, сараптамалық, техникалық және экономикалық мәселелер бойынша арнайы кеңес беру қызметі. Көптеген жағдайда кеңес беру мекемелері нарықты зерттеу мен болжау қызметімен (тауарлар, қимылдар, лицензиялар, ноу-хау); кез келген операцияларды қамтамасыз етуге тауарлық-саяси шарттарды бағалаумен; түрлі маркетингтік бағдарламаларды дайындау және өткізумен айналысады.

Жалпы бұл ұғым XX ғасырларда батыстан енгендіктен, оның консультация түсінігі баршамызға баяғыдан белгілі. Мәселен, С.И. Ожеговтың «Орыс тілінің сөздігі» еңбегінде: «1. Кез келген іс жөніндегі мамандардың кеңесуі. 2. Мамандарға берілетін кеңес. 3. Осындай кеңес беретін ұйым. 4. Оқушыларға пәнді игеруге беретін ұстаздың көмегі» [1], – деп жазылған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «1. Белгілі бір мәселеге байланысты мамандардың жиналысы. 2. Белгілі бір маманның тарапынан берілетін кеңес. 3. Кеңес беретін мекеме. 4. Тақырыпты ұғындыру үшін мұғалімнің оқушыға көмек көрсетуі» [2], – деп жазылған.

Үлкен Совет Энциклопедиясында «консультация» деп көрсетіліп, оның оқу, медициналық, құқықтық түрлерінің бар екендігі баяндалады [3] және Қазақ Совет Энциклопедиясы Бас редакциясының ұсынған төмендегідей анықтамалары сәйкес келеді: «Консультация (лат. consultatio, consulto – кеңесемін, талқылаймын, қамқоршы боламын) 1) қандай болмасын бір мәселе жөніндегі маманның кеңесі, оқытушылардың оқушыларға, студенттерге емтиханға дайындық кезіндегі көмегі; 2) бір мәселе бойынша мамандар кеңесі; 3) белгілі практикалық мәселе жөнінен мамандар кеңесі арқылы халыққа көмек беретін мекеме» [4].

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында бұл ұғым консалтинг (ағыл. consult – кеңесу, кеңес құру, назар аудару) деп беріледі және мынадай анықтама ұсынылады: «шаруашылықты басқарушыларға және түрлі ұйымдардың басқарушы қызметкерлеріне кәсіби көмек көрсету, кеңес беру, оқыту» [5].

Бұл терминге қатысты өзге де анықтамаларға тоқталсақ. Консалтинг – нарықта тауарларды болжау, қызмет және инновацияны зерттеу, фирманы тізімдеу және жасау, сыртқы экономикалық байланыс, қаржы, сатып алушыларға кең көлемдегі экономика төңірегіндегі сұрақтары, сатушылар, өндірушілерге қорытындылаушы кеңес беру жөніндегі серіктестіктің жұмысы. Кеңес беру жұмыс көрінісінде жекелеген маманданған консалтингтік фирма болуы мүмкін. Жаңа мекемені құрғанда, құрушы құжат пакеттерін дайындауда консалтинг құрылуы көмегінің болуы [6].

Экономика және басқару бойынша кеңес берушілердің Европалық ассоциация федерациясының ұсынысы бойынша: «Басқару мәселелеріне қатысты тәуелсіз кеңес пен көмек беру, оны орындау жөніндегі мүмкіндіктерді айқындау мен бағалаудағы жоғарғы санатты мамандардың ұсынысы» [7].

Ресейлік В.М. Попов секілді т.б. авторлар пікірінше: «Клиенттің мәселесі мен берілген саланың ғылыми-техникалық және ұйымдастырушылық-экономикалық инновациялары ескерілген даму басымдықтары айқындаған сараптамаларды негізгі міндет деп санаған интеллектуалды қызметтің түрі» [8].

Ал басқарушылық кеңес беруде оны: «Жаңа экономикалық шарттардағы басқарушылық кеңес беру барысында (1) кеңесші тапсырысшымен тәжірибе алмасуда оны өзі үшін сақтағанға қарағанда; (2) клиент мүмкіндігін қарап міндеттерді шешуге белсенді түрде қатысып; (3) қос тарап берілген міндеттерді шешуде күші-жігерлерін аямай, бұл шарадан құнды тәжірибе иеленеді» [9], – деп атап көрсетеді.



Сонымен қатар, Питер Блоктың мына пікірімен толықтай келісеміз: «Сіз кез келген жағдайда өзгерту немесе жақсартуға бағытталған қызметті кеңес бергенмен, оның орындалуын басқармаймыз... Көптеген штаттағы қызметкерлер шын мәнінде кеңес берушілер болып табылғанымен, олар өздерін ресми түрде кеңесшілер деп атамайды» [9, 16].

Жалпы консалтинг келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- сараптамалық қызмет;
- болжам;
- клиент қызметін тексеру;
- клиент қызметінің жұмыстарына қатысу (стратегиялық жоспарлар, мәселелер жиынтығын шешу, ақпараттық жүйелерді дайындау және енгізу т.б.).

Сондықтан кеңес беру қызметінің мынадай кең тараған түрлері бар:

- салық салу мен заң қызметі салалары бойынша кеңес беру;
- аудит, бухгалтерлік есеп, тексеру қызметі;
- басқару саласындағы кеңес беру;
- IT – консалтинг;
- саяси консалтинг.

Саяси консалтинг саласының негізгі бағыттары ретінде билік жүргізуге қатысты жоспарлау, ұйымдастыру және оны өткізу жұмыстары болып табылады. Бұл саяси жобаларды дайындау мен үйлестірудің кезеңдік кеңес беруді зерттейтін ғылым саласы.

«Саяси консалтинг» ұғымы бізге батыс саяси ғылымдарынан еніп, бір жақты түсіндірмесі ұсынылмаса да, Қазақстан Республикасының саяси тәжірибесінде белсенді түрде пайдаланылады.

Қазақстанның саясаттанулық сөздігі бойынша: «саяси консалтинг – прагматикалық және технологиялық түрде ықпал ететін өзіндік технологиялық және тәртіптік жүйесі бар өндіріс» [10], – деп айтылған. Американдық маман Д. Ниммо пікірінше, бұл түсінік сайлау науқанын ұйымдастырумен өзара байланысты. Саяси процестің технологиялық орындалуының сахналық көрінісі көпшілік бағдарламалар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы суреттелетін барлық іс-шаралардың жиынтығын құрайды. Бірақ осы саясаткерлер қимылдарын ұйымдастырумен қазіргі заманғы саяси технологияларды игерген дарынды, зерделі кеңес берушілердің ұйымдастырушылық қызметімен байланысты [11].

Өткен ғасырдың соңындағы Ресейлік ғалым О.А. Метвейчевтің пайымдауынша, саяси кеңесші халық пен саясаткер арасындағы

көмекші. Көп жағдайда ол саясаткерді халықтың қабылдауына қарай бейнесін жасайды.

Ресейлік ғалымдар А.П. Ситников пен Е.Г. Морозова саяси кеңес беру ұғымына төмендегідей сипаттама береді: «Әр наукандық ақпараттың, үгіт-насихаттың, доктриналардың қызметі негізінде жүзеге асырылатын жоғары технологияларды саяси науқандарды интеллектуалды және ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің кәсіби қызметі», – деп көрсетеді [12].

Саяси менеджментті зерттеуші танымал Ресей ғалымы Г.В. Пушкарева саяси кеңес беруді «саясаткерлердің нақты саяси міндеттерді шешуде тәжірибелі көмек берудің процесі», – деп түсінеді [13].

Ал В.Э. Гончаров саяси консалтингті сайлау науқаны технологиялары салаларындағы ақы төленетін қызмет түрі ретінде қарастырады [14].

Сондықтан саяси консалтингтің негізгі қызметтері:

- белгілі бір саяси құбылыстарды айқындайтын әлеуметтік зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу;
- әлеуметтік-саяси жағдайлар диагностикасы;
- нақты әлеуметтік-демографиялық топтар өкілдерінің құндылық ұстанымдарының ерекшеліктерін зерттеу;
- түрлі мониторингтерді ұйымдастыру мен өткізу;
- сайлауалды науқанды ұйымдастыру және өткізу;
- сайлауалды жағдайға сараптама;
- кандидаттың сайлау науқанының стратегиясын дайындау;
- сайлау штабын құру, қызметін қалыптастыру және аймақтық штаб жүйесі жөнінде кеңес беру;
- бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмысты ұйымдастыру;
- үгіт-насихат, ақпараттық және жарнамалық материалдарды дайындау;
- кандидат имиджін қалыптастыру жұмысына кеңес беру;
- кандидаттарды сайлаушылармен кездесу шарасын ұйымдастыру;
- арнайы жобалар бойынша жұмыс (контрпропаганда, өсек жүйесі, дезинформация, event-шара - дайындау және өткізу).

Осы себептерге байланысты, саяси консалтингтің негізгі жұмыс тәртібі мыналар деп атап көрсетеміз:

- саяси міндеттерді шешуге бағытталған ұсыныстарды дайындау;
- көпшілік имиджін алға жылжыту;
- репутациялық консалтинг;



- тапсырыс берушінің апараты негізіндегі баяндамалар, есептер мен бағдарламаларды дайындау;
- белгілі бір ұйымның бағдарламасы мен идеологиясын дайындау;
- тұрғындармен тиімді үгіт-насихат жұмыстары әдістері;
- саясаткер, кандидат, партияның имиджіне психологиялық сараптама мен жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- саяси бәсекелестер имиджіне салыстырмалы сараптама;
- электоратқа ықпал етудің психологиялық тәсілдеріне сараптама;
- бәсекелестердің үгіт-насихат науқандарына қарама-қайшы әдістер, деструктивті саяси технологияларды жою;
- бұқаралық саяси акцияларды өткізу ерекшеліктері;
- жеке әлеуметтік категориялармен (жастар, зейнеткерлер және т.б.) жұмыс жүргізу ерекшеліктері;
- мақсатты аудиторияның негативті ұстанымдары мен стереотиптерін жөну жүйесін дайындау;
- БАҚ, партиялық бағдарламалар мен басқа материалдар мәтіндерін арнайы зерттеу;
- саяси баяндамалар мәтіндерін дайындау және психологиялық сараптама, спичрайтинг.
- саяси ұстаным технологиялары;
- сайлау науқанының менеджменті;
- ақпараттық қауіпсіздік ұйымдастыру;
- сараптамалық материалдарды дайындау;
- саясаткерлер мен саяси құрылымдарды ақпараттық-сараптамалық қолдау;
- ұзақмерзімді имидждік бағдарламаларды дайындау және енгізу.

Қазақстан Республикасы саяси консалтингі нарығының негізгі басымдығы ретінде саяси процестер мазмұнын терең талдау, саясаттағы негізгі ойыншылар қимылдарын модельдеу мүмкіндігі, оқиғаның дамуын болжау болып табылады.

Біздің ойымызша, аталған тұжырымдар осы құбылыстың түрлі сипаттамалық феноменін айқындайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ожегов С.И. Словарь русского языка // Под общей редакцией академика С.П. Обнорского. – 2-е издание, исправленное и дополненное. – М., 1952. – С. 255.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1980. – 5 т. – 73 б.
3. Большая Советская Энциклопедия (В 30 томах) / Главный редактор А.М. Прохоров. – Изд. 3-е. – М.: Советская Энциклопедия, 1973. – Т. 13. – С. 58.
4. Қазақ Совет Энциклопедиясы / Бас редакторы М.Қ. Қаратаев. – Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1974. – 5 т. – 571 б.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – 4 т. – 634 б.
6. Орысша-қазақша қазіргі уақыттағы экономикалық түсіндірме сөздік (2100 жалпыға өйгілі сөздер) / Құраст. К.Ж. Оразалин, М.М. Жантасов. – Алматы: LEM, 2001. – 156–157 бб.
7. Клэрин М.В. Корпоративный тренинг от А до Я. – М.: Дело, 2002. – С. 99.
8. Попов В.М., Ляпунов С.И., Филиппов В.В., Медведев Г.В. Современные бизнес-технологии. – М.: КноРус, 2006. – С. 91.
9. Управление консалтингом: нововведения: Индивид в организации / Отв. ред. А.И. Пригожин. – М., 1990. – С. 10.
10. Казахстанская политологическая энциклопедия / Главный редактор Т.Т. Мустафин. – Алматы, 1998. – С. 275.
11. Nimmo D. The Political Persuaders: the techniques of modern election campaigns // Transaction publishers. New Brunswick, New Jersey, 1999. – P. 66.
12. Справочник по политическому консультированию // Под ред. проф. Д. Перлматтерг. – М., 2002. – С. 9.
13. Пушкарёва Г.В. Политический менеджмент. – М., 2002. – С. 366.
14. Гончаров В.Э. Политический консалтинг в России. Конец эпохи всемогущества // Политика. – №2, 1999. – С. 40.



# Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар ұғымын анықтау тұжырымдамаларының салыстырмалы талдауы

**Рустам МҰСА,**

Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың журналистика және саясаттану факультетінің студенті

Осы күні дүние жүзі елдерінде болып жатқан тым күрделі саяси оқиғалар, бірқатар мемлекеттерде саяси тәртіптер күйреп, орнына жаңа басқарушы топтардың келуін ескере келе заманауи әлемдік саяси процестің қауіп-қатерлер мен тәуекелдерге толы сипатта өтіп жатқандығын байқауға болады. Ал соның үстіне халықаралық қатынастардың ерекше шиеленісуі мен антропогендік факторларлар қысымының өсу салдарынан экологиялық апаттардың көбеюіне байланысты әлемдік ғылыми қауымдастық адамзат өркениетінің аса қауіпті жүйелі дағдарыс алдында тұрғандығын бір ауызбен мойындай келеді. Осыған орай, бүгінгі таңдағы заманауи адамзат қоғамын өзінің ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық даму сипатына байланысты бір мезетте қауіп-қатерлерді тудыратын, және тап осы қауіп-қатерлердің құрбаны бола алатын динамикалық жүйе сипатында екендігін айтуға толық негіз бар.

Тәуекелдер мен дағдарыстардың әрбір әлеуметтік жүйеге қатысты мұндай ажырамас ерекшелігі, оларды зерттеу мен ұғынудың тиісті қажеттілігін де тудырмақшы. Бұл мәселеге Батыс мемлекеттерінде, әсіресе АҚШ-та ерекше мән берілген, бүгінгі таңда мұнда көптеген ғылыми-зерттеу институттары жаһанды және аймақты саяси тәуекелдер мен дағдарыстардың жүйелі мониторингін өткізеді, оларды басқару мен реттеудің алуан түрлі модельдері мен технологияларын жасау үрдісінде. Алайда, біздің пікірімізше дағдарыстық

процесті басқарудың қолданбалы әдістемесі ең алдымен оған негіз бола алатын теориялық базаны құрудан басталуы керек. Бұл тұрғыда, адамзат тарихы дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі ғылым мектептерінің «саяси тәуекел», «саяси дағдарыс» ұғымдарына берілген түсініктерін анықтау, «саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды басқару» ұғымының қазіргі заманғы интерпретациясын бөліп көрсету және осы ұғымдардың саясаттанудағы өзге ұқсас түсініктермен арақатынасы мен айырмашылығын ажырату қажеттілігі аса ерекше өзектілікке ие болып отыр, әсіресе бұл мәселелердің заманауи шетелдік және отандық саяси ғылымда әлі де өз нақты жауабын табылмауына байланысты.

Бұл тұрғыда, жақын және алыс шетел мемлекеттерінде мерзімді жарияланып отыратын алуан түрлі еңбектер мен басылымдарда аталған мәселе ең кең көрініс тапқандығын айтып кеткендігі жөн. Саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды зерттеу көп жағдайда заманауи саяси ғылымның талабы бола тұрса да, оларды зерттеу тарихнамасы едәуір уақыт пен еңбектерді қамтиды. Біз, берілген ғылыми жұмыста, саяси тәуекелдер мен дағдарыстар жөнінен осы барлық еңбектер мен зерттеулерді барынша қарастыра келе, бір мақала шеңберінде оларды түгелімен қамту мүмкінсіздігіне байланысты біршама іріктеу жасаған болатынбыз. Бұл тұрғыда, саяси тәуекелдер мен дағдарыстардың қарқынды зерттелуіне әсіресе АҚШ пен Батыс Еуропа саясаттанулық мектебі қосқан үлесі орасан, мысал ретінде М. Реджестер, Дж. Ларкин, К.Ф. Херман, О.Р. Холсти, В. Коппин мен М.О. Лиридің еңбектері бола алады. Алайда, берілген зерттеуде саяси тәуекелдер мен дағдарыстар теориясын ашу мәселесі ресейлік зерттеушілер еңбектері негізінде жасалған болатын. Қазіргі заманғы ресейлік ғылымдардың саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды зерттеу мәселесіне қосқан үлесі де елеулі - тәуекелдер мен дағдарыстарды саяси шиеленістану тұрғысынан зерттеген А.В. Глухова, В.Г. Здравомыслов, Б.И. Краснов, О.А. Рыжов, М.И. Мунтян, қолданбалы әдістемесін қарастырған А.С. Ахременко мен А.Г. Грязнова, халықаралық қатынастар тұрғысынан С.Я. Лавреновтің пен М.М. Лебедеванің, жалпытеориялық мәселелермен айналысқан В.А. Барсамовтың еңбектері аса ерекше өзектілікке ие. Берілген зерттеуде біз, тәуекелдер мен дағдарыстарды өзге әлеуметтік ғылымдар шеңберінде қарастырған, бірақ саяси тәуекелдер мен дағдарыстар теориясының қалыптасуына едәуір ықпал еткен. А. Венгеров (синергетика мен тектология тұрғысынан), Ю. Яковец пен Э.М. Коротков (экономикалық дағдарыс контекстінде) зерттеулерін келтіріп кетуін



жөн көрдік. Алайда, баса назар соңғы жылдары Ресей Мемлекеттік Кітапханасында жарияланып отырған диссертациялық зерттеулерге бөлінген болатын, О.В. Петренко, О.В. Рогозян, Р.В. Панин, И.В. Джус, Н.Е. Григорьеваның зерттеулерінде жоғарыда аталған барлық авторлардың еңбектеріне терең талдау жасалынып, көптеген қызықты авторлық түсіндірмелер мен мәліметтер келтірілген. Дүние жүзі саяси ілімдер тарихының классиктері қалдырған мұрасы да ескеріліп, берілген мақалада саяси тәуекелдер мен дағдарыстар ұғымын анықтау мәселесі тарихи-әдіснамалық және салыстырмалы әдіс жолымен берілген.

#### *Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар теориясының генезисі мен эволюциясы*

Төңкеріс пен дағдарыс нәтижесінде мемлекеттердің күйреуі мен саяси билік пен саяси қатынастардағы дағдарыстық үдерістер жөнінен білімдердің жинақталуы саяси ілімдер тарихында антикалық заманнан бері басталған болатын. Мәселен, ежелгі гректердің өзінде, дағдарыс деп, белгілі бір қоғамды не сәтсіздік пен күйреуге, не жанару мен прогреске апаратын бұрылыс, қиылыс шегі түсінілді (грекше, дағдарыс – *krisis* – шешім, нәтиже, бұрылыс шегі). Бастапқыда бұл ұғым парсылармен соғыстағы елеулі бетбұрысқа қатысты қолданған болатын, кейін – полистің ішіндегі көсемдер мен топтар арасындағы күресті білдірді. Бірте-бірте демократиялық негіздегі қарсыласу тараптардың бейбіт диалогы мен ашық арбитражы жолымен шешілетін дағдарыстың реттеушілік рөлі жөнінен түсіндірмесі де қалыптасты [1, 18].

Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар теориясының генезисі мен эволюциясын көрсету үшін адамзат тарихы дамуының әдіснамалық негізі болып табылатын хронологиялық тәсілді қолданайық:

- Ежелгі дәуір – антикалық ғұламалардың соғыстар мен дағдарыстарды тудыратын себептер мен жағдайлар жөнінен алғашқы зерттеулері;
- Орта ғасыр – діни-теологиялық ойлау көзқарастардың басымдылығына байланысты саяси тәуекелдер мен дағдарыстар жөнінен ілімдердің тым қарама-қайшылықты сипатқа ие болуы;
- Жаңа заман – тәуекелдер мен дағдарыстар жөнінен нақты ғылыми теориялардың қалыптасуына байланысты, әлеуметтік-саяси ғылымдарда дағдарыстық ілімнің бөлінуі;
- Қазіргі заман – саяси тәуекелдер мен дағдарыстар жөнінен замануи концепциялардың жасалуы.

Бір ғылыми мақала шеңберінде саяси ілімдер тарихында дағдарыстар мен оларды тудыратын тәуекелдер мәселелерімен айналысқан барлық ғұламалардың идеялары мен концепцияларын келтіру мүмкінсіздігіне байланысты, олардың ішінен біздің пікірімізше әрі ең өзекті, әрі тәуекелдер мен дағдарыстардың саяси аспектісін барынша дамытуға ықпал еткен зерттеушілер мен олардың еңбектерін іріктеп көрсетудің жөн көрдік. Төменде келтірілген кесте жасалған іріктеменің нәтижелерін көрсетеді [1-кесте].

1-кесте. Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар теориясының генезисі мен эволюциясы

| Кезең         | Зерттеуші                             | Өмір сүрген жылдары            | Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар теориясының дамуына қосқан үлесі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---------------|---------------------------------------|--------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ежелгі дәуір  | Гесиод                                | б.з.д VIII–VII ғғ.             | Қоғам әлеуметтік-экономикалық регрессиялық-жиелілік дамуы мен анықталмағандық идеяларын, кездейсоқтық пен заңдылық түсініктерін біріктірудің универсалдылығына негізделген бұл ғұламаның медени-мифологиялық ілімінде адамзат тағдырындағы тәуекел мен қауіп қатерлер жөнінен алғашқы түсініктер кездеседі [2, 39].                                                                                                                                             |
|               | Демокрит                              | 440–370 жж.                    | Соғысқа апаратын өрбір дағдарыстық жағдай нақты бір себепке ие, ал оны анықтау үшін болып жатқан оқиғалардың табиғи байланысын тапқаны жөн. Дағдарыстар мен соғыстардың пайда болу себебі, оның пікірінше, халықтың мүлтік айырмашылығымен сипатталған өрбір мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайында жатыр. Тиісінше шектен асқан шиеленістер мен қақтығыстар құқықтық озбырлық пен кедей азаматтардың саны тым көп мемлекеттерде орын алады [3, 62–63]. |
| Орта ғасырлар | Аврелий Августин мен Франциско Суарес | 354–430 жж. және 1518–1617 жж. | Соғыстар мен дағдарыстарды тек қана адамдардың күнәһарлығы, төңірлік парыздарды бұзғандығы үшін келетін құдай өркінің жазасы деп қарастырмақшы еді. Діни дүниетанымдағы бұл авторлар антикалық замандағы тәуекелдің рациональді қабылдаушылықты да жоққа шығарып, қоғамдық дамудағы барлық сәттілік пен сорлылықты тек қана жазым мен тағдыр тұрғысынан ғана бағалады [3, 72].                                                                                  |



|               |                                |                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---------------|--------------------------------|----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жаңа заман    | Карл Маркс пен Фридрих Энгельс | 1818–1883 жж. және 1820–1895 жж. | Бұл ғалымдардың пікірі бойынша экономикалық қатынастар – қоғамдағы барлық өзгерістердің бастамасы, демек экономикалық дағдарыстар ерқашанда саяси дағдарыстардан бастапқы, кейін ғана олар саяси сипатқа ие болады [1, 165].                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Қазіргі заман | Николай Кондратьев             | 1892–1938 жж.                    | Дағдарыстардың жиілігі мен қайталаушылық тұжырымын ашқан бұл ресей халқының ұлы экономист-ғалымның пікірінше, әрбір экономикалық процесс (сондай-ақ саяси жүйе де) келесі кезеңдермен дамиды: өрлеу – дағдарыс – стагнация – өрлеу. Кондратьев бойынша әрбір дағдарыстың (соның ішінде саяси дағдарыстың) даму барысы дәл сондай жиілікте болады, яғни ол бірде өршіп, бірде басылу сипатында өтеді. Біздің зерттеуімізге қатысты бұл тұжырымымың маңызы өте зор, Кондратьев теориясына мысал ретінде ұзақ жылдар бойы әр түрлі асқындау жиілігімен өтіп жатқан араб-израиль соғысы бола алады [1, 27].                                                                                                                 |
|               | Анатолий Венгеров              | 1928–1998 жж.                    | Бұл зерттеушінің пікірінше, саяси дағдарыстарға көп жағдайда экономикалық дағдарыстар бастама береді. Осыған байланысты Венгеров, қаржы-экономикалық дағдарыстан шығу жолында ең алдымен саяси салаға баса көңіл аудару қажеттігіне үндейді. Бұл тұжырымға мысал ретінде ірі саяси басқару дағдарысын тудырған 1998 жылғы Ресейдегі экономикалық дағдарыс бола алады [1, 20]. Бүгінгі таңда құрамындағы бірқатар мемлекеттердің тым ауыр экономикалық жағдайы мен ірі қаржылық қарыз мөлшеріне байланысты өзінің тарихында тап болмаған апатты саяси дағдарыс, тіпті күйреу мүмкіндігі алдында тұрған Еуроодақ тереңдес ірі саяси-экономикалық интеграциядағы орын алған күрделі ахуал Венгеров тұжырымын дәлелдемекші. |

Қазіргі заманда саяси тәуекелдер мен дағдарыстардың қарқынды зерттелуіне түрткі болған оқиға – бір жағынан саяси болжам жасау мен саяси тәуекел деңгейін бағалаудың күмән тудырған, ал екінші жағынан керісінше, бұл саясаттанулық салаға біраз зерттеу материалын берген 1979 ж. Иран революциясы еді. Осы оқиғадан

кейін әсіресе саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды талдаудың әдістемесіне арналған көптеген еңбектер шыққан болатын. Мысал ретінде бұл саладағы ең беделді зерттеушілердің бірі болып саналатын америкалық ғалымдар Вильям Коппин мен Майкл О'Лиридің басылымдарын келтіруге болады. Өзінің 1995 ж. шыққан, бес жылға арналған саяси тәуекелдерді болжауында авторлар тұтас жаһанды деңгейде және әлемнің жекелеген аймақтарында саяси тұрақсыздықтың факторларын анықтап қоймай, саяси тәуекелдерді бағалаудың тиімді әдістемесін де ұсынады [4, 9].

Жоғарыда келтірілген кестені қарастыра отырып, адамзат ғылыми қауымдастығының саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды қабылдау мен түсінуінде елеулі өзгерісті байқауға болады. Әлемдік ғұламалар адамзат тарихының мыңжылдық уақытын қамтыған әлеуметтік-саяси ойдың біртіндеп дамуы барысында соғыстар мен дағдарыстардың себебін іздестіруден, оларды болжау мен алдын алу мәселелерін қарастыруға көшті. Біртіндеп тәуекелдер мен дағдарыстардың әрбір әлеуметтік қоғамдастық дамуына тән ажарамас элементі, аттап өтпейтін құбылыс ретіндегі мәні де қалыптасқан болатын. Саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды қазіргі заманғы ұғыну да осы тұжырымдар төңірегінде қарастырылады.

*Саяси тәуекелдер мен дағдарыстардың замануи интерпретациясы (ресейлік зерттеушілер еңбектерінің негізінде)*

Саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды қазіргі заманғы ұғынуын дұрыс түсіну үшін, бұл саладағы ең беделді зерттеушілерінің бірі, экономика ғылымдарының докторы Ю.В. Яковецтің (1929 ж. туған) жүйе дамуындағы дағдарыстардың үш басты функциясын келтіріп кетуі, біздің пікірімізше, аса өзекті болып отыр:

- ескірген, өз даму мүмкіндіктерін әбден тауысқан жүйе элементтерін жою, не қайта құрып, жетілдіру;
- жүйенің жаңа, бастапқыда әлсіз элементтерінің орнығуы үшін жағдай жасау;
- әлі даму мүмкіндігі бар, жетілдірілген жүйе элементтерін жаңа жүйеге өткізу [1, 30].

Демек, дағдарыс пен тәуекелдің функциясы мен қасиеті екі жақты, ақырында – прогрессивті. Яғни, дағдарыс – жүйенің қалыпты қызметіне қарсы бағытталған күйреуші, деструктивті құбылыс, алайда сонымен қоса оның жүйені сапалы жаңа даму сатыға өткізу қасиеті де бар, өйткені деструктивті күшсіз конструктивті процесс жүре алмайды, ал онсыз тиісінше жүйенің прогрессивті дамуы



да мүмкін емес. Тап солай тәуекелді де тек қана мүмкін болатын қауіп-қатерлер жиынтығы ретінде емес, сәтті нәтижеге үміттенген іс-әрекет етіп қабылдау керек. Ресейлік зерттеуші Е.И. Степановтың пікірінше тәуекелдер мен дағдарыстарды жағымды, не жағымсыз деп қабылдау тым қате, оларды тек қана даму бағыты тұрғысынан ғана бағалау қажет [1, 25].

Саяси тәуекелдер мен дағдарыстардың замануи интерпретациясы жалпы жоғарыда келтірілген тұжырымдарға негізделеді. Осы мәселелермен айналысатын қазіргі заманғы зерттеушілер тәуекелдер мен дағдарыстардың жағымсыз қасиеттерімен күресу әдістемесін ұсына отырып, деструктивті процесті конструктивті арнаға көшірудің модельдері мен технологияларын жасауға барынша ғалпынады.

Біз, осы шағын ғылыми зерттеуде, саяси тәуекелдер мен дағдарыстар ұғымын ашатын алуан түрлі анықтамалар мен түсіндірмелер бар екенін ескере тұра, олардың ішінен, біздің пікірімізше осы саяси құбылыстардың мән-мазмұнын барынша толықтай ашатын бірқатар интерпретацияларын ғана келтіруін жөн көрдік. Төмендегі кестелер «саяси тәуекел» мен «саяси дағдарыс» анықтамаларына жасалған іріктеме мен бұл ұғымдарға берілген өзіндік авторлық түсіндірмені көрсетеді [2-кесте].

Тағы бір ресейлік зерттеуші Р.В. Паниннің пікірінше арнайы саяси ресурстардың – саяси биліктің негізгі көзі болып табылатын билік институттарының құрылымы, әлеуметтік топтардың саяси статустары мен рөлдері және мемлекеттік биліктің тапшылығы саяси дағдарыстарды өзге дағдарыс түрлерінен (экономикалық, әлеуметтік, рухани) ажыратады. Егер де экономикада кооперация негізінде өнімді бөлмес бұрын, оның өндіруін арттыру арқылы ресурстарды азды-көпті әділетті бөлу мүмкін болса, саясатта көп жағдайда бұл іске аспайды. Либералдық доктрина бойынша экономикада барлық заттар айырбастау құнына ие, ал саясатта бұл жағдай мүлдем өзгеше: саяси еркіндік пен тәуелсіздік ешқандайда айырбастау баламасына ие болу мүмкін емес [6, 21]. Ал Э.М. Коротковтың пікірі бойынша, саяси дағдарыс өзінің салдарына байланысты дағдарыс түрлерінің ішіндегі ең ауыры, өйткені саяси дағдарыс әдеттегідей қоғам өмірінің барлық салаларына (экономикалық, әлеуметтік, рухани) ықпал етіп, тұтас саяси жүйенің күйреуіне алып келеді [5, 21]. Жоғарыда қарастырылған барлық зерттеушілердің көзқарастары, біздің пікірімізше, саяси дағдарыс ұғымының мән-мазмұнын түпкілікті түсіну үшін өте маңызды.

2-кесте. «Саяси дағдарыс» ұғымын анықтау тұжырымдамаларының салыстырмалы талдауы

| Ең қарапайым түсіндірмесі | Қоғамды саяси басқаруының шайқалуы, яғни билік дағдарысы, әр түрлі әлеуметтік таптар мен топтардың мүдделерін жүзеге асыру мүмкінсіздігі [5, 21]                                                                                                                                                                              |
|---------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Зерттеуші                 | О.В. Петренко                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Зерттеушінің пікірі       | Саяси дағдарыс – бұл саяси процестің ерекше формасы, саяси жүйе дамуындағы саяси қатынастардың ерекше шиеленісуімен сипатталатын өтпелі, бөтбұрыс кезеңі, соның салдарынан болатын жүйенің тым дестабилизациялануы [3, 43]                                                                                                    |
| Біздің дифференциямыз     | Саяси қатынастардың ерекше шиеленісу салдарынан саяси жүйенің тұрақсыз, дестабилизациялық жағдайымен сипатталатын, саяси жүйеде іргелі өзгеріс немесе жүйенің тұтас күйреуін тудырта алатын, алайда сонымен қоса саяси жүйенің жаңаруы мен прогрессивті дамуына едәуір ықпал ете алатын саяси процесс дамуының ерекше формасы |

«Саяси тәуекел» ұғымын анықтауға көшпес бұрын келесі өте маңызды мәселені ескерген жөн. Л.В. Смолгунов өзінің «Мемлекеттік саясат және басқару» атты екі томдық оқулығында атап кеткендей, қазіргі заманда саяси тәуекелдерді зерттеу негізінен екі аспектіде жүргізіледі: бірінші аспектіде, зерттеу жұмыстарын саяси тәуекелдерді ішкі саясаттың тиімділігі мен мемлекетаралық қатынастардың факторы ретінде қарастыратын мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырады; екінші аспектіде саяси тәуекелдер деңгейін бағалау шетел мемлекеттерде инвестициялық операцияларды жүргізуі мен капиталдарды салуын көздейтін трансұлттық корпорациялар мен бизнес-компанияларға қажет [7, 348]. Бізге керегі – мәселенің тек қана саясаттанулық аспектісі, сондықтан «саяси тәуекел» атты ұғымын біз осы тұрғыдан ғана ашуға талпынамыз [3-кесте].

Саяси тәуекелдерді қарастыру барысында келесі маңызды мәселені ескерткендігі жөн: саяси процесте саяси тәуекелдерді толығымен жою мүмкін емес, өйткені бір жағынан қоғамның саяси саласының болашағы жөнінен айту әрқашанда тым күрделі, ал екінші жағынан жеткілікті дәрежедегі қаржы ресурстары мен тәуекелдер деңгейін ескерту әрқашанда инновациялық процесс, экономикалық өркендеу мен әлеуметтік прогрестің міндетті шарты болуы керек [2, 3].



3-кесте. «Саяси тәуекел» ұғымын анықтау тұжырымдамаларының салыстырмалы талдауы

| Ең қарапайым түсіндірмесі | Қабылданатын саяси шешімдердің жағымсыз салдары [4, 30]                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Л.В. Сморгунов                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Зерттеуші                 | А.В. Горшкова                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Белгілі бір мемлекет аумағында басқару, экономикалық және өзге де қызмет түрлеріне жағымды немесе жағымсыз ықпал ететін саяси факторлардың пайда болу мүмкіндігі [7, 347].                                                                                                                                   |
| Зерттеушінің пікірі       | Жағымсыз оқиғалардың іске асу мүмкіндігі мен саяси қатынастар субъектілеріне нұқсан келтіре алатын белгісіздік, уақыт пен ақпарат тапшылығында қабылданатын саяси шешімдердің жағымсыз салдары [8, 139].                                                                                                                                                                                                    | Белгілі бір мемлекет аумағында басқару, экономикалық және өзге де қызмет түрлеріне жағымды немесе жағымсыз ықпал ететін саяси факторлардың пайда болу мүмкіндігі. Мұндай факторларға жататындар – қылмыстық, саяси және азаматтық төртпісіздіктер, жұмыссыздық, сыбайлас жемқорлық және т.с.с. көрсеткіштер. |
| Біздің диффинициямыз      | Белгісіздік, уақыт пен ақпарат тапшылығында қабылданатын саяси шешімдердің жағымсыз салдарынан белгілі бір мемлекет аумағында басқару, экономикалық және өзге де қызмет түрлеріне жағымды немесе жағымсыз ықпал ететін саяси факторлардың пайда болу мүмкіндігі. Мұндай факторларға жататындар – қылмыстық, саяси және азаматтық төртпісіздіктер, жұмыссыздық, сыбайлас жемқорлық және т.с.с. көрсеткіштер. |                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |

Ресейлік зерттеушілер еңбектерінің негізіндегі саяси тәуекелдер мен дағдарыстардың замануи интерпретацияларын қарастыру барысында келесі қорытынды шығаруға болады: бұл – саяси процесс дамуының ажырамас элементтері. Саяси тәуекел тең деңгейде оқиғалардың жағымды немесе жағымсыз даму мүмкіндігін айтады, ол саяси ортаның анықталмау салдарынан және белгілі бір саяси жағдай мен ондағы әрекет ететін субъектінің айырықша қарым-қатынас формасынан пайда болады. Ал саяси дағдарыс саяси шешім қабылдауда жоғары тәуекел деңгейімен, анықталмағандық пен белгісіздіктің көтеріңкі дәрежесімен, уақыт ресурсының тым тапшылығымен және дағдарысқа қарсы әрекет ету жолдарының тым азаюымен сипатталады.

«Саяси тәуекел», «саяси дағдарыс», «саяси шиеленіс» ұғымдарының салыстырмалы арақатынасы жөнінен

«Саяси тәуекелдер және дағдарыстар» ұғымдары саясаттанудың дербес саласы – саяси шиеленістануда өте кеңінен қолданылады. Осыған байланысты осы түсініктерді мазмұны жағынан өте ұқсас «саяси шиеленіс» (политический конфликт) атты ұғыммен өте мұқият салыстырып, арақатынасы мен айырмашылығын анық ажыратып алу, әсіресе ірі әдіснамалық мәселе болып отырған шиеленістің дағдарысқа алғашқылығын немесе дағдарыстың шиеленіске алғашқылығын анықтап алғандығы жөн.

Саяси шиеленіс – билік өкілеттіктері және билік ресурстары үшін таласатын екі немесе одан да көп саяси субъектілердің бәсекелестігі.

күресі [6, 20]. Саяси шиеленіс пен саяси дағдарыс – саясаттың ажырамас бөліктері, бұл ұғымдардың басты ортақтығы осында болса керек. Саяси шиеленістануда бұған бастаманы неміс ғалымы Ральф Дарендор берген болатын [1, 55].

Классикалық шиеленістану мен халықаралық қатынастар теориясында дағдарысты әдетте, жанжалдық қатынастардың тым асқындау, өршу, ашық әскери соғысқа ұласып кетудің нақты қауіпмен сипатталатын шиеленістің ақырғы сатысы ретінде қарастырады. Яғни шиеленістік саяси қатынастардың даму схемасы келесідей: қайшылық–шиеленіс–дағдарыс. Дағдарысты оқиғалар ағымының «кальпсыз» дамуы деп түсіну тым қате, өйткені ол міндетті түрде әскери қақтығысқа алып келмейді. Дағдарыс екі саяси субъект арасында шиеленістік қатынастардың тым өршуімен сипатталып, ақырында бейбіт дипломатиялық жолмен әбден шешілуі мүмкін. Мысал ретінде, 1961 ж. Кариб дағдарысы бола алады. Алайда дүниежүзі тарихында ірі әскери жанжалдарға алып келген саяси дағдарыстар да әбден белгілі. Мысалға, Бірінші дүниежүзілік соғысқа себепкер болған 1914 ж. шілде дағдарысы.

Мәселен, ресейлік ғалым М.А. Мунтян саяси дағдарысқа негіз болатын қайшылықтар мен шиеленістерді үш топқа бөлген болатын – функционалдық, құрылымдық және жүйелік:

- Қайшылықтардың бірінші тобы қоғамдық-саяси механизмдердің, билік институттардың қоғамдық өмірдің ішкі және сыртқы өмір сүру жағдайларына сәйкес келмеуін, функционалдық ескіруін білдіреді. Оларды жою үшін әдетте әлеуметтік-саяси реформалар жетпекші. Алайда, басқарушы топтардың қоғамды реформалауға дәрменсіздігін танытқан жағдайда, функционалдық қайшылықтар құрылымдық қайшылықтарға әбден ұласып кетуі мүмкін.

- Мемлекеттік құрылым формалары қоғамның әлеуметтік-экономикалық және өзге талаптарына сай келмеуі саяси жүйеде құрылымдық қайшылықтардың орын алғанын білдіреді. Мұндай жағдайда қоғамдық пікір тарапынан билік құрылымдарының легитимділігіне күмән келтіріле бастайды. Көп жағдайда құрылымдық қайшылықтар ірі әлеуметтік күйзелістер мен жанжалдар сипатында өтеді, алайда әбден бейбіт өтуі де мүмкін. Мұндай күйзелісті жағдайды тек қоғамның саяси және әлеуметтік-экономикалық саласында сапалы өзгерістер тудыратын реформалар ғана шеше алады.

Берілген саяси жүйе шеңберінде қоғам өз даму мүмкіндіктерін әбден тауысқан жағдайда жүйелік қайшылықтар басталады. Сая-



си жүйені күштеп немесе бейбіт жолмен түбегейлі өзгерту ғана қалыптасқан жағдайды шеше алады. Әдетте жүйелік қайшылықтар сатысында жоғары билік органдары өз легитимділігінен толығымен айырылып, саяси жүйе нақты дағдарыс алдында тұрады. Күреске саясаттың жаңа субъектілері кірісіп, егер де мұндай қауіпті жағдай шешілмегенде, қоғам мен жүйе құрылымында әлеуметтік-саяси апат орын алады [3, 40].

М.А. Мунтян тәріздес шиеленістерді дағдарыстық процестің бір сатысы ретінде көптеген зерттеушілер қарастырады: К.Ф. Херман, О.Р. Холсти [1, 31], С.Я. Лавренов [3, 129], Р.В. Панин [6, 26].

Алайда, зерттеушілердің басқа бір тобы керісінше, дағдарыстардың шиеленістерге бастапқылығы жөнінен көзқарасты ұстанады. Мәселен, О.В. Петренконың пікірінше, дағдарыс – бұл саяси процесс даму тұрақтылығының шайқалуы, саяси жүйенің органикалық емес, функционалдық бұзылуы. Ал шиеленіс – бұл ендігі бастапқы дамудың өрескел бұзылуы ғана емес, бұл саяси субъектілердің өз мүдделерін жүзеге асыру үшін саналы қақтығысы. Шиеленіс әрқашанда саяси процесс дамуының дағдарыстығы жөнінен айтады. Сондықтан да, Петренконың пікірінше дағдарыстар шиеленістердің алдында болып, дағдарыстардан кейін ғана шиеленістер өзінің ақырғы жанжалдық, қақтығыстық сипатына ие болады [3, 120]. Ұқсас пікірді В.А. Барсамов, О.А. Рыжов ұстанады [3, 117].

Сонымен, «саяси шиеленіс» пен «саяси дағдарыс» ұғымдарының арақатынасы қандай? О.В. Рогозян «саяси тәуекел» мен «саяси дағдарыс» ұғымдары арасындағы айырмашылықты да ажыратады: оның пікірінше саяси тәуекел – бұл, талқыланып қабылданған шешімнің нәтижесі болса, саяси дағдарыс – бұл, көбінесе ешқандай бақылауға келмейтін тұтас оқиғалардың ағымы [1, 60]. Бұл мәселені дұрыс түсіндіру үшін, О.В. Рогозян өзінің диссертациялық зерттеуінде осы ұғымдардың айырмашылығы мен ұқсастығына берген түсіндірмені диаграммалық түрде көрсетіп көрейік (4-кесте).

Саяси шиеленіс пен саяси дағдарыстың саяси процестегі орны жөнінен әр түрлі зерттеушілердің көзқарастарын талдауы нәтижесінде, келесі қорытындыны шығаруға болады: саяси шиеленіс тең дәрежеде саяси дағдарысқа, ал дағдарыс шиеленіске бастапқы. Әлемнің саяси практикасында шиеленіссіз болмайтын дағдарыс жоқ, керісінше ірі әскери-саяси шиеленістерге алып келген саяси дағдарыстар да әбден белгілі. Бұл мәселе бойынша саяси зерттеушілер арасында көп пікір алуандылығы осы тұжырымды дәлелдемеңші.

4-кесте. Саяси шиеленіс пен саяси дағдарыс ұғымдарының арақатынасы



*Саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды басқару: түсінігі, мән-мазмұны және жеке ғылым ретінде институционалдану мүмкіндіктері*

«Саяси тәуекелдер мен дағдарыстар» ұғымдарымен қоса, «саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды басқару» ұғымының мән-мазмұны да зор қызығушылық тудырады. Замануи саяси процестің динамикалық дамуы жағдайында дағдарыстарды басқару мүмкін бе, кем дегенде тәуекелдер негізінде оларды болжау іске аса ма, деген заңды сұрақтардың бар болуы әбден түсінікті.

1962 ж. Кариб дағдарысынан соң, сол кездегі америкалық қорғаныс министрі Р. Макнамара кейін зор танымалға ие болған: «Мемлекеттік стратегия ендігі жоқ – дағдарыстарды басқару ғана қалды» – деген сөздерді айтқан болатын [3, 144]. «Саяси дағдарыстарды басқару» ұғымының қазіргі заманғы интерпретациясы келесі түсінікке негізделеді: «Қалыптасқан апатты жағдайды шешуге мүдделі барлық топтардың біріккен қызметі нәтижесінде жасалатын, дағдарыстық үдерістер мен тәуекелдердің жағымсыз салдарын кемітуін көздейтін технологиялар жиынтығы. Олар тым шектеулі уақыт, төтенше шешім қабылдау мен бұқаралық ақпарат құралдарымен қатынасу қажеттілігі жағдайында өтеді» [1, 78].

Ал саяси тәуекелдерді басқарудың замануи түсінігі келесідей: «Бұл – тәуекел жағдайларының жағымды салдарын мүмкіндігінше арттыратын, ал жағымсыз салдарын барынша кемітуін көздейтін процесстер жүйесі» [9, 38]. Ұқсас дефиницияны Н.Е. Григорьева да келтіреді [2, 59].

Саяси тәуекелдер мен саяси дағдарыстар мәселесін қарастырғанда, әрқашанда олардың логикалық тығыз байланысын ескерткендігі жөн: дағдарыстар ешқашанда тәуекелсіз болу мүмкін емес, тәуекелдерді басқаратын маман соншама нәтижелі дағдарыстарды да басқара алмайды, және керісінше. Егер де



«тәуекел» және «дағдарыс» түсініктерін едіснамалық тұрғыда ажыратып тастасак, онда дағдарыстарды болжау қабілетінен айырыламыз, бұдан әрбір қателіктің салдары да әлдеқайда ауыр болады. Яғни, саяси тәуекелдер негізінде саяси дағдарыстарды болжай отырып, оларды алдын-алу да мүмкін [5, 15]. Р.В. Паниннің пікірінше, бұл тұрғыда, саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды басқарудың біртұтас жүйесін жасаған жөн: бір жағынан, аналитикалық жұмыс пен саяси мониторинг өткізетін мұндай жүйе, екінші жағынан жиналған мәліметке сүйене отырып, берілген дағдарыстық жағдайлардан шығудың нақты едістемесін жасап отырады [6, 16].

О.В. Петренко саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды басқару мәселесін қарастыра отырып, біздің пікірімізше өте маңызды едіснамалық мәселеге назар аударады: бүгінгі таңда Ресейде (бұл мәселені, автордың пікірінше, біздің еліміз де айналып өтпеді) әртүрлі ғылым салалары деңгейіндегі басқару және ғылыми кадрларды даярлауға арналған оқу құралдарында «дағдарыстарға қарсы басқару» (антикризисное управление) түсінігі өте жие кездеседі. Яғни, бұл тұрғыда «дағдарыс» ұғымының астарында, тек қана жағымсыз қасиетке ие, барынша күресу мен жою қажеттілігін тудыратын құбылыс түсініледі. Ал АҚШ пен Жапонияда, Батыс Еуропа мемлекеттерінде бұл тұрғыда тек «crisis management» (дағдарыс менеджменті, немесе дағдарыстарды басқару) ұғымы қолданылып, «дағдарыстарға қарсы басқару» түсінігін көп жағдайда кездестіру мүмкін емес. Бұл кездейсоқ емес, және тіларалық лингвистикалық ерекшеліктерді емес, концептуалды деңгейдегі айырмашылықтарды білдіреді.

Бүгінгі таңда заманауи саяси ғылым алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі – саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды басқару қызметін біртұтас пәнаралық ғылымға біріктіру қажеттілігі, яғни оның институционалдануы. Мұндай ғылымның қызмет аясы тек мемлекеттік органдарды емес, тәуелсіз ғылыми-зерттеу орталықтары мен үкіметтік емес ұйымдарды қамтығаны жөн; оған тең дәрежеде саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды зерттеудің ғылыми-педагогикалық шараларын әзірлеу және қолданбалы-аналитикалық едістемесін жасау жұмыстары кіруі керек [3, 145].

О.В. Петренконың пікірінше, саяси дағдарыстар теориясының қарқынды дамуы бүгінгі таңда мұндай ғылымды құру алдында тұр. ал оның атауы Петренконың пікірінше, саяси дағдарыстану болуы керек. Бұл ғылымның зерттеу аясына тек қана саяси дағдарыстар емес, оларды тудыратын тәуекелдер де кірмекші [3, 104]. Алайда, біздің

пікірімізше, саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды біртұтас байланыстырып зерттейтін ғылым саласы ретінде жоғарыда аталған, Батыс мемлекеттерінде кеңінен қолданылатын дағдарыс менеджменті бола алмай ма?

Мәселен, О.В. Рогозян дағдарыс менеджментінің келесі едіснамалық бөлімдерін ұсынады:

CR – crisis planning – дағдарыстарды жоспарлау, дағдарыс алдындағы қызмет аясына арналған бөлім, ол тәуекелдер негізінде дағдарыстық дамуды болжауға, дағдарыстарға тап болмаудың жалпы ұсыныстарын жасаумен айналысады; сол сияқты саяси жүйенің немесе оның құрамдас элементтерін іргелі өзгерістер нәтижесінде түбегейлі прогрессивті өзгерту мен жаңаруы қажет болған жағдайда, дағдарыстарға объективті алғышарттарды әдейі жасанды жасауға арналған;

CC – crisis controlling – дағдарыстарды бақылау, жағдай дағдарысқа қауіпті таяп қалған кездегі кешенді төтенше іс-шараларға арналған, немесе дағдарыс нақты осы кезде, қауіпсіз және барынша прогрессивті өту қажеттілігі кезінде қолданымды;

CA – crisis action – дағдарыс кезіндегі әрекеттер, дағдарыс нақты басталған кездегі оның жағымсыз салдарына күресудің едістемесін жасауға, ал жағымды, прогрессивті қасиеттерін барынша қолдануға арналған бөлім;

CR – crisis reaction – дағдарыстарға жауап беру – дағдарыстан кейінгі кезеңдегі қызметке арналған, дағдарыстың жағымды, конструктивті салдарын мүмкіндігінше арттыратын, ал жағымсыз, деструктивті салдарын барынша кемітумен айналысатын бөлім [1, 80].

Демек, бүгінгі таңда заманауи саяси ғылымда дағдарыс менеджменті қолданбалы саясаттанудың жеке саласы ретінде қарастыру үшін қажетті теориялық және едіснамалық база да бар.

Заманауи саяси процестің динамикалық өзгеруі мен саясаттанулық білімнің әрдайым кеңеюі саяси тәуекелдер мен дағдарыстардың қазіргі өмірдің ажырамас бөлігі ретіндегі түсінігін ғылыми тұрғыдан ұғыну қажеттілігін тудырмақшы. Сонымен қоса, бүгінгі таңдағы ішкі және халықаралық саяси дағдарыстар мен оларды тудыратын саяси тәуекелдердің саны мен сапасының күрт өсуіне байланысты, әлемдік ғылыми және саяси қауым алдында оларды реттеудің бұрынғы қатаң әскери едістерінен қол үзіп, нақты бүгінгі заманға сай болжаудың, басқару мен алдын-алудың жолдары мен тәсілдерін күрт өзгеріске ұшырату қажеттілігі тұр. Аталған мақсаттарды



шешу саяси тәуекелдер мен дағдарыстар жөнінен терең теориялық білімдерді, әдіснамалық негіздерін білуін талап етеді. Берілген ғылыми жұмыс осы мақсаттарды түгелдей толық қамтиды деген үміттен біз әлдеқайда алыспыз, алайда келтірілген тезистер мен тұжырымдар бұл саладағы кейінгі іргелі зерттеулерге, саяси тәуекелдер мен дағдарыстарды басқарудың қолданбалы әдістемесін, нақты модельдері мен технологияларын жасауға негіз бола алады, деп елеулі сенім артамыз.

Көптеген отандық және шетел сарапшылардың пікірінше экономикалық, саяси және ақпараттық факторлардың өзара байланысқан ықпалының тым өсуіне байланысты, болашақ саяси тәуекелдер мен дағдарыстар өрескел күрделілігімен, пайда болу мен дамудың жаңа формалар мен комбинациялардың артуымен ерекше сипатталады. Оларды тудыратын үдерістерді болжау мен алдын алудың нақты әдістемесі жоқ болған жағдайда, келешек адамзат қоғамы Ульрих Бек өз кезінде сипаттап кеткен, жаһандану мен модернизация тудыратын техногендік және элеуметтік апаттардың құрбаны бола алатын «тәуекел қоғамынан» ауымас жағдайда болар еді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Рогозян О.В. «Политический кризис: анализ и технологии регулирования (на примере Краснодарского края)». Дис. канд. полит. наук: 23.00.02. – Краснодар, 2006. – С. 18.
2. Григорьева Н.Е. «Новейшие технологические управления политических рисками в системе принятия решений на российском государственном и международном уровнях»: Дис. канд. полит. наук: 23.00.02. – Нижний Новгород, 2009. – С. 39.
3. Петренко О.В. «Политический кризис: генезис и эволюция теорий»: Дис. канд. полит. наук: 23.00.01. – Москва, 2009. – С. 62.
4. Джус И.В. «Политические риски: оценка, анализ и управление»: Дис. канд. полит. наук: 23.00.02, 08.00.01. – Москва, 2002. – С. 9–11.
5. «Антикризисное управление»: учебник / Под ред. Э.М. Короткова. – Москва: Инфра-М, 2002. – С. 21
6. Панин Р.В. «Управление политическими рисками и кризисами модели и технологий»: Дис. канд. полит. наук: 23.00.02. – Саратов, 2006. – С. 21.
7. «Государственная политика и управление. Учебник в 2 ч. Часть I. Концепций и проблемы государственной политики и управления»

/Под ред. Л.В. Смолгунова. – Москва: «Российская политическая энциклопедия», 2006. – С. 348

8. Горшкова А.А. «Политический риск и методы его оптимизации» / Актуальные проблемы политологии: Сборник научных работ студентов и аспирантов Российского университета дружбы народов / Отв. ред.: Д.Ф.Н., проф. В.Д. Зотов. – Москва: МАКС Пресс, 2001. – С. 139.

9. Кузнецова Н.В. «Управление рисками». – Владивосток: издательство Дальневосточного Университета, 2004. – С. 38.



## Телекоммуникация саласындағы теориялық және әдістемелік мәселелер

**Санат САТАЕВ,**

Т. Рысқұлов атындағы ҚазҰУ-дің  
«Менеджмент» кафедрасының доценті м.а.,  
экономика ғылымдарының кандидаты

Дүние жүзіндегі экономиканың дамуының маңызды заңдылықтарының бірі – ұлттық экономикадағы қызмет көрсетудің рөлін арттыру және экономикалық өсудің өзара байланысы болып табылады. Бұл жағдайды қызмет көрсету саласында қолданылатын еңбек, материалдық және қаржы ресурстары үлесінің өсуінен көруге болады.

Ақпараттық технологиялар ұлттардың, қоғамның және кейбір жеке адамдардың ілгері жылжуының басты анықтаушы факторы болып табылады.

Бүгінгі күні ақпараттық және коммуникациялық технологияларсыз біздің өмір сүруіміз мүмкін емес жағдайға теңдес. Біз олардың барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес, шаруашылық және шаруашылық емес құрылымдарда қолданылуын көруімізге болады. Қоғамның, өндіргіш күштердің өсу кезеңінде қызмет көрсету саласының дамуын байқауға болады. Осы салада жұмыспен қамтылудың өсуін, еңбектің техникалық қамтамасыз етілуінің өсуін және үздік, жаңа технологиялардың ендіріле бастауын байқауға болады.

Нарықтық қатынастардың даму жағдайында қызмет көрсету саласында қомақты өзгерістерді көруге болады. Қазақстан Республикасындағы қазіргі кезеңде пайда болған жағдайда арнайы нарықтық экономикаға тән қызмет көрсету (банктік, қаржылық, сақтандыру, риэлторлық, заң) көлемі едәуір өсіп келеді. Мемлекеттік биліктің және құқық қорғау органдарының мазмұны, оларды

басқарумен байланысты қызмет көрсету аясы да кеңейе түседі. Еліміздің экономикасының әлемдік экономикалық кеңістікке ену үдерісінде қызмет көрсетудің импортталуы және экспортталуы пайда болады, қызмет көрсетудің көптеген түрлерінің құрылуының мүлдем жаңа технологиялық негіздері, соның ішінде ақпараттық технологиялар пайда болады. Нарықтық және нарықтық емес қызмет көрсету секторларының қайта өндірілу негіздері аясының кеңеюін байқауға болады.

Халықаралық статистиканың мәліметтері бойынша шетелдік инвестициялардың 40%-нан астамы қызмет көрсету саласының дамуына салынады, бұл экономиканың осы секторының даму перспективасының өзектілігін, оған деген қызығушылықты көрсетеді.

Қызмет көрсету саласы – мекемелер, ұйымдар және жеке тұлғалар ұсынатын қызмет көрсетудің әр алуан түрлерінің қайта өндірілуін жалпылайтын ұғым.

Қызмет көрсету саласының материалдық өндіріспен салыстырғанда бірнеше арнайы ерекшеліктері бар.

Біріншіден, тауарлармен салыстырғанда қызмет көрсету негізінен бір уақытта өндіріледі және қолданылады, олар сақталуға жатпайды. Бұл қызмет көрсетуге деген сұраныс пен ұсынысты реттеу мәселесін туғызады.

Екіншіден, қызмет көрсету көбінесе өнімге қарама-қарсы қойылады, алайда өнеркәсіпте қызмет көрсетудің рөлі өседі, оған тауарды сатумен байланысты құрал-жабдықтарды жөндеу, сатудан кейінгі қызмет көрсету т.б. қызмет көрсету түрлері де жатады. Қызмет көрсетуде өнімді сатудағыдай көп жағдайда өнімнің элементтері бар деуге болады. Тауарларды сату мен қызмет көрсетудің бір-бірімен тығыз байланысы қызмет көрсетуді есепке алуды қиындатады.

Үшіншіден, қызмет көрсету саласын әдетте, материалдық өндіріс саласына қарағанда шетелдік бәсекелестіктен мемлекет қорғайды. Көптеген елдерде транспорт пен байланыс, қаржы және сақтандыру қызметі, ғылым, білім, денсаулық сақтау, коммуналдық қызмет көрсету әдетте толығымен немесе жартылай мемлекеттің иелігінде не болмаса мемлекет қатаң бақылауға алады. Көптеген елдердің өкіметтерінің ойынша, қызмет көрсету импорты, елдің суверенитеті мен ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін, сол себепті ол тауарларды сатумен салыстырғанда қатаңырақ реттеледі.

*Қызмет көрсету саласы* – пайдалы тиімділігі олардың жасалу үдерісінде пайда болатын игіліктерді өндіретін экономиканың саласы болып табылады.



Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы қызмет көрсету саласының даму деңгейі бойынша дамыған және дамып келе жатқан елдердің арасында тұр. Бір жағынан, 1990-жылдары үлкен қалаларда қызмет көрсету саласының дамуы батыстың стандарттарына екпінді жақындауды байқауға болатын. Ал екінші жағынан алсак, ауылдық жерлерде қызмет көрсету саласы «үшінші әлем» елдеріне жақынырақ түрде дамып келген – (бизнесісті ұйымдастырудың рес-ми емес түрі, біліктілігі аз еңбектің кеңінен қолданылуы, ғылымға негізделген қызмет көрсетудің жетіспеушілігі).

Қызмет көрсету саласы қазірдің өзінде жаңа кадамға аяқ басты, онда компания басшылары үшін ең басты мәселелердің бірі – классикалық «бизнесістің қай түрімен айналысамыз?» деген сұрақтан басқа «қай нарықтық кеңістікте жұмыс істейміз?» деген сұрақ туындайтын болады. Бұрынғы әдеттегі бірыңғай нарықтық кеңістік қазіргі күні екі түрден тұрады:

- шынайы болмыстағы өмір сүретін нағыз нарықтық кеңістік (ННК);
- ауани болмыстағы өмір сүретін ауани нарықтық кеңістік (АНК).

Бұл жаңа белгіні қызмет көрсету саласының коммерциялық сыныптамасына енгізген кезде біз шынайы болмыстағы өмірді көрсетеміз.


Батыстық мамандардың айтуынша, жақын арада банктік мекеме-лерде үлкен өзгерістер болады деп күтілуде. Телекоммуникацияның және есептеуіш техника құралдарының дамуы миллиондаған қызметкерлерге үйден жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Әкімшілік ғимараттар және қызмет үйлеріне деген қажеттілік болмайды. Қызметкерлер үшін өз үйлері ақпараттарды өңдейтін жұмыс орнына айналады.

Қызмет көрсету – бұл тұтынушыға (сатып алушыға) өзі үшін техникалық тұрғыдан сатып алуға және тұтынуға өте күрделі затты алу үшін оңтайлы нұсқасын тандауға және тұтынушының мүддесіне сай, шарттасылған мерзім арасында экономикалық тұрғыдан пайда-лы қамтамасыз ету жүйесі болып табылады.

Қызмет көрсету – бұл сатып алушының тауарды тұтынуымен және өтімімен байланысты қызмет көрсету кешені болып табыла-ды. Қызмет көрсетудің мақсаты – бұл сатып алушыға бар тауарды ұсыну және сатып алынған тауарлардан пайда алуға оларға көме-к көрсету болып табылады. Тұтынушыларға қызмет көрсетудің үде-келе жатқан мәні мынадай себептерге байланысты :

- толыққан үстіне толығып жатқан тауар нарығындағы бәсекелестіктің өсуі;
- қызмет көрсету орталықтарының құрылуы және профилдендірілуі;
- тұтынушылардың сатып алынған тауарларды тұтыну кезінде пайда болған мәселелерді шешуге мүмкіндіктерінің және ықыластарының өсуі;
- тауарды пайдалану үдерісінің қиындап кетуі.

1-суретте біз қызмет көрсетуді ұсынууды қалыптастырудың құрылымын қарастырайық.



1-сурет. Қызмет көрсетуді қалыптастыру тармақтарының логикалық құрылымы

Қызмет көрсетуді қалыптастыру тармақтарының төрт деңгейлі логикалық құрылымы әр түрлі деңгейдегі тармақтарды басқарудың бірегей жүйесін құру ұстанымдарын анықтайды. Олар қызмет көрсетудің алуан түрін көрсетеді.

Мұндай басқару жүйесін қолдану мүмкіндігі тармақтың әлдеқандай бір телекоммуникациялық жүйеге қатаң бекітілуінің болмауы себебінен және нақты бір тармақтың ерекшеліктерімен байланысты. Басқару үшін қажетті барлық ақпарат бірегей дерек-тер базасында болады, ол өзгеруі мүмкін және де басқарудың жаңа объектілерінің суреттелуімен толықтырылып отыруы мүмкін, ал барлық қызметтік деректермен алмасу қолда бар басқарылатын



тармақтың транспорттық жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Концепцияның негізгі идеясы – стандартты протоколдарды қолданатын телекоммуникациялық құрал-жабдықтарды және басқару қондырғыларының әр алуан түрлерінің өзара байланысы үшін тармақтық құрылымды қамтамасыз ету болып табылады. Концепцияға сай тармақтарды басқару үдерісіне келесідей басқару функциялары жатады:

- бас тартудың көзін жою үдерісін басқару;
- тармақтың конфигурациясын басқару;
- қызмет көрсетуді ұсынатын және оны қолданушылармен есеп айырысуды басқару;
- тармақтың өнімділігіне бақылау жасау;
- тармақ жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Айта кету керек, бұл концепция өз құрамына барлық жұмыс істеп тұрған басқару жүйелерінің функциясын қосып ала отырып, оған жоғары деңгейдегі қызмет көрсетуді, әмбебаптық және екпінділікті қосымша қамтамасыз етті.

Коммерциялық табыс көп жағдайда қызмет көрсетуді ұйымдастыру сапасына байланысты. Тиімді қызмет көрсетуді ұйымдастырудың белгілі бір ережелері бар (1-кесте).

Қызмет көрсетуді ұйымдастырудың әт түрлі нұсқалары бар. Алайда көбірек қолданылатындары мыналар:

- қажетті қызмет көрсету тек қана өнімді шығарушының қызметкерлерімен ғана қамтамасыз етіледі;
- қызмет көрсету өнімді шығарушының филиалдарының қызметкерлерімен қамтамасыз етіледі;
- қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу үшін кейбір жеке тауарларды, құрал-жабдықтарды, бөлшектерді т.б. өндірушілер консорциумы құрылады;
- қызмет көрсету шараларын орындау арнайы фирмаларға жүктеледі;
- қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу үшін қызмет көрсету сапасы мен оның толыққандылығына кепілдік беретін делдалдар шақырылады;
- қызмет көрсету шараларын бір бөлігін тауарды сатып алушы өзіне алады, ал басқа бір бөлігін жоғарыда айтылған кісіпкерлік құрылымдардың бірі алады.

Келтірілген қызмет көрсетуді ұйымдастырудың нұсқаларының әрқайсысының өзінің артықшылығы және кемшіліктері бар. Фирманың басшыларының басты міндеті – тұтынушыларды ең

жоғары деңгейде қанағаттандыратын, қажетті қызмет көрсетудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін түрін таңдау болып табылады.

1-кесте. **Тиімді қызмет көрсету ережелері**

| Бағыт                                      | Мазмұны                                                                                                                                                                                                                                               |
|--------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Стратегия                                  | Нарықтың әр түрлі сегменттерінде сатушының мақсаты сатып алушының қызмет көрсетудің қай деңгейін мықты деп таниатынын деп басып табуы керек. Бұл деңгейде сатып алушыға кепілдік беру арқылы уәде берілуі керек.                                      |
| Сатып алушымен байланыс                    | Сатып алушыға жарнама, жарнамалық емес мақалалар арқылы жеткізілетін кепілдіктер – сатып алушының ұнатуын қалыптастыру т.б. тұтынушы мен фирма арасындағы басқа да байланыстардың орнауына әкеледі.                                                   |
| Өз қызметкерлеріне деген талаптар          | Қызмет көрсету саласының барлық қызметкерлеріне бірдей міндетті қызмет көрсету стандарттары жасалуы керек.                                                                                                                                            |
| Жабдықтаудың нақты жүйесі                  | Қосымша бөлшектерді жеткізу жүйесі және қызмет көрсету саласының қызметкерін шақырту жүйесі өте қолайлы және қол жетімді болуы керек.                                                                                                                 |
| Қызмет көрсету саласының қызметкерін оқыту | Қызмет көрсету саласының стандарттары қосымша бөлшектерді жеткізуге қатысы бар фирманың барлық қызметкерлеріне жеткізілуі керек.                                                                                                                      |
| Мақсат – «ешқандай ақау болмау керек»      | а) қызмет көрсетудің элементтерінің тапсырыс алғаннан оны орындауға дейін ең аз мөлшерде болуы;<br>б) қызметкерлерді оқыту және дайындау арқылы оларды мүлтіксіз қызмет жасауға үйрету, қызмет көрсету жұмысының технологиясы мен құрылымын жетілдіру |
| «Біздің тұтынушымыз – біздің айнамыз»      | Тұтынушылардан анкета толтыру арқылы олардың қанша пайызының қызмет көрсету деңгейіне көңілдері толмайтынын білуге болады.                                                                                                                            |
| Шығармашылық                               | Тұтынушыларға тез және тура байланысты қамтамасыз ету мақсатымен коммуникацияны дамыту.                                                                                                                                                               |

Сонымен, қызмет көрсету дегеніміз машиналарды, құрал-жабдықтарды және басқа да өндіріс өнімдерін өткізумен және оларды қолданумен байланысты қызмет көрсету кешенін айтамыз. Қызмет көрсетудің негізгі функциялары сатып алушыны тарту, тауарды сату, қолдау және дамыту, тұтынушының қажетті ақпаратқа ие болуы болып табылады. Қызмет көрсетудің негізгі ұстанымдарына ұсыныстың міндетті түрде болуы, қолданудың міндетті болмауы, қызмет көрсетудің икемділігі және оңтайлылығы, қызмет көрсетудің ақпараттық берілуі, қызмет көрсетудің техникалық сайма – сайлығы, дұрыс баға саясаты, қызмет көрсетудің өндіріске кепілді сәйкестігі жатады. Қызмет көрсету жүзеге асырылу уақытына (сатылым алдындағы және сатылымнан кейінгі) жұмыс мазмұнына (қағаз және уақ) және фирмалық қызмет көрсетуге қарай болып



сыныпталды. Қызмет көрсету тиімді болу үшін келесі жағдайлар есепке алынуы керек: дұрыс стратегия, сатып алушымен байланыс, қызмет көрсетудің стандарттары, қамтамасыз етудің нақты жүйесі, қызметкерлер оқытылуы керек, негізгі мақсат – «ешқандай ақау болмау керек».

Қызмет көрсету шығарушы фирма немесе арнайы дайындықтан өткен қызмет көрсету фирмаларымен, дилерлермен, сатып алушы фирмалармен шартқа отыру арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, қызмет көрсету саласының пайда болуы мен дамуы тарихи үдеріс, өндіріс күштерінің дамуының заңды нәтижесі деп айтуымызға болады. Қызмет көрсету саласы мен материалдық өндіріс саласы арасында белгілі бір байланыс бар. Өндіріс күштерінің дамуымен белгілі бір кезеңдерде қызмет көрсету саласына деген сұраныс материалдық өндіріс саласының өнімінен гөрі көбейе түседі. Қызмет көрсету саласының дамуы тек тауарлар нарығын кеңейтіп қана қоймай, еңбек нарығының аясын кеңейтеді, сөйтіп жұмыссыздық белен алғанда, ол оның бетін қайтаратын бір жол болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Об утверждении Программы развития отрасли телекоммуникаций Республики Казахстан на 2006–2008 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 7 июня 2006 года №519 // Казахстанская правда. – 2006. – С. 2.
2. Дебердеев А. Кризис на руку телекоммуникационной отрасли Казахстана // Эксперт Казахстан. – Тітус.кз. – 2008.
3. Международная конференция «Телекоммуникационная отрасль в условиях мирового финансового кризиса» // <http://mincomsvjaz.ru>

## Сала бойынша стратегиялық басқарудың ерекшеліктері

Ақкәмеш ДҮЙСЕНБАЕВА,  
Т. Рысқұлов атындағы  
ҚазЭУ-дің магистранты




Экономикалық жаһанданудың қазіргі жағдайында, жылдам өзгеретін нарық конъюнктурасы, кәсіпорындар мен компаниялар бәсекесінің күшеюі, стратегияға деген объективтілік қажеттілігінің нағыз өзектілігін айқындап отыр. Стратегиялық басқару кәсіпорынның бәсекеқабілеттілігін қамтудың бірден-бір құралы екендігін әлемдік тәжірибе дәлелдеуде.

Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру- мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауында бүгінгі әлемдік конъюнктура нашарлаған жағдайда біз рөлі өсе түсіп отырған мемлекеттік холдингтердің, даму институттарының, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың даму стратегияларын белсенді етуге тиіспіз деп атауының мәні зор екендігін айтуға болады.

Бәсекеге қабілеттілікті жоғарлату мақсатында кәсіпорынды дамыту үшін жағдай жасау, оның стратегиясын құру және қалыптастыруға байланысты болып келеді. Стратегияны таңдау және оны жүзеге асыру стратегиялық басқару қызметінің негізін құрайды. Стратегиялық басқаруда стратегия кәсіпорынды дамытудың саласы, қызметінің түрі мен құралдары, ұйым ішіндегі өзара қарым-қатынас жүйесі, сонымен қатар сыртқы ортадағы жағдайына қатысты ұзақмерзімді сапалы анықталған бағытты ұсынады. Егер кәсіпорынның мақсаты, кәсіпорын неге ұмтылатынын, өзінің қызметі нәтижесіне неге жеткісі келетінін анықтаса, онда стратегия өзгермелі бәсекелестік





1-сурет. Стратегиялық басқару үлгісі

Стратегиялық басқару қазіргі менеджменттің күрделі және қарқынды даму бағыттарынан тұрады. Стратегиялық басқару кәсіпорынға тиісті стратегиялар негізінде ұзақ мерзімде өмір сүруді қамтамасыз етеді.

Кәсіпорынды басқаруды жетілдіруде көп жылдар бойы жиналған әлемдік тәжірибенің арқасында қажетті теориялық негіздер жетерлік екендігін айтуға болады. Тек қиындығы бар ұсыныстарды нақты стратегиялық басқару объектісінің (кәсіпорынның) қызмет ету жағдайына бейімдеуде екендігі. Өйткені, әрбір кәсіпорын өзінше ерекше, сондықтан да әрбір кәсіпорын үшін стратегия құру үрдісі де ерекше. Сондықтан да кәсіпорынның нарықтағы орны, даму қарқыны, оның әлеуеті, бәсекелестердің әрекеттері, өндіретін өнімнің немересі көрсететін қызметтің сипаттамасын, экономиканың жағдайын, мәдени ортасы және тағы көптеген факторларды ескеруіміз тиіс. Сонымен қатар, стратегияны құруда немесе стратегиялық басқаруды жүргізуде негізге алынатын кейбір экономикалық үрдістер бар. Стратегияны тандауда көптеген факторлар әсер етеді, яғни әсер ету көздері.

Бірақ, барлық компания үшін бірегей стратегияның жоқтығы сияқты, бірегей стратегиялық басқарудың жоқтығы белгілі.

Қазақстандағы кәсіпорындардың стратегиялық басқаруының дамуындағы негізгі алғы шарттары келесілер болып табылады:

Қызыл

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №2(34) 2012

орта жағдайында қандай әрекеттердің көмегімен, қандай әдіс арқылы кәсіпорын өз мақсатына жете алады деген сұраққа жауап бере алады. Стратегияны осылай түсіну кәсіпорынның анықталғандық жағдайда болуын жоққа шығарады, өйткені стратегия алға жылжуға көмектесе отырып, өзгермелі жағдайға еркін тандауды қалдырады.

Көпшілік қауымға белгілі «стратегия» термині, гректердің «strategos» сөзінен туындаған, өз тілімізге аударғанда «генерал өнері» немесе «адамдарды басқару өнері» деген түсініктерді беріп, болашақта мақсатты бағытталған және шешуші іс-қимыл тобын, жиынтығын көрсетеді немесе «стратегия» іске асырылуы мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін бөлшек, жан-жақты және кешенді жоспар. Көне Қытайда біздің дәуірімізге дейінгі 480 жылдары «Стратегия өнері» атты кітап жазылған, бұдан біз стратегия ұғымы адам, қоғам өмірінде өте ерте кезден қолданылып келе жатқандығын көреміз.

Қазіргі таңда стратегия ұғымына байланысты анықтамалар көп. Дегенменде, олардың барлығы сайып келгенде стратегия ұғымына стратегиялық шешімдерді қабылдауға байланысты кәсіпорынның болашақ жағдайына әсер ететін жүйелі түрде ойластырылған нормалар мен ережелердің жиынтығымен түсіндіріледі. Стратегия – бұл негізгі мақсатқа жету үшін ресурстар мен проблемалардың басымдылықтарын анықтаушы әрекеттердің бағдарламасы. Стратегиялық басқару – бұл стратегиялық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру процесі. Мұндағы басты назар стратегиялық тандауда болуы тиіс. Өйткені, кәсіпорынның меншікті нақты әлеуеті сыртқы ортаның мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін ескеруі тиіс.

Стратегиялық менеджмент кәсіпорынды басқарудың манызды құралы болып табылады және даму барысында көптеген қиындықтармен кездеседі. Нарықтың тез өзгермелі және қатал бәсекелестік жағдайында кәсіпорын ішкі жағдайға ғана көңіл аударып қана қоймай, сонымен бірге болашақтағы қызметті қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді стратегияны қалыптастыруы керек.

Стратегиялық менеджмент рөлінің қарқынды өсуі сыртқы ортаның өзгеру жылдамдығымен анықталады. Ол тұтынушылардың үнемі сұранысының жаңаруынан, бәсекелестіктің өсуінен, ғылым және техника жаңалығының жылдам өнуінен, әсіресе ақпарат саласындағы жаңалықтар, адам ресурстары рөлінің өзгеруінен байқалады.

Қызыл

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №2(34) 2012



шешімдер үшін негіз болатын басқарушылық шешімдерін айтамыз, олар айтарлықтай анықталмағандықпен байланысты, өйткені бақыланбайтын сыртқы факторларды ескереді және көптеген ресурстарды тартумен байланысты.

Кәсіпорын стратегиясын құру және жүзеге асыру келесі блоктардан тұрады:

- қызметтің түрін анықтау және оның дамуының стратегиялық бағыттарын қалыптастыру (кәсіпорынның мақсатын және даму перспективаларын анықтау);
- кәсіпорын жұмысының бағыты;
- тандалған стратегияны тиімді жүзеге асыру және оны жүзеге асыру үшін жағдай жасау;
- нарықтағы жағдайды бағалау және талдау, қызметтің негізгі бағыттарына, мақсаттарға, өзгермелі жағдайларды ескере отырып стратегияға түзету енгізу.

Кәсіпорынның басқару стратегиясы үнемі дамып отырады. Әр кез ұсақ-түйекке дейін бәрін алдын-ала ойластырып, кейін ұзақ мерзімде өзгеріссіз өмір сүру мүмкін емес. Әрқашанда әсер етуге тиісті жаңа бір нәрсе табылады және нәтижесінде жаңа стратегиялық текшелер табылады. Сондықтан да стратегияны жетілдіру мәселесі шексіз болып келеді. Стратегия әрқашанда алдын-ала жоспарлап және ойластырылып қойған тәртіп сызығын үйлестіруі керек, сонымен қатар барлық күні бұрын жоспарланған жаңалықтарға әсер ету мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

Қазақстандық кәсіпорындардағы стратегиялық басқарудың қажеттілігі келесі алғышарттармен негізделген. Біріншіден, сыртқы ортаның тез өзгеруі басқарудағы жаңа әдістер, жүйелер және тәсілдердің пайда болуына септігін тигізеді. Екіншіден, қазақстандық бизнесіте белсенді интеграциялық үрдістер орын алуда. Үшіншіден, бизнесті жаһандардыру үрдісінің әсері, яғни тұтынушы стандарттау жүргізілуде. Бұл жағдайда стратегияны құру арқылы ұйым дамуының басымдылықтары мен ерекшеліктерін анықтау маңызды болып келеді.

Жалпы басқару стратегиясы тәжірибеде, бұл:

- стратегиялық мақсаттарға жету үшін жоғарғы басшылықтың ішкі түйсіктері мен басқару өнерінің үйлесімі;
- басқару жүйесінің түрлі иерархиялық деңгейінде орналасқан басқарушылардың жоғарғы кәсібилігі мен шығармашылығы;
- объектіні басқаруға қатысатын барлық қызметкерлердің мақсаттарға жетудің ең үздік жолдарын іздеуге, сонымен қатар

**Қызыл**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №2(34) 2012

1. Кәсіпорынның өзінің ұзақ мерзімді мақсаттары мен стратегиясын өз алдына анықтауы, яғни қоршаған орта параметрлерін болжау, өніммен қызмет көрсету ассортиментін жасау, өнім нарықтарын анықтау, баға тағайындау, шикізат қоюшыларды табу және т.б.

2. Қоршаған ортаның өзгерістері – жаңа әдістердің жүйелер мен тәсілдердің пайда болуы. Интеграциялық процестердің пайда болуы Қазақстандық бизнес ортада өнеркәсіптік топтар, коммерциялық компаниялар пайда болуда. Коммерциялық фирмалар, коммерциялық банктермен бірлесіп жұмыс жасай отырып, өнеркәсіптік кәсіпорындардың меншік иесіне айналуы. Сонымен қатар, олар инвестициялық жобаларға байланысты байқауларға қатысады. Өздерінің акцияларын ұтымды түрде сата алады.

3. Бизнесіте жаһандауы – шоғырланған фирмалар, бүкіләлемдік бүтін бірлік ретінде қарастырады. Мұнда ұлттық ерекшеліктер ескерілмей тұтынудың жалпы стандартизациясы жүзеге асырылады.

Стратегияға қатысты кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары түсінікті болуы керек және жоғарғы басшылық тарапымен қабылдануы өте маңызды. Стратегияны көбінесе компанияның жоғарғы басшылары құрып, қалыптастырады, бірақ оның іске асырылуын басқарудың барлық деңгейінде қатысуын талап етеді. Кәсіпорынның жаңа бағыттарының сұранысқа ие болуын, маркетинг бойынша кәсіпорын қызметін кеңейту және тұрақты табысты алуы және стратегияны сәтті қалыптастыру және іске асыру арқылы жүзеге асыруға болады.

Сонымен, стратегиялық басқарудың мәні тұрақсыз сыртқы орта жағдайында кәсіпорынның өмір сүруі және тиімді қызмет ету қабілеттілігін ұстап тұру мақсатында ішкі болып жатырған өзгерістерді үздіксіз бақылау және бағалау негізінде ұйымның даму стратегиясын қалыптастыру және жүзеге асырудан тұрады. Кәсіпорындағы стратегиялық басқару келесідей 5 функцияда көрініс табады:

1. Стратегияны жоспарлау.
2. Стратегиялық жоспарларды орындауды ұйымдастыру.
3. Стратегиялық мәселелерді ұйымдастыру бойынша әрекеттерді үйлестіру.
4. Стратегиялық нәтижелерге жетуге мотивация.
5. Стратегияның орындалу үрдісіне бақылау жасау.

Стратегиялық басқару функциясын іске асыру стратегиялық шешімдерді құру және қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Стратегиялық шешімдер деп болашаққа бағдарланған және жедел

**Қызыл**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №2(34) 2012



ағымдағы жоспарларды жүзеге асыруға белсенді қатысуы болып келеді.

Сонымен қорыта келе, кәсіпорын дамуының стратегиясын тандау үшін нақты ұсыныс беру қиын, өйткені әрбір кәсіпорынның нақты жағдайы мен оның мүмкіндіктеріне байланысты болып келеді. Жалпы, қандай да бір таңдалған стратегиялық басқару түрінің дұрыс таңдалғанын бағалаудағы негізгі белгісіретінде кәсіпорын табысын қарастыруға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бердалиев К.Б. «Менеджмент» лекция жинағы. – Алматы: «Экономика», 2002.
2. И. Ансофф. Новая корпоративная стратегия. – СПб.: Питер, 1999.
3. Фатхутдинов Р.А. Стратегический менеджмент: Учебник. – 7-е изд., испр. и доп. – М.: Дело, 2005.

## Империялық экспансияның рухани салдары (XIX ғ. 20–40 жж. Сарыарқа)

**Забира МЫРЗАТАЕВА,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
Магистратура және (PhD) докторантура  
институтының доценті,  
тарих ғылымдарының кандидаты

Орта жүз хандығын саяси тәуелсіз еткен «Сібір қазақтары туралы Жарғы» 1822 жылы бекітіліп, қазақтардың бұрынғы еркіндігінен айырды. Беделді би-сұлтандар түрлі әдіс-тәсілдермен мемлекеттік биліктен ығыстырылды. Сөйтіп, қазақ жерінде патшалық Ресейдің әскери-окупациялық тәртібі орнап, жаңа отарлық басқарманың тірек пункттері ретінде сегіз дуан құрылды. Дуан әкімшілігіне дәстүр бойынша қазақ қоғамының әкесі әлеуметтік топ өкілдерінен емес, қарасүйектен шыққан қазақтар да тартыла бастады. Бұл қоғамның ел билеу жүйесіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан тәртібін бұзып, қазақтардың екі топқа жарылуына, олардың өзара жауласып, рухани тұрғыдан бүлінудіңке ұрынуына алып келді.

Әрбір дуан, «Жарғыда» бекітілген заңдылықтар бойынша «салтанатты» жиындармен ашылды. Дуандардың ашылу салтанаты, патшалық әкімшілік үшін мереке-той болса, қазақ үшін «қайғылы жиын» еді. Патша әкімшілігі, халық дегбірін қашырған «қаралы жиындарынан» соң, өңірдің жайсаң жайлауы мен мөлдір өзен-көлдерін иемденіп, бұл жерлерге орыс-қазақ содырларын орналастыра бастады. Ақ шағала киіз үйлерден тұратын қазақ ауылдары суы жоқ шөлейт жерлерге ығыстырылып, оның орнына ат қоралар мен бекініс, горнизондар салынды. Әсіресе, қазақ содырларын ең шұрайлы жерлеріне орналастыру – мемлекеттік маңызы зор іс есебінде қарастырылды.



Тіпті оларға арнайы қолдау заңдары шығарылды. Сондай-ақ, қазақтардың бір дуаннан екінші дуанға өтуі патшалықтың арнайы шығарылған билеттеріне тәуелді ету көзделінді.

«1822 жылғы «Жарғыны» іске асыруда орыс-қазақтарының көмегі аса қажет. Олардың қазақ жеріне өз еріктерімен көшіп келу ынталарын арттыру керек делінді» бір құжатта – әрі қарай, онда: ол үшін тұрмыс жағдайларына қолайлы деген 30 десятин, тағы қосымша 15 десятин жер бөлінсін, және өз еріктерімен келіп қоныстанушы қазақ семьяларына қазынадан бір мезгіле 50 сомнан қаржы, ал семьясы бар әскер қызметшілері үшін жеңілдік ретінде әскери азық-түлік бөлінсін» [1, 279], – делініп, басқыншылық саясат ашықтан-ашық айтылған еді. Ресей, әкімшілігі тарапынан мұншама құрметке ие болған қазақ содырлары қазақ жерінде емін-еркін сайран салды. Қолдарындағы қарулы күшке сеніп, бейбіт халықтың жерін, малын зорлықпен тартып алып, өздеріне дөрекі қысым көрсетті. Мұндай заманда орыс әкімшілігіне арыз айтып, әділет табу – қазақ үшін қиынның қиынына айналды. Үстерінен әрдайым қадағалау, тексеру жұмыстары дұрыс жолға қойылмағандықтан приказ заседательдері де, өкімет атынан бөлінген билік пұрсатын теріс пайдаланды. Облыстық әскери губернатордың Батыс Сібір генерал-губернаторына жазған құпия мәлімдемесінде: «...кейбір заседательдердің қол астындағы жергілікті қазақ адамдарын күшпен басқарып, орынсыз зорлық-зомбылық көрсетіп отырғанында күмән жоқ» [2, 49] – деуі, жоғарыдағы ойды дәлелдей түскендей.

Отаршылдардың қокан-лоқысына ел ағалары немқұрайды қарап қалмаған. Әкімшіліктен дуан ашу ісі доғарылсын деген мазмұндағы Ғұбайдолланың, Қасым төренің, Сартай Шыңғысұлының, Кенесарының бірнеше хаттары өз кезінде жауапсыз қалып, талап-тілектері орындалмаған-тын. Бұл хаттарға жауап ретінде патшалық горнизондар мен бекіністерін орыс-қазақ содырларымен толықтырумен жауап берді. Мәселен, алғашқы округтер Қарқаралы және Көкшетау округтері ашылған сәтте, «Жарғы» негізімен, бұл жерлерге Иван Карбышев пен Лукин отрядтарын орналастырды. Қарқаралыға орныққан жетінші полк жүзбасы Карбышевтің отрядында төрт офицер, 36 урядник, 225 казак болса, 3-әскери старшыны Лукиннің отрядында 4 офицер, 26 урядник, 220 казак болды [3, 146].

Дуандарға бекітілген осыншама әскери күш бірінші кезекте аға сұлтанның басқан ізін қатаң бақылап отырса, екіншіден, орыс үстемдігіне қарсылық білдірген қазақтарды аяусыз жазалап отырды. Сондықтан, қазақ даласында хан билігі жойылған соң орыс әскери оккупациялық режим орнады деген тарихшы Е.Б. Бекмаханов, Б.М. Абдрахманова және т.б. пікірлерін дұрыс деп санаймыз [4, 125]. Жарғыда 128 бапта әрбір округ ашылғаннан кейін 5 жылға дейін барлық салық түрлерін төлемеуге рұқсат етілетін жеңілдік беріледі делінді. Алайда «бұл бап іс жүзінде өзгеше сипат алды. Себебі, орыстар қазақ даласына жетісімен-ақ халықты тонаумен айналысты. Ал, 129-бапта: «...бұл жылдары қазақтардан салық мәдени құрылыстар үшін ғана жиналады», – делінгенімен қаржыларға және күшпен тартып алынған жерлерге ешқандай мекеме тұрғызылмады. Бес жылдық мерзім аяқталған соң жыл сайын 100 бастан бір мал басын жинау салығы «ясак» алына бастады. Халықтан «ясак» жинау арқылы, приказ құрылысына белгіленген штатқа жұмсалған ақшаның бүкіл шығынының орны толықтырылып отырды. Мысалы, бір дуандық бұйрық 32 200 р. шығын кететін болса, 1836 жылы сыртқы округтың жылдық қорытындысы бойынша Қарқаралы дуанынан 70520 р. 37 тиын, Көкшетау дуанынан 33 300 р. «ясак» жиналған еді [5, 58–64].

«Жарғыда» «түйеден зекет алынбайды» – делінгенімен, дуандар құру барысында бұл заңдылық жайына қалып, халықта не бар барлық мал-мүлік зорлықпен тартып алынды. Мұндай басқыншылықтың салдарынан XIX ғасырдың 40 жылдарында ел жаппай жұтқа ұшырады, қайыршылана бастады. П.В. Алексеевко дерегіне назар аударсақ, ол, 1840–1841 жылдары Ертіс бойындағы қазақ ауылдары әсіресе, Бакты-Матай, Уақ және Керей болыстары тілмен айтып жеткізгісіз ауыр ашаршылықты бастан өткерді. Бұл аймақтың жағдайының нашарлағандығы соншалықты, шекара басшылығының өзі қорықты [6], – деп жазды. «Восточное обозрение» журналынан алынған деректе, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының алынған қаншалықты ауыр болғандығы ашық баяндалады. «Көшпенділерден орыстарға жерді тартып әперу жергілікті халық өміріне зор нұқсан келтірді. Отарлық үрдістің сонау бастамасынан-ақ, орыс-қазақтар қазақтың ең құнарлы жерлері зорлықпен тартып алынып келеді. Бұл миллиондаған қазақтардың, жайылым жерден айырылуы себепті қайыршыланып, аштыққа, жұтқа, жаппай ауруға ұшырауына әкеліп соқтырды» [7, 154] – деп жазды.

XIX ғасырдың 20-жылдарында мысық табандап ентелеп енген отаршылдық ғасырдың соңында қарқынды түрде жүрді. Қазақ жерін алғаш басқан қазақтар 15 десятин жерден иеленсе, енді ғасыр соңында олардың үлесіне 110 десятин жерден берілетін болды. Орыстардың отаршылдық тепкіні қазақтарды қатты шошындырды. Олар шекара шебіндегі казак поселкелеріне өрт қойып, шабуыл жасауын үдетті [8, 156], – деп жазады Н. Путинцев. Ал, С.Б. Броневский өз жазба-



сында орыс билігінің қазақ жеріндегі зардабын былайша суреттейді: «...патша өкіметі отаршылдыққа қарсы көтерілген қазақтарды шекара маңында ұсталса оларды орыс-қазақтарының жазалауына беріп тұратын болды. Ресейге аз да болса пайда келтірмейтін, абырой әпермейтін бұл шара қазақтардың жиі көтерілуіне себеп болды. Ал, патша рұқсатын өз пайдасына шешуді көздеген қазақ атамандары болса өзіне қарсы келген көптеген адал жандарды себепті де, себепсіз де ұры-қары ретінде көрсетіп, аяусыз жазалап, қуғынға ұшыратып отырды» [4, 156].

Сөйтіп, XIX ғасырдың бірінші жартысында патша өкіметі Қазақстанды жаулап алушылықтың барлық әдістерін қолдана отырып, шын мәніндегі бағыныштылық күйге түсіруге бет бұрды. Айта кеткен жөн, қазақтар дуан мүшелері мен қатардағы орыс-қазақтарынан көрген қорлығын айтып облыс бастығына шағымдануы, ешқашан әділетті, нәтиже алған емес. Отаршыл орыстардың көздеген мақсаты қазақты тонау, езгінің астына алу түпкілікті бағындыру секілді жолға бағытталғандықтан, олардың қай сатысындағы шенеунігі болсын кез-келген қозғалған істе «кінәліні» – «кінәсіз», «кінәсізді» – «кінәлі» етіп, ойына келгенін істеген еді. Тіпті, кей кездерде жазылған шағым хаттар облыс бастығының алдына жеткізілмей, жарты жолда жойылып кетіп жатты. Бұған, бірнеше архивтік деректер куә бола алады. Әсіресе, орыстық жүйемен сот ісін жүргізу әбден былықты болған еді. Сот істері жүздеп жиналып, ұзақ уақыт қозғалыссыз жатты. Тек қана билеуші сұлтандар, – Арслан Жантөрінде шешілмеген істің саны 2–3 мыңға, ал Баймұхамбет Айшуақовта – 2 мыңға дейін жетті [9].

Еуропа заңға бағынса, Шығыс дәстүрге бой ұрған. Қазақ қоғамында қылмыстық істердің жазасыз қалып, шиеленіскен кезі ешқашан болған емес. Қазақта қылмыстық істер билер кеңесімен, дәстүрлі заңдық нормалар бойынша әділ жолмен шешіліп отырған-тын.

Келесі бір аса толғандыратын мәселе – орыстық басқарудың рухани зардабы. Бұл жөнінде тоқталмау мүмкін емес. М. Сперанский «мырза» «Жарғыда» қазақ жерінде аурухана және дәрігерлік көмек үшін пункттер салынады, бұл қазақтарға арналады деп көлгірсіді. Алайда, қазақтар дәрігерлік көмек көрген жоқ. Себебі, әрбір округте небәрі екі-ақ дәрігердің бекітілуі тиіс болды. Бұл қазақ бұқарасы үшін тым аз. Екіншіден, әрбір округте жоғарыда атап өткеніміздей 300-дей қазақ әскерлері, онымен қоса приказ құрамында бірнеше орыс мүшелері болды. Осыншама, Ресей отаршылдарынан-ақ бұл медициналық көмек артылмайтын еді. Үшіншіден, орыстар қазақ тілін білмеді. Мұндай, карама-қайшылықтан соң-ақ, дәрігерлер

қазақтарға медициналық көмек көрсетіп жарытпайтыны белгілі жағдай. Сондай-ақ, дәрігерлік көмек қажет еткен қазақтар тілмәштарға жүгінуге мәжбүр болатын. Қазақтың басына түскен қиын жағдайды пайдаланып, тілмәштар, үстеме пайда тапқысы келіп, әрбір сөзі үшін ақы сұрап тіленетін де тұратын. Қазақта, бір науқас адамның қиналғанынан былай дегені бар еді: «Бұл дәрігерді ұлықтар пайда келтіреді деп ойласа керек. Бұл біздің қазаққа пайдалы емес, әбден залал көрінеді, бір ішім дәрі тұрады азар болса 20, һәм тілмәшқа 30 тиын, ол түсіндіріп айтпайды да. Бұл фельдшерлер Баяннан (округ орталығы авт.) ешқайда шықпайды, екі жыл болды еш қазақтар оның ішінде қазақтың жүргенін көрген емес, қайда барсын, қазақ тілін білмеген соң, біз ойлаймыз оны фельдшерлерге бір жаңа тілмәш патшалықтан қойса деп, сонда жақсы болар еді деп. Біздің қазақтар Баянда дәрігер бар екенін, әрі-беріден соң білмейді» [10, 129]. Сондықтан, «Жарғыда» «заң жүзіндегі» қазақ үшін ауру-хана салыну керек деген тек желеу еді.

Рухани зардаптың басты көрінісі ол – қазақтарды христиандыққа тарту болатын. Айта кету керек, шіркеулер қазақ даласындағы орыс-қазақтарының сан жағынан көбейген сайын саңырауқұлақша қаулай бой көтере бастады. Священниктер өз мектептерін ашып, онда, діни-наным-сенімнен өзге ағарту ісімен де айналысады – делініп көлгірсіді «Жарғыда». Сөйтіп, бірте-бірте орыстар сұлтан, старшындардың балаларын орыстандыруға тартты. Осындай жолмен қазақта ежелден келе жатқан мұсылман мектептерін, орыс мектептері бірте-бірте ығыстыра бастады.

«Қазақ мектептері мен медреселері сол кездегі өзінің барлық қолайсыздықтарына карамастан түркі халықтарының өмірінде маньзылды орын алған еді. Себебі, бұл ағарту орындары халықтың рухани дүниесін толықтырды және ұлттық сана-сезімін нығайтып, патшалықтың отарлық саясатына қарсы күрестің ошағы болды. Сондықтан, отаршыл өкімет Қазақстандағы мұсылман мектептеріне өшпенділікпен, дұшпандықпен қарады [11, 54], – деп жазды профессор С. Жақыпбек, 3. Садвакасова «Патшалық тұсындағы қазақ жастарын оқыту тарихынан» атты мақаласында. Мақалада, әрі қарай, патшалықтың орыстандыру саясатының жүргізілуі, сонау XVIII ғасырдан-ақ бастау алғанын айтады: «Қазақтарға арналған алғашқы орыс мектебі Омбыдан «Азия мектебі» деп аталып, 1789 жылы ашылған еді. Ал, ішкі ордада орыс тілін оқытатын қазақ мектебі 1840 жылы ашылса, 1850 жылы Орынбор шекара комиссиясы жанынан жаңа мектеп ашылған-тын. Барлық мектептерде би, сұлтандар,



дистанция бастықтары мен өзге де қазақтың белді билеушілерінің балалары оқытыла бастады. Мұндағы мақсат: отаршыл әкімшілік аппараттына шенеуніктер мен тілмәштер даярлау болатын [1, 238].

Орыс империализмінің қитұрқы саясатының рухани зардабы міне, нақ, осында. Қазақты бір-біріне айдап салу, өз ортасынан өз халқына қиянат жасайтын адамдарды дайындау – патшалықтың мақсат-мүддесі де осы болды. Өкінішке орай, бұл саясаттың барлық шаралары іске асты. Қазақ қоғамы екі топқа жарылды. Мұндай екі топқа бөлінушілік, империализмдік құрыққа түскен қазақ пен азаттықты армандаған қазақ арасындағы алауыздықты тудырды.

Қазақтарды империализм өзіне тартуды қызықтыру жолда-шен-шекпен кигізу, ақшалай ақы беру секілді қызықтыру бұлайша рымен, айла-тәсілмен басталды. Патшалық әкімшіліктің бұлайша алдау құрығына рухани әлсіз қазақтар түсіп жатты. Бұл жөнінде, бірінші кезекте Семеке ханның ұрпағы Қоңырқұлжа Құдаймендин отбасын атаймыз. Себебі, ол, орыстық билікке бірден бас ұрып, шен-шекпен, атақ-байлықтан есі кеткенше қызықты, мемлекеттік маңызы зор істерді көре алмады. Сөйтіп, хандық билікті қайта орнатуға, тәуелсіздік үшін ғұмырын арнаған ел ағаларына орыс-қазақтың қарулы күшіне қосылып қарсы шықты. Қоңырқұлжаның патшалық «итаршысына» айналғаны соншалықты, 1828 жылы 500 солдат бар Карбышев отрядымен бірігіп Айраққұмды мекендеген Құшақ Қасымов пен Сайдақтың ауылдарына шабуыл жасап 21 қыз, 8 әйел, 25 еркекті өлтірді, ал 80 адамды тұтқындады [1, 57]. Бұл ісі кісі шошылықтай екендігінде дау жоқ. Генерал А.К. Гейнс 1865 жылы 23 тамыздағы жазбасында оның портретін былайша сомдайды: «Біз Ақмолаға жеткенде бізді күтіп алушылар ішінде, округ сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин де болды. Ол көкірегі медальға толы полковниктік формада болды, мойны бриллиантқа толған» [12, 21]. Халық қанын төгіп, байыған Қоңырқұлжа отаршылдардың ортасында осылайша өмір сүріп жатты. Сөйтіп, Гейнс оның 1865 жылы 22 тамыз айында қаза тапқанын баяндайды.

Қоңырқұлжаның 16 жастағы баласы Бегалыны, әкесі уланған саясатты жалғастырушы ұрпақ ретінде атауға болады. Оның 16 жасында-ақ орыстарға көрсеткен мына бір ерлігі назар аударарлықтай. Патшалық, 1838 жылы Кенесары Қасымов басын 6000 сомға, ал оның ең жақын серігі болған Сейтен Азнабаевтың ағасы Тайжанның (Баянауыл округының заседатели) басын 4000 сомға тігіп, оны ұстап берушілерге сыйлық беретінін жариялайды. Бегалы, Тайжан Азнабаевты ұстап орыс әкімшілігіне сатып береді [13, 257]. Тайжан ауыр

жазаланып, өлтіріледі де, оның отбасы Туринскіге жер аударылған. Сөйтіп, Бегалының бұл ісі, Шортанбай өлеңінде:

Әуелгі қорлар зор болды,

Сондай зорлар қор болды.

Әуелгі барлар жоқ болды,

Сондай жоқтар ток болды.

Жөн білмеген жамандар

Ел билеген бек болды... деп күнтіренгеніндей «жөн білмеген жаманның ісімен сай еді» [14, 116]. Міне, осылайша патшалық Ресей бір ұлттың ер-азаматтарын іштен ірітіп, канға бөктірді. Империялық саясатқа дем беруші «жөн білмеген жамандар» бір ғана Құдаймендиндер емес, Сарт Жошыұлы, Тұрсын Шыңғысов өз еліне сатқындық жасады. Уақыт өте келе тәуелсіздік туын берік ұстанған Абылай ұрпағының өзі де екі топқа жарылды.

Ресей отаршылдығының рухани бағытының ауыр зардабы ол – жаппай орыстандыру еді. Ғұбайдолла отаршылдық тепкінді жолатпау жолында ғұмырының жартысын Сібірде айдауда өткізген болса, оның немересі Ғазы лейб-гвардия Атамандық полктың полковнигі болып шықты [15, 157]. Патша әкімшілігі Абылайды, Уәлиді, Ғұбайдолла, оның баласы Болатты бағындыра алмағанымен олардың кейінгі ұрпақтарының санасын орыстық идеологиямен уландыра алды.

XVIII ғасырдағы залым патша Екаторинаның сол кездегі арманы XIX ғ. аяғында толық орындалды. Ол: қазақты бір-біріне айдап салу, бірінің етін бірі жейтіндей етіп араздастыру, содан-соң, оларды өздерімен-өздерін орысқа келіп жалынышты етіп қоюды ашықтан-ашық қойған болатын.

Расында, империализмдік бағындыру саясаты түрлі формада қойылып, іске асты. Шортанбай ақын зарлап жырлағандай «Ағаны іні көрмеді, Атаға бала араз боп» [16, 117].

Орыстық басқарудың Арқа өңіріндегі зардабы сол – ұлттық саяси тәуелсіздіктен айырып, ел басқарар беделді аксүйек топтарын орыстық әкімшілікке тәуелді етіп қойды. Заманында қос империя арасындағы Қазақстанның беделін биік ұстанған Абылай хан ұрпақтары отаршылдық бұғаудың құрығында қалды. Кенесары Қасымовтың мына тарихи хатында орыстық үстемдіктің салдары ашық айтылды. Онда «Ұлы мәртебелі, сіздердің аталарыңыз бен менің атам Абылайдың хандық дәуірінде халық тыныш өмір сүріп еді. Біздің елден ешқандай салық алынбайтын. Енді, қазақтарға түрлі қысымшылықтар көрсетіп, салықтың түр-түрі жиналуда. Сіздің төменгі буындағы басшыларыңыз бүкіл қазақ халқы Ресейдің



|         |     |       |       |        |
|---------|-----|-------|-------|--------|
| Қушым   | 8   | 460   | 1380  | 1840   |
| Байбөрі | 28  | 1823  | 5469  | 7292   |
| Тобықты | 50  | 29    | 8934  | 11912  |
| Барлығы | 189 | 13589 | 34617 | 46.156 |

Бұл кестеде тек Қарқаралы болысы қазақтарының санағы көрсетілді.

Құжатта берілген мәлімет бойынша, ауыл, киіз үй, адам саны жағынан тобықты болысы бірінші орында тұр, екінші орында Байбөрі болысы көрсетілсе, үшінші орында Керей болысы қазақтары құрайды. Енді, төмендегі кестеде көрсетілген болыстар иелігіндегі мал санына назар аударайық [20].

2-кесте. Қарқаралы округі бойынша жүргізілген мал санағы

| №  | Болыс атауы қазақтардағы мал саны | Жылқы  | өгіз  | Қой    |
|----|-----------------------------------|--------|-------|--------|
| 1  | Дүйсенбай-Шекшек                  | 17252  | 4891  | 30695  |
| 2  | Қара-Айтымбет                     | 16789  | 5342  | 57915  |
| 3  | Өлтебет                           | 8628   | 3433  | 34120  |
| 4  | Қарауыл                           | 9294   | 4502  | 48231  |
| 5  | Қояншы-Торғай                     | 4851   | 1282  | 32080  |
| 6  | Өлтеке-Сарым                      | 17893  | 5434  | 102858 |
| 7  | Төленгіт                          | 7374   | 3744  | 53286  |
| 8  | Керей                             | 20170  | 3755  | 84653  |
| 9  | Тарақты                           | 4286   | 3141  | 27395  |
| 10 | Қушым                             | 4275   | 3164  | 28795  |
| 11 | Байбөрі                           | 28111  | 9913  | 156840 |
| 12 | Тобықты                           | 13112  | 6284  | 127918 |
|    | Жалпы                             | 154035 | 52855 | 77556  |

Мұнда, халық саны жағынан бірінші болған Тобықты руы қазақтарында жылқы саны төртінші орында жазылған. Ал Байбөріліктер халық саны жағынан екінші орында тұрса да, олардың иелігіндегі мал саны барлық болыс қазақтарының малынан көп болғанын байқаймыз. Мұны, біз мынадай жағдаймен байланысты деп түсінеміз, яғни, қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығы ондағы халық санына байланысты емес, табиғи ортаға байланысты өсіп дамитын болу керек. Тобықты болысының қазақтары өлкенің шығыс жағын, одан әрі Солтүстік аудандарын мекендеген, ал Байбөрі болысын құрайтын Қуандық, Шұбыртпалы рулары Балқаш көлі маңын, Арқа даласының оңтүстік аймақтарына көшіп-қонған. Мұның өзі Байбөріліктердің дәстүрлі мал шаруашылығының дамуына әлдеқайда қолайлы орынды мекендегенін және сол себепті олардың малға бай

бодандығын қабылдады деп өтірік жар салды. Марқұм атам Абылай жерлеріне сегіз дуан салынды. Бұл біздер үшін өте қайғылы, әсіресе, ясақ салғын төлеп тұру, жақсы жерлерден қуғындалу жан күйзертерлік жағдай. Сондықтан ұлы мәртебелі Арқа жеріндегі сегіз дуанды, салынған құрылыс мекемелерді жойып баяғы қалпында қалдыруыңызды талап етемін» [17, 27].

Осы мазмұндас 1837 жылы жазған Ғұбайдолланың да хаты, орыстық басқыншылықтың зардабын бұлтартпас дәлелі. Ол хатта, хан көлі шатқалында 5 тен 7 ге дейін, Азат шатқалында – 7, Иман-тау шатқалында 5 татар ауылдарының пайда болғанын, оның үстіне жаңа тракт бойынан 6 пикет, әсіресе, қазақтың нағыз қыстауы – Зеренді, Қошқарбай шатқалдарынан орыс-қазақтарының ат қораларының салынғандығы баяндалды. Хатта әрі қарай, бұл келісімдердің жерді тартып алуымен қоймай, қазақтардың дүние-мүлкін тартып алып, өздерін жәбірлегендігін ашына жазды [18, 3–4].

Патшалық өкіметтің, қазақ даласындағы әкімшілігі жергілікті халыққа шектен шыққан қысым көрсетті. Елден есепсіз салықтар жинады, қарсылық көрсетіп, салық төлеуден бас тартқан қазақтарды қамшының астына алып, өлімші етіп ұрып тастады. Салық жинау кезінде, орыс шенеуніктері өз басына үстеме пайда табу үшін, «заңсыз» теріс әрекеттер жасап, онсыз да кедейленіп біткен халықты тонаумен болды.

Салық жинау үшін алдымен халықтың жалпы санағы жүргізілді. Патшалықтың тұтас Арқа хандығын бөлшектеп басқарудағы мақсаты 123000 кв.миль алқапты қамтыған Сары-Арқа халқындағы байлықтың санын білу үшін керек болды. Мәселен, қазақтың алғашқы санағы алынған мәлімет, Қарқаралы сыртқы округының ашылуымен байланысты жүргізілді. Оны мына кестеден көре аламыз [19, 30].

1-кесте. Қарқаралы округі бойынша жүргізілген санақ

| Болыстар         | Ауылдар саны | Киіз үйлер | Адамдар саны |         |
|------------------|--------------|------------|--------------|---------|
|                  |              |            | ерлер        | әйелдер |
| Дүйсенбай-Шекшек | 13           | 798        | 2394         | 3192    |
| Қара-Айтымбет    | 11           | 713        | 2139         | 2852    |
| Алтымбетовская   | 7            | 493        | 1279         | 1972    |
| Қарауыл          | 4            | 240        | 720          | 960     |
| Қояншы-Торғай    | 11           | 544        | 1632         | 2176    |
| Өлтеке-сарым     | 15           | 1048       | 3144         | 4192    |
| Төленгіт         | 14           | 857        | 2571         | 3428    |
| Керей            | 19           | 1045       | 3135         | 4180    |
| Тарақты          | 9            | 590        | 1770         | 2360    |



болғанын көрсетеді. Көптеген тарихи құжаттарда кездестіргеніміздей, орыс-казактарының Байбөрі казактарына ерекше қысым көрсетуі де тегін емес еді.

Міне осылайша алынған халық санағы мен мал саны бойынша, патша әкімшілігі, енді ясақ жинауды бастады.

Ясақ кейде заттай, кейде ақшалай төленді, жылқы үшін 10 сом, ірі-қаралы малға – 5 с.75 т., қойға 26 тиын 1 күмістен. Патша әкімшілігі көрсетілген «тәртіп» бойынша жыл сайын жинайтын дәстүр шығарды. 1852 жылдары бұл салықтың көлемі әлдеқайда өсті: 1832 жылдан 1836 жылдар аралығында, Қарқаралы округынан – 369852 сом. Көкшетау сыртқы округынан 136590 сом ақшалай салық жиналды [20, 35–36, 167–168]. Ал, бұл сандардың қаншалықты көп болғанын сезіну үшін жоғарыдағы әрбір мал басына назар аударайық. Орта есеппен, 21 және бір округтегі халық санына назар аударайық. Орта есеппен, 21 мың киіз үйден тұратын 1 дуан жұртынан 370 мың сомдық мал-мүлік жиналған. Бұл, құжат тек ресми, қағаз бетіне түскен мәлімет. Ал, «заңсыз» жолмен жиналған салық қанша болған еді, оны да естен шығармау керек. Міне, осындай қарқынмен тоналған халық, аз уақыт ішінде тақыр кедейге айналып жатты. Иә, расында-ақ, қазақ даласы отаршыл орыстардың аяғы жетпей тұрған заманда, біз үшін ертегі секілді табын қой, үйір жылқы, топ сиырға толы еді. Осышалық байлықты елден жұрдай еткенше тонау, Ресей империясының бас-ты көздеген мақсаты болды. Зор байлыққа көзі тұнған патшалық әкімшілік дуан құруды қанқұйлы қактығыстар болған жағдайда да, еш тоқтатпауға бұйырып, қайткен күнде қазақтың жері үстіндегі мен жер қойнауындағы байлықты Ресей меншігі етуге ұмтылып бақты. Сонымен, XIX ғасырдың 20–40 жылдарында Ресей империализмі бекіткен басқару жүйесі отарлық саясаттың түрлі тәсілдері арқылы іске асты. Жергілікті би-сұлтандарды отарлық билікке тарту арқылы жаулап алу саясатын жеңілдетті, әрі оның қарқынды іске асуына қою ашты. Ел ішіне іріткі салу, бірін билікке тартып, екіншісіне қарсы қою сияқты империалистердің әдеттегі қолданатын әдістері арқылы Ресей империализмі де, өз саясатын «нәтижелі» орындап шықты.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.

2. ҚРОМА 338-қ. 1-т. 411-іс. 49 п.
3. Тогжанов Е.Х. «Сібір қазақтары облысының басқармасы» және оның Ресей Шығыс саясатындағы орны (1822–1868): (ҚРУҒА. Мемлекеттік және Заң институты. Заң, ғыл. канд. ғыл. дәрежесін алуға жаз. дисс. 12.00.01.). – А., 1995. – 146 б.
4. Путинцев Н.Г. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со времени водворения Западно-Сибирских казаков на занимаемой ими ныне территории. – Омск, 1891. – 256 с.
5. Бекмаханов 125; Абдрахманова Б.М. Разработка М.М. Сперанским Устава о Сибирских Киргизах 1822 г. // Вестник Московского университета. Серия историческая. – №8, 1991. – С. 68–77; Соныкі, История Казахстана: Власть. Система управления, территориальное устройство в XIX веке. – Астана, 1998. – 132 с. ООМА. 3-қ. 1-т. 163-іс. 32-п.
7. Алексенко Н.В. – 154 б.
8. Судьба киргизского народа // Восточное обозрение. – №28, 1859. Отечественные записки. – 1830. – 120 с.
10. «Дала газетінің уаляаты» – Алматы: Ғылым, 1994. – 816 б.
11. Жақыпбек С., Садуақасова З. Патшалық тұсындағы қазақ жас-тарын оқыту тарихынан // ҚазМУУ хабаршысы. – 1999, – 54 б.
12. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. – Т. I–II. – СПб., 1897. – Т. II. – СПб, 1898.
13. Хронологический перечень Акимолинской области // Памятная книжка Акимолинской области и Омской области. – 257 с.
14. Әдеби мұра және зерттеу жөнінде аталған еңбек. – 116 б.
15. Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. – Казань, 1900. – 157 б.
16. Әдеби мұра және оны зерттеу. – А-А., 1961. – 117 б.
17. ООМА. 366-қ. I-т. 170-іс. 27-п.
18. ҚРОМА. 338қ. I-т. 582-іс. 3–4 б-б.
19. Мұқанов М.С. Этническая территория казахов в XVIII – нач. XX вв. – А-А., 1991. – 30 б.
20. ҚРОМА. 338-қор, 1-тізбе, 187-іс. 35-36, 167–168-п.



## Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымы

**Элмира ТЕЛЕУОВА,**  
әл-Фараби атыдағы ҚазҰУ-дың  
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,  
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақ қоғамы өзіне тән әлеуметтік қатынастардың күрделі даму үрдісінен өтті. Кеңестік дәуірдің тарихнамасында адамзат қоғамының дамуын қоғамдық-экономикалық формацияға «бес мүшелі» схемалық тұжырымдамада пайымдады. Оның негізгі нысаны, қоғам дамуының кезеңдерін тек өндіріс әдісі мен өндірістік қатынастар бойынша ғана анықталатын формациялық шеңбер құрады. Бұл кезеңнің зерттеулерінде қоғамдық-экономикалық формацияда материалдық примат қоғамның руханилығынан үстем қарастырылды. Қоғамның дамуындағы қоғамдық ойлау, мәдениет, идеология тыс қалып отырды. Рухани өмірдің динамикасы-тарихи прогрестің негізгі факторы ретінде ескерілмеді. Қазақ қоғамының дамуы капитализмге дейінгі біртұтас қоғамдық-экономикалық формациядан өткендігі қабылданып, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани даму ерекшелігі ескерілмей қалды. Қазақ қоғамын зерттеуге арналған еңбектерде негізінен таптық қанау, тап арасындағы күрес формасы терең қарастырылды. Сонымен қатар қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктеліс мәселесі әлеуметтік топтың экономикалық мүддесі тұрғысынан анықтау орын алды. Бұл жағдайда дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымның саяси және рухани жағынан атқарған тарихи қызметін қарастыру мүмкін болмады.

Тарих ғылымындағы соңғы кезеңдердегі зерттеулердегі басымдылық танытқан тұжырымдар адамзат тарихының дамуын «бес мүшелі» схема бойынша анықтау жеткіліксіз болатындығын көрсетті. Мұнда өркениетті халықтардың мәдениетін, шаруашылық тәжірибесін, саяси құрылыс нысандарын, идеологиясын қабылдай

отырып, көптеген халықтардың тұтас даму сатыларына соқпай өтетіні анықталды [1]. Осыған орай қазақ қоғамының даму үрдісінде көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдардың өркениеттілік ерекшеліктері және қазақ қоғамының өркениеттілік ерекшеліктерін талдау қажеттілігі туындады. Қазақ қоғамын зерттеудегі бағыттардың бірі «көшпелі қоғам» тұрғысында болды. Қазақ қоғамын номадизмнің қоғамдық қатынастары тарапынан зерттеу өзінің ағысын тапты. Осыған орай «номадизм» тұрғысында көшпелі қоғамның мәдени-тарихи дамуын зерттеудің бағыттары қалыптасты.

Көшпеліліктің қалыптасуының бастапқы факторлары және оның өзіндік қоғамдық даму ерекшелігі жөніндегі ізденістер жүргізілді. Номадизмнің шығуы және оның дамуы арқылы көшпелі қоғам өміріндегі табиғи-климаттық жағдайдың әсері және әлеуметтік-экономикалық фактордың ықпалының зерттелуі тарихшылардың тарапынан тыс қалған жоқ. Тарихнамада көшпелілікке өту үрдісі кездейсоқтық емес деп қорытынды жасалынды. Сонымен қатар мал шаруашылығымен айналысып жүрген тайпалардың дәстүрлі шаруашылық типіне өтуі және оның сапалы деңгейге көтерілуінің себептерін ашатын пікірлер қалыптасты. Номадизмге жартылай отырықшы малшылар мал басы санының өсуінен жайылымды кеңейту мақсатында өтті деген пікір білдірсе, тағы бір зерттеушілер бұл үрдістегі шешуші қызмет атқарған климаттық өзгерістер болғандығына тоқталады. Номадизмнің қалыптасуындағы табиғи ортаның әсерін Л.Н.Гумилевтің [2] еңбегінде жан-жақты талдау жасалынды. Сонымен қатар номадизмнің пайда болуына алғашқы қауымдық қатынастарға ыдыраған көшпелілерге онтүстігіндегі отрықшы мемлекеттердің саяси және экономикалық қысымы әсер болғандығы туралы пікірді А.М. Хазанов өзінің зерттеуінде [3] ұсынған болатын. Көшпелі тұрмыста мал шаруашылығымен айналысатын тайпалардың сана-сезімінде әскери қоғамдық қатынастардың сақталуы олардың көшпелілікпен айналысуының бастауы болды деген тұжырымдар да болды. Г.Е. Марков [4] мал шаруашылығымен және бақташылықпен айналысатын халықтардың номадизмге өтуіне ауқымды факторлар жиынтығы-климаттық, антропогендік, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени негіздер құрайтындығын көрсетті. Көшпелі қазақ қоғамының құрылымында көшпелі тұрмыстың маңызды орын алатындығы рас.

Көшпелі тұрмыс қазақ қоғамының саяси құрылысына, әлеуметтік құрылымына, дүниетанымына, мәдениетіне өз әсерін тигізді. Көшпелі қоғамның дамуы, таптық деңгейі, әлеуметтік-экономикалық



құрылымы және өз мемлекетін құруға қабілеттілігі жөніндегі мәселелер кеңестік дәуірдегі зерттеулерде жиі талқыланып отырды. Көшпелі қазақ қоғамына қатысты зерттеулерде екі бағыттағы тұжырым қалыптасты. Бірінші бағыт көшпелі қоғамның таптарға бөлінгендігін, әлеуметтік жіктелу болғандығын және оның мемлекеттік құрудағы мүмкіндігін ашып көрсетті. Екінші бағыт көшпелі қоғам таптық қоғамға дейінгі деңгейде болды деген пікір білдірді. Бірінші көзқарасты қолдаушылар қазақ қоғамындағы малға немесе жерге қатысты меншік түрінің болуы әлеуметтік дифференциацияны қалыптастырды деген ұйғарымдар жасады.

Қазақ қоғамында малға қатысты меншік түрінің болғандығын және көшпеліні қанау меншіктеу негізінде жүзеге асқандығын С.Е. Толыбеков және В.Ф. Шахматов [5] зерттеулерінде, жерге қатысты меншік түрінің болғандығын Б.Я. Владимирцов, М.П. Вяткин, Н.Г. Аполлова, К.А. Пищулина, Т.И. Султанов [6] қарастырған болатын. Мұнда қазақ қоғамында жер өндіріс шарты ғана емес, өндіріс құрал-жабдығы болып табылады деп санады. Дағдылы құқық нормаларына байланысты жерді (жайылымдарды) пайдаланудың қауымдық нысаны сақталған жағдайда малдың ірі меншік иелері көшіп-қону жерлеріне билік етті, іс жүзінде ең жақсы жайылымдарды иеленді, қанау малды меншіктену ғана емес, жерге меншік негізінде де жүзеге асырылды. К.А. Пищулина көшпелілер арасындағы әлеуметтік жіктеліс отырықшы халықтардың әлеуметтік дамуындағыдай заңдылық болды деген қорытынды жасады [7]. Осы бағыттағы көзқарасты қолдаушылар көшпелі тайпалар мен халықтар арасындағы тарихи дамуының жалпы арнасында жүріп өтіп, өз эволюциясында таптық қатынастарға жетті деген тұжырым қабылдады. Қазақ қоғамының формациялық деңгейін патриархаттық-феодалдық қоғам болды деген баға орнықты.

Екінші бағыттағы зерттеулердің тұжырымдамасы бойынша көшпелілер ертедегі таптық қоғам немесе дамымаған қатынастар деңгейінде анықталды. Сонымен қатар көшпелілерде әлеуметтік құрылымдар жетілмеген, таптық тартыстың формасы болмады, жеке шаруашылық түрінде ыдырай бастады деп көрсетілді. Көшпелілер мемлекеттік деңгейге өз бетінше жете алмайды, бұл оларда отырықшы шаруашылықты өңірлерді жаулап алу арқылы және осылардың тәуелділігінің нәтижесінде қалыптасу мүмкіндігіне назар аударды. Номадизмді зерттеушілер арасында көшпелі қоғамды дәріптеушілер немесе оның артта қалушылығын қолдайтын көзқарастар қалыптасты. Көшпелі мәдениеттің отырықшы

мәдениетсіз өмір сүруі мүмкін емес деп, кейбір жағдайда екеуін бір-біріне қарсы қою да зерттеулерде орын алды.

Қазақ қоғамын көшпелі қоғам тұрғысынан қарау жеткіліксіз. Себебі қазақ қоғамы өзінің даму үрдісінде көшпелі және отырықшы мәдениеттің ортақ ұштасуының нәтижесі болды. Өркениет зерттеушілерінің бір тобы Евразия даласындағы көшпенділердің тарихи даму үрдісін бөліп алып қарауға болмайтындығын ескертеді. Өйткені, ол көшпенділер, біріншіден, басқа көршілес қауымдармен ара қатынаста болды, ал ол қауымдар болса отырықшы-егіншілер, қала мәдениеті дамыған өлкелерде тұрды. Екіншіден, көшпенділердің өз ішінде жартылай отырықшы малшылар тобы болды. Үшіншіден, көшпенділіктен отырықшылыққа көшу, қалалық мәдениетпен ұштасу, түйісу тенденциясы тарихта орын алды. Таза көшпенділік Евразияның сайын даласында болған емес, қала мен дала одағы, отырықшылық пен көшпенділік өзара ұштасып, бір-біріне кірігіп, байланысып жатты. Сондықтан да Евразия сахарасында таза көшпенділер өркениеті емес дала мен қала мәдениеті ұштасқан Дала өркениеті дамыды. Дала өркениетінің жоғары деңгейдегі өзіндік дамуы, әлеуметтік-саяси құрылымы, рухани әлемі, экономикалық негіздері дәстүрлі қазақ қоғамын қалыптастырды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымын қоғамдық-экономикалық тұрғыда ғана емес, өркениеттілік тұрғысынан пайымдау зерттеулерде орын алып отыр. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын саяси белсенділігі, биліктегі құқықтары арқылы анықтау қажеттілігінің дұрыстығы зерттеулерде көтерілді. Кеңестік дәуірде орныққан қоғамдық қатынастарда жеке меншіктің болуы, қарама-қарсы екі тап арасындағы қайшылықтарды қоғам дамуының анықтамасы ретінде қарастыру бәсеңдеді. Қоғамның дамуын формациялық шеңберде қарастыруда қоғамның саяси дамуы, мемлекеттік нысандары, мәдениеті, діні, идеологиясы сияқты өркениет ұғымына кіретін жақтары ескерусіз қалып отыратындығына көңіл бөлді. Дәстүрлі қазақ қоғамын құрайтын институттардың қызметін «өркениеттілік» тұрғысынан теориялық зерттеу тарихшылар тарапынан жүргізілуде.

Француз ағартушылары XVIII ғасырда «өркениет» терминін азаматтық қоғамды, яғни әділетті-құқықтық қатынастарға сүйенген құрылымды анықтау мақсатында қолданды. Бұл терминге кейін келе әр-түрлі мағына беріле бастады. Американдық антрополог Л. Морган мемлекеттік және жеке меншіктен пайда болған «тағылықтан»



кейінгі реттелген адамзат қоғамының дамуының сатысы ретінде түсінік берді. О. Шпенглер цивилизацияны мәдени-тарихи типтің фазасы деп қабылдады. А. Тойнби локальді цивилизация тұрғысында тарихи-мәдени жүйенің дамуының құрылымы деп қарастырды. Тарихшылар қоғамның дамуында бұл терминді әлемдік және локальді цивилизация мағынасында қолданып жүр. Ю.В. Яковец [8] әлемдік өркениет пен адамзат тарихының кезеңі ғасырларға созылған саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани өмірінің тарихи даму мағынасын түсіндіреді. Бірақ оған қарсы пікір айтушылар да бар. Әлемдегі көптеген халықтардың өзіндік тарихи циклі бар және оны ортақ адамзат өркениеті тұрғысында қарастыру мүмкін емес деген сынды ойларды келтіреді.

Сондықтан локальді өркениет тұрғысында адамзат қоғамының дамуын қарастыру мүмкіндігін ұсынады. Ортақ тарихи дамудан өткен халықтардың мәдени-тарихи, этникалық, діни және экономикалық географиялық ерекшеліктері локальді өркениетінде сипатталды. Олай болған жағдайда көптеген халықтардың даму тарихының ерекшеліктері өз деңгейінде зерттелуден тыс қалады. Сондықтан адамзат қоғамының даму тарихында өркениеттің әлемдік және локальді мағынасында тең дәрежеде қолданған жөн. Өркениет үнемі даму үстінде болады. Оның өмірлік циклі статистикалық формация-да емес, эволюциялық типтің динамикалық құрылымында өтеді. Ол өзінің даму фазасында пайда болуы (генезисі), құлдырауы, ыдырауы сияқты кезендерден өтеді. Әлемдік цивилизация формациялық схемаға мейлінше жақын келеді. Бірақ әлемдік цивилизация тарихтың басталуын неолиттік революциядан бастап, адамзаттың өмір сүру жағдайында тоқталмай жалғаса беретіндігін көрсетеді. Ресей ғалымы Ю.В. Яковец қоғамның құрылымын бірігіп, тәуелділігіне қарамастан, өзіндік қарым-қатынастарға негізделген вертикальді бес қабатты пирамидаларға бөлген.

Бес қабатты өркениет пирамидасының құрылымын маркстік схемадағы бес сатылы қоғамның дамуының шексіз болатындығы, алғашқысында адамзат қоғамының дамуының анықталады, екіншісінде оның динамикасының толассыздығы анықталады, үшіншісінде адамзаттың жоғарғы қоғамдық формациясы коммунистік саты тарихтың үнемі қозғалыстағы әрекетіне қайшылық туғызады. Осыған орай адамзат қоғамының даму тарихын формациялық көзқараспен ғана қарап қоймай оған өркениеттік көзқараспен қарау қажеттілігі туындап отыр. Соңғы жылдардағы зерттеулерде өркениеттік дамудың ерекшелігіне және оның анықтамасына талдау

жасалынды. Оның ішінде М.Қ. Қозыбаев «Өркениет хақында» атты мақаласында [9] өркениеттің анықтамасы берілген тұжырымдарды көрсетсек болады:

1. Өркениет тірнек (материальная), көрнек (духовная) мәдениеттерінің ұзақ мерзімді тарихи дамуының нәтижесі;
2. Бір немесе бірнеше ірі этностардың (халықтардың) этнодемократиялық мәдени әлеуметтік бірлігіне негізделген өркениет ауқымы бірде есіліп-көсіліп, бірде тарылып-қысылып дамығанымен оның өзегі негізді болады. Евразия сахарасындағы Дала өркениетінің өзегі бір заманда түркі тайпалары, оның ішінде қыпшақтар болса, кейін қазақтар екендігі дау тудырмаса керек. Ұлы Мағжанның түркі жұртына ұлы шаңырақ иесі болып қазақ қалған жоқпа?-деуі де осыдан болса керек.

3. Өркениет-мәдени тип, ол ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесі, тұйық, ағысы жоқ жерде эволюциялық даму емес, борсу бар, іру бар, піру бар, бір орнынан қозғалмай, тыпырлау бар. Қалай болғанда, өркениет дегеніміз эволюциялық белгілі бір дәрежеде этностармен мемлекеттердің аралас-құралас қана емес тарихи және мәдени біртектілік болымысының автономды дамуы болса керек. Қазақ қоғамын Дала өркениетінің тұрғысында пайымдау арқылы оның әлемдік дамуға қосқан үлесін осы мақалада М.Қ. Қозыбаев жіктеп берген болатын. Олай болса қазақ қоғамының ерекшелігін осы өркениеттің тұтастық негізінде талдауға болады.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын өркениеттік тұрғысында зерттеу қағидасы бойынша ізденіс жүргізген А. Оразбаеваның еңбегінде берілген төмендегі тұжырымның маңыздылығы ерекше: «Сонымен, көшпелі қоғамның шаруашылық-экономикалық және саяси ерекшелігі айналып келгенде бір ғана өркениеттік факторға көлбеу (горизонталды) қарым-қатынастарға негізделген әлеуметтік байланыстарға тәуелді десе болады. Көлбеу әлеуметтік қарым-қатынастар экономикалық мүдделікке негізделген таптық жіктелісті жокқа шығарады. Нақты таптық жіктелістің болмауы өз кезегінде қоғамдық іс-әрекет атаулының барлығы эканомикалық немесе саяси ғана емес, сол сияқты әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерге негізделуін қамтамасыз етеді.

Осы тұрғыдан келгенде, тарихилық қағиданың өзі тарихи болмыстың тек материалдық қыры ғана емес, рухани мәнінде айқындайтыны ақиқат. Ендеше, ұлттық тарихымызды талдау, саралау барысында зерттеудің негізгі нысаны ретінде қандай да бір жалаң, абстрактілі өндіріс тәсілін емес, қоғамдық дамудың



алеуметтік-мәдени қырынан келгендегі ұдайы өндірісін қарастыру тиімдірек сияқты» [10].

Қазақ қоғамының дамуы оның алеуметтік-экономикалық қатынастарынан емес, қоғамның саяси құрылымы, билік қатынастарының ұйымдастырылуы және мәдени қажеттіліктердің тетіктерінің тұрғысынан ерекшеленді. Қазақ қоғамындағы нақты құрылымы тұрғысынан ерекшеленді. Қазақ қоғамдық іс-әрекет таптық жіктелістің болмауы өз кезегінде қоғамдық саяси ғана атаулының барлығы алеуметтік-экономикалық немесе саяси ғана емес, алеуметтік және мәдени қажеттіліктерден келіп туындауын қамтамасыз ететіндігін көрсетеді.

Ортағасырлардағы қазақ қоғамында алеуметтік жіктелудің болуы оның қатынастарының даму тарихи зерттеулерде өз дәрежесінде талқыға түспеген мәселелердің біріне жатады. Мұның басты себебі зерттеулерде Қазақ хандығының саяси тарихына тереңірек көңіл бөлініп, ал оның алеуметтік қатынастары дамымаған көшпелі қоғамдық құрылыстың құбылысы ретінде ғана көрсете білген. Негізінде ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық реттеулер мен оның түсінігі ескіден қалған дәстүр болды, ол бүтіндей алғанда өзіндік сыртқы қабаты ретінде қоғамның кешкен тұрмысында алеуметтік қатынастарының бөлінуінің экономикалық мүддесі арқылы анықталған болатын.

Ендігі жерде қазақ қоғамының алеуметтік құрылымына және ондағы жіктелу үрдісіне тоқталмас бұрын, жалпы қоғамның алеуметтік құрылымы және алеуметтік жіктеуге тұжырымдық сипаттама беріп өтсек болады. Алеуметтік құрылымды қандай қоғам болсын, алатын орнына қарай ажыратылатын алеуметтік топтардың жиынтығынан анықтайды. Маркстік және Лениндік ілімнің үстемдігі тұсында тарихи зерттеулерде алеуметтік-саяси жүйеде өзінің экономикалық және саяси орнын көрсететін топтардың ерекше белгілері болды.

Алеуметтік топтардың сипаттамаларын өлшеу (әр түрлі елдердегі), бір елдің ішіндегі жағдайларын анықтау үшін алеуметтік жіктеу (стратификация) деген ұғым енгізілді. Алеуметтік жіктеу қоғамның құрамына енетін топтардың анықталған жиынтығын түсіндірді. Бұл теория сол қоғамға тән маңызды белгілер мен бір-бірінен ерекше алеуметтік жіктелудің жиынтылығы – меншік сипатын, табыс мөлшерін, билік көлемін, беделін, ұлттық, тағы да басқа белгілерін ажыратуды қамтамасыз етеді. Олай болса алеумет – сол қоғамның портреті деуге болады. Сонымен жіктеу – отбасының, жеке адамдардың бір-біріне тең емес билік, меншік және атақтарына қарай түрліше топталатын үрдістің нәтижесі.

Алеуметтік жіктеу теориясы бойынша экономикалық және алеуметтік құрылым өзара байланысты. Бірақ экономикалық қатынас алеуметтік құрылымды өзгертуінде іске асырылмайды. Алеуметтік құрылым біздің өміріміздей шындықтың негізі болып есептеледі. Тұжырымдағанда құрылым бірлестіктердің өзара қарым-қатынасын сипаттайды: алеуметтік топтық, алеуметтік топтар және жіктер, алеуметтік-демографиялық (жастар, әйелдер, ерлер, қарттар), алеуметтік-этникалық (ұлттар, халықтар), алеуметтік-кәсіби (қызметі), алеуметтік-мәдени және алеуметтік-территориялық.

Біздің негізгі зерттейтін нысанамыз қазақ қоғамындағы алеуметтік топтардың алеуметтік-этникалық, алеуметтік-кәсіби (қызметі), алеуметтік-мәдени және алеуметтік-территориялық құрылымның негіздері. Өйткені күрделі дәстүрлі қазақ қоғамының алеуметтік құрылымы оның осы ұлтқа ғана тән белгісі, алеуметтік-кәсіби билеуші топтық атқарған қызметіне орай, алеуметтік-мәдени топтың ұлттың руханилық мүддесіндегі қызметін айқындалса, алеуметтік-территориялық жағынан қалалы, отырықшы аудандарындағы алеуметтік топтың өз ерекшелігі болды.

Қазақ қоғамындағы алеуметтік қатынастар жүйесі өзіне дейінгі далалық өңірде өмір сүрген әскери-потестарлық құрылымдардан жалғасын тапты. Бұл жүйеде генеалогиялық принципке сүйенген алеуметтік топтарға бөліну бағыты болғандығы жөнінде тарихшы И.Е. Ерофеева өз зерттеуінде талдаған: «Черезвычайно важная роль в ней принадлежала генеалогическому принципу ранжирования различных социальных групп, который опирался на традиционные представления о правах первородства, родства и старшинства» [11]. Сонымен қатар осы автордың зерттеуінде қазақ қоғамының дәстүрлі потестарлық-саяси ұйымының генеалогиялық принцип бойынша іске асуына төмендегідей талдау жасайды: «в форме исторически сложившегося деления казахов на три крупных этнотерриториальных объединения – Старший, Средний и Младший жузы; многоступенчатой иерархии правовых статусов составивших их кланово-патронимических групп; статусной иерархии различных субъектов властных отношений по критерию клановой и сословно-кастовой принадлежности» [11]. Қазақ қоғамының алеуметтік шеңберін ғасырлар бойы қалыптасқан рулық-тайпалық бірлестіктер арасындағы өзара қатынастық, бірнеше сатылы құқықтық артықшылықтарына сүйенген жеке индивидтердің билігіне сәйкес, тайпалық, әулеттік тегіне қарай анықталатын жиынтық құрады.



Хандық дәуірде қазақ қоғамы өзара тығыз байланыста болған, ұйымдастырылған иерархиялық әлеуметтік құрылымнан тұрды. Қазақ қоғамын құрайтын индивидтердің экономикалық артықшылығынан басқа, қоғамдағы атқаратын саяси қызметі мен міндеттері, құқықтық белгілері бойынша мәртебесіне сәйкес әлеуметтік құрылымды біріктірді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік бөлінуі көптеген зерттеулерде берілгендей біріне-бірі қарама-қарсы топтардың жиынтығын құрады деген тұжырымнан алышақтау қажет. Қазақ қоғамының әлеуметтік топтары бір-бірін толықтыратын ғасырлар бойы қалыптасқан қоғам ішінде атқаратын нақты қызметі бар санаттардан тұрды. Себебі бұлардың әлеуметтік ерекшелігі қоғам ішіндегі әдеттегі-құқық арқылы анықталып отырды. Олардың арасында экономикалық тәуелділігі бар түрлі топтар болды. Осыған қарамастан әр топтың әдеттегі-құқықтық артықшылықтары айқын сақталды. Қазақ қоғамының әлеуметтік бөлінуіне тән ерекшелік индивидтердің «аксүйек» және «карасүйек» дейтіндерге саралануы болды. «Аксүйек» санатын – әулеттік және шығу тегіне қарай ерекшеленетін, сырттан ешкімді қабылдамайтын индивидтердің жабық әлеуметтік тобы құрады. Оған – төрелер, сайыттар және қожалар енді. Бұлар қоғамдық қатынастар құрылымында саяси және құқықтық белгілері арқылы анықталды. Қазақ қоғамында «аксүйек» терминінің қалыптасуы қазақ халқының тарихының алғашқы жылдарына жатқызуға болады.

Қазақ қоғамындағы индивидтердің ашық әлеуметтік тобын құрайтындар қатарына билер, батырлар, ақсақалдар жатты. Бұлардың қоғамдық қатынастардағы құқықтық ерекшелігі атқаратын саяси қызметімен сараланды. Мұнда генеологиялық принцип іске аспады. Бұл әлеуметтік топқа қоғам мүшесінің жеке басының қасиеттері арқылы ене алды. Ал бұлардың билігіндегі қазақ қауымы да осы қоғамдық құрылыстың жүйесін құрады. Көптеген зерттеулерде «кара сүйек», «кара халық», «қарашы» деген атаулармен, яғни Шыңғыс ұрпағына жатпайтын барлық қазақтарды осылай береді. Шындығында бұл атаулардың барлығы дерлік қазақ қауымына тән ұғым деп айта алмаймыз.

Қазақ мемлекетінің тарихи қалыптасу кезеңінен бастап билік жүйесіндегі құқық Шыңғыс ұрпағынан тараған Жошылықтардың қолында болды. Көшпелі қазақ қоғамындағы мемлекеттік билікке көзқарас өзінің дүниетанымдық мөлдірлігімен және пәктігімен ерекшеленеді. Халық – биліктің негізгі тірегі, оның қайнар көзі.

Сондықтан билік игілігі халыққа бағытталуы керек. Ондай болмаған жағдайда биліктің тұрақтап тұруы неғайбыл, оның өміршеңдігі күмәнді. «Халық қаһарланса, ханды да тақтан тайдырады» дейді қазақ. Көшпелі ежелден келе жатқан «Ханды көтеру», рәсімі мемлекеттік биліктің басты тұғыры халық екендігін көрсететін ұғымның көрінісі.

Сонғы уақыттағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар тұрғысындағы зерттеулер оның рулық-тайпалық, әдеттік-құқықтық, саяси билік, рухани ерекшеліктеріне қатысты бағыттарда жүргізілуде. Оның нәтижесі ортағасырлар тарихы үстем таптар немесе дамыған феодалдық қатынастар тұрғысында қарастыру өзінің маныздылығын төмендетіп, жеке билеушілер тарихына, қоғамдағы жеке тұлғалардың роліне жете көңіл бөлу басымдылық танытып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Эволюция государственности Казахстана. // Материалы международной конференции. – Алматы, 1996.
2. Гумилев Л.Н. Изменение климата и миграции кочевников // Природа, 1971.
3. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. – А., 2000.
4. Марков Г.Е. Проблемы развития общественной структуры кочевников Азии. – М., 2000.
5. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII–нач. XX века. – А., 1971; Шахматов В.Ф. Казахская пастбищно-кочевая община: вопросы образования, эволюция и разложения. – А., 1964.
6. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. – Л., 1954; Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – Т.1. – М., 1941; Аполлова Н.Г. Хозяйственные освоения Прииртышья в конце XV–первой половины XIX в. – М., 1976; Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья (Вопросы этнической и социальной истории). – М., 1982.
7. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV–начале XVI вв. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – А., 1977. – С. 187.
8. Яковец Ю.В. История цивилизации. – М., 1997. – С. 45.
9. Қозыбаев М.Қ. Өркениет хақында // Қазақ өркениеті. – Алматы, 2001. – С. 10.
10. Оразбаева Алтай. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы, 2004. – 206 бет.
11. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII–XIX вв. (история, историография, источники). – Алматы, 2003. – С. 11.



## Ф.М. Достоевскийдің адам мен қоғам жайлы ойлары

**Жібек АБДУЛЛАЕВА,**  
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
аға оқытушысы,  
филология ғылымдарының кандидаты

Оыстың танымал жазушысы Ф.М. Достоевскийді көбінесе «ойшыл суреткер» деп атайды. Оның дүниетанымын қалыптастырған идеялар, философиялық ой-тұжырымдары әрдайым өміршеңдігін жоғалтпайды, өйткені олар адам тіршілігінің мәні мен маңызын ашуға бағытталған. Достоевский үшін Адам – орталық басты ұғым. Қазіргі таңда да қаламгердің жалпы шығармашылығы мен оның жекелеген шығармаларына ғылыми қызығушылық бәсеңдемеуде және ол мәдени, философиялық және әдеби контекстерде қарастырылуда.

1860–1870 жылдары Ф.М. Достоевскийдің ең көрнекті туындылары: «Қылмыс пен жаза», «Нақұрыс», «Жындар», «Жасөспірім» және «Ағайынды Карамазовтар» дүниеге келді. Жазушының осы романдары «ұлы бес кітап» деген атаққа ие болды. Олардан жазушының философиялық, әлеуметтік, имандылық көзқарастары мен ізденістерін көруге болады.

1873–1874 жылдары жазушы «Гражданин» журналының редакторы болып, осы кезеңде «Жазушы күнделігін» баспадан шығара бастады. «Жазушы күнделігінде» қаламгердің қоғамдық өмірдің өзекті тақырыбына байланысты жазған толғаныстары, әдеби-сын пікірлері мен қатар көркем туындылары жарыққа шықты. Ф.М. Достоевскийдің шығармашылығында Ресейдегі әлеуметтік қарым-қатынастардың шиеленіскен кезеңіндегі шынайы өмір мен қоғамдық ойдың карама-қайшы тұстары көрініс тапқан. Осылайша «Өлілер үйінен табылған хаттар» кейіпкерінен бастап «Ағайынды Карамазовтардағы» Иван Карамазовқа дейінгі кейіпкерлер галереясы пайда болды. Ф.М. Достоевский жеке тұлғаның еркіндігін

қорғай отырып, шектен тыс еркіндік антигуманистік іс-әрекетке соқтырады деп санайды. Жазушы шығармашылығын зерттеуші Б.И. Бурсовтың пікірінше, Ф.М. Достоевский Касиетті Құранға, Мұхаммед пайғамбардың өміріне ерекше қызығушылық танытқан, оның дүниетанымдық көзқарастарына мұсылмандардың Касиетті Құран кітабы да елеулі әсерін тигізген [1, 147].

Жазушының ойынша, діннің таза жолы ғана адам баласын қоғамда етек алған әділетсіздік пен безбүйректіктен, пендешілік пен шарасыздықтан құтқара алады. Кеңес дәуірінде зерттеушілер Достоевский шығармашылығының осы бір қырын бүркемелеп, ашып көрсетпеуге тырысты: «Біз Достоевскийдің діни ізденістерін қабылдай алмағанымызбен, біздің көптеген ішкі міндеттерімізді шешуде ол бізбен бірге болады» [2, 57]. Сол жылдары аударматанушы Қ. Нұрмаханов та жазушының әлемдік деңгейдегі данышпан сөз шебері ретінде жоғары бағалай келе: «Әлемге аты жайылған жазушының творчествосында біздің оқушыларға түсініксіз де көмескі жайлар өте көп. ... данышпан жазушы өмірінің ақырғы жылдары алғашқы кезеңде өзі құптаған революциялық идеядан біржолата қол үзіп, көптеген шығармаларында орыс қауымын христиандық моральдың алдында мінажат етуге шақырды. Бұл Ф.М. Достоевский творчествосының осал жақтары» [3, 68–70], – деп, оның карама-қайшы тұстарын атап өткен. Қаламгердің шығармаларындағы діни көзқарасты елеспескермеу оның дүниетанымдық көзқарастарын, шығармаларындағы басты идея мен сарынды дұрыс бағалауға жол бермейді. Профессор А.Ж. Жақсылықов дін мен әдебиеттің өзара байланысына қоғамдық мән беріп, оны ұдайы үдеріс ретінде түсіндіреді: «...дін мен әдебиеттің өзара байланысы дегеніміз – бұл адамзаттың санасы ыдырамаған синкреттік жай-күйде болған алғашқы қоғамның мәдениетінен бастау алатын ұдайы эстетикалық фактор. Содан бері дін мен әдебиеттің эстетикалық өзара байланыс генезисі қоғамдық сананың үздіксіз жікке бөлінуі, өнердің жайылмауы мен оның түрлерге бөлінуі, сондай-ақ әдебиетті сөз өнері ретінде жанрлық-тектік арнаулы бағытқа үздіксіз жіктелуі аясында өрбиді» [4, 332]. Шындығында да, адамзаттың рухани болмысының қалыптасуында тіл мен дін маңызды рөл атқарады. Өйткені ол бір-біріне әсер етіп, бірін-бірі дамытып, адамның рухани мәдениетінің баюына әрі өркендеуіне септігін тигізді.

Батыстың кейбір өкілдері Достоевскийді модернизм, авангардизм сияқты ағымдардың атасы деген лақап түсінік қалыптастыруға тырысады. Алайда, Достоевский өзін «шын мәніндегі реалист»,



«діни ойшыл» жазушымын деп санады және осы қағидасына өмірінің соңғы күніне дейін берік болды. Жалпы Кеңес дәуірінде Ф.М. Достоевскийдің шығармалары теріс бағаланып, мектеп бағдарламаларына енгізілмеді және басқа орыс классиктерінің шығармалары сияқты үгіттелмеді. 1953 жылы И. В. Сталин қайтыс болғаннан соң ғана жазушының шығармалары оқырмандармен қайта қауышты.

Ф.М. Достоевскийді «ұлы гуманист» деп атайды, сонымен қатар ол жайында «катал дарын иесі», «қауіпті ғұлама» деген тенеулер бар. Бұларды жазушының шығармашылығына берілген баға деп есептеуге болады. XIX ғасырда Н.М. Михайловский атақты «Жестокый талант» мақаласында жазушы талантының ерекшелігін басқа қырынан түсіндіргісі келеді. Осы тәрізді сыни пікірлерде Ф.М. Достоевский шығармашылығының құпиясы ашылмайды. Алайда жазушының рухани тереңдігін көре білген басқа да зерттеулер болды. Соловьев В., Розанов В.В., Мережковский Д.С., Шестов Л. және т.б. зерттеушілер Ф.М. Достоевский шығармашылығының тұңғыш тереңдігіне үнілуге ұмтылды. Көркем шығармада адам өмірінің түрлі тұстарын тоғыстыру – жазушы талантының бір қыры. Бұл жайында кейінгі зерттеулерде, мәселен, М.Б. Храпченко былай деп жазды: «Әлеуметтік, философиялық және психологиялық арналардың тоғысуы Достоевский реализмінің маңызды сипатын құрайды» [5, 35]. Зерттеушінің ойымен толық келісе отырып, Ф.М. Достоевский реализмінің өзіне тән ерекшелігі мен оның үлкен маңызын атап өткен жөн. Жазушының реалистік шығармаларының негізі – адамзат қасіретінің әлемі, жәбірленгендер мен жәбір көрген тұлғаның трагедиясы. Психологиялық талдау әдісін шебер меңгере отырып, Ф.М. Достоевский адам абыройының құлдырауы оның жанын құлазытып, санасын екіге айыратынын көрсетті. Ол өз суреткерлік шеберлігінің сырын «Адамның ішінен адам табу» деп түсіндірген. Жазушы шын мәнінде – шексіз гуманист, ол әрбір адамның бойынан мейірімділік пен ізгілік іздейді. Мәселен, жаушы «Ағайынды Карамазовтар» романындағы ағайындылардың әкесінің жағымсыз әрекеттерін суреттей келе, оның бойынан жақсы қасиеттерді көруге ұмтылады: «*Көп ретте адамдар, тіпті зұлымдар да, біздің білетінімізден әлдеқайда аңқау, ақ көңіл болып келеді. Әрі-беріден соң, біздің өзіміз де сондаймыз*» [6, 32].

Ф.М. Достоевский – «психолог», «қорғансыздар мен қор болғандардың» қорғаушысы, «қылмыстың сырын» ашушы. Жазушыға кейіпкерлерінің іс-әрекеті маңызды емес, олардың ойы

мен сөзі құнды. Ол адамдардың кеудесіндегі өзімізден де жасырын нүктелерге сәуле түсіреді. Жазушының бойында психологиялық көрегендік немесе суреткерлік сезімталдық секілді қасиеттер шығармашылық ұзақ еңбектенудің нәтижесінде қалыптаса алады, сонымен қатар ол негізінен жазушының бойына туа бітетін, жаратылысымен бірге келетін физиологиялық қасиет екен. Осы мәселемен арнайы айналысатын ғалымдар да мұны дәлелдейді. Психологиялық көрегендік туа бітетін қасиет дейтініміз Достоевский шығармаларындағы суреткерлік, адам жанының психологиялық толқулары мен нюанстарының нақты суреттелетіндігінің ғылыми дәлдігі кейбір дәрігер-физиологтарды да қайран қалдырыпты. Атақты ғалымдар – психология ғылымдарының докторы, профессор О.Н. Кузнецов пен медицина ғылымдарының кандидаты, доцент В.И. Лебедев Ф.М. Достоевскийдің көркем және публицистикалық шығармаларын талдай отырып, «Достоевский психикалық саулықтың құпиялары жайында» атты кітап жазды. Кітап авторлары жазушының психикалық ауру және сау адам туралы, адамның осы күйлерді бастан кешіруіндегі даму қарқыны мен өзара байланысын талдап, Достоевскийдің рухани күйзеліс психологиясын тура тапқандығына көз жеткізеді. Сондай-ақ, авторлар ұлы жазушының тағдыры мен шығармашылығының арасында байланыс бар деген тұжырым жасайды. Ф.М. Достоевскийдің әдеби шығармалары, сомдаған кейіпкерлері арқылы XX ғасырда әйгілі Зигмунд Фрейд ашқан психологиялық талдау (психоанализ) ілімінің негізі қаланды. Бұл жөнінде Бахтиннің, Кирпотиннің, Храпченконың кітаптарында мәліметтер келтірілген.

Ф.М. Достоевский романдарының осындай көптеген жетістіктері, соның ішіндегі әлеуметтік-психологиялық, Адам туралы романдары XX ғасырда Л. Андреев және М. Горький, А. Платонов сияқты орыс жазушыларының шығармаларында өз жалғасын тапты және алдыңғы қатарлы әлемдік әдебиеттің дамуына ықпалын тигізді. Осы арада жазушы мен одан кейінгі ұрпақ жазушыларының арасындағы шығармашылық сабақтастықты зерттеген еңбектердің саны да жетерлік.

Көптеген еуропалық зерттеушілер де Ф.М. Достоевский жазған романдардың біртума ерекшелігін атайды. Мәселен, М. Ремарк, А. Жид, А. Сюаре, Ж. Ривьер, Г. Гауптманн, Т. Манн, Ф. Кафка, М. Пруст, Д. Джойс, Э. Хэмингуэй, А. Камю, Г. Гессе, У. Фолкнер, Р. Акутагава және тағы басқа да атақты жазушылар Ф.М. Достоевскийді өзінің ұстазы санап, ерекше пір тұтқан. Бұған

**Қызыл Дәуір**



олардың айтқан сөздері мен қатар кейбір шығармаларындағы сарындар куә болады. Айталық, Ф. Кафка «Процесс» сияқты атақты романын жазуда Ф.М. Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» романының көп есері болғанын мойындап жазғаны мәлім. Ф.М. Достоевский психологиялық романның пішіні мен композициясын кеңейту, тереңдету мен жанарту үшін суреттеу мен психологиялық талдаудың жаңа тәсілдерін енгізді. Сондықтан да оның идеолог-суреткер ретіндегі ықпалы зор.

XIX ғасырдағы жапон прозасына Ф.М. Достоевскийдің тигізген әсері мол. Ф.М. Достоевскийден үйренбеген жапон жазушысы кемде-кем. Жапон әдебиетінің көрнекті жазушысы Кэндзабуро Оэ орыс жазушысының талантын өзіне үлгі тұтты. Жазушы «Ағайынды Карамазовтар» романынан Алеша туралы эпизодты алып, «Балаларға арналған «Ағайынды Карамазовтар» атты кітапша шығарғаны туралы айтады. Бұл шығарма жапон балаларының сүйікті кітабына айналды. Зерттеушілердің ресми деректеріне сүйенсек, Ф.М. Достоевский дүние жүзі көлемінде Шекспирден кейінгі көп таралыммен шыққан санаулы суреткерлердің бірі екен. Сонымен қатар, Жапонияда орыс жазушысының шығармашылығын зерттеу институты ашылған.

Федор Михайлович Достоевский өмірінің бір кезеңін қазақ жерінде өткізеді. Петршевшілер ұйымына қатысқаны үшін Достоевский қазақ даласына 1854 жылы жер аударылып келді. Ол қазақ жерінде өмірінің 5 жылы Достоевскийдің өмірінде үлкен маңызға ие болды. Өйткені, ол қазақ халқының тұрмысымен, әдет-ғұрпымен, сондай-ақ оның жадында жарқын тұлға болып сақталған адаммен танысты. Жазушы қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы-демократы Шоқан Уәлихановпен Омбы қаласында танысқан болатын. Осы таныстық қазақ жерінде әрі қарай жалғасып, үлкен достыққа ұласты. Жазушы қазақ даласында өткен сол жылдарын, Шоқанмен арадағы достығын ұдайы есінде сақтап өтті. Осы Даланы ол Шоқанға жазған хаттарында бас әріппен жазып, кейінгі шығармаларында сөз еткен. Жазушы түсінігінде Дала ұғымы – көндіктің, еркіндіктің, бостандықтың белгісі. Ф.М. Достоевскийдің қазақ даласындағы жылдарын зерттеуші Л. Варшавский қазақ халқының еркіндікке құштарлығының белгісі – қазақ Даласының образы жазушының 3 романында («Өлілер үйінен табылған хаттар», «Қылмыс пен жаза», «Ойыншы») бейнеленгендігін жазған. Мәселен, «Қылмыс пен жаза» романының соңғы беттерінде Дала мынадай жолдар арқылы суреттеледі: «Раскольников сарайдан шығып, жағалауға келді, сарай жанындағы бөрене үстіне жайғасып, жалпақ та бос өзенге көз

салды. Биік жар басынан бар маң айқын байқалады. Арғы алыс беттен талып ән естіледі. Ол жақта күн шұғыласына малынған сайын дала төсінде қараң-құраң етіп көшпелілердің киіз үйі қараяды. Онда бостандық самалы еседі және мұндағыларға ұқсамайтын мүлде басқа адамдар мекен етеді...» [7, 581].

Семейде өткізген жылдар – жазушының жан дүниесіндегі және орыс-қазақ халықтарының тарихындағы қазақтың ұлы ғалымы Ш. Уәлихановпен арадағы жақын достастығы. Осы достық туралы Қалжан Нұрмаханов «Қазақ досын туысынан артық санаған жазушы» атты мақаласында айта келіп, Ш. Уәлихановтың образы Достоевскийдің шығармашылығында елеулі із қалдырғанын жазды: «Достоевский творчествосындағы Шоқан Уәлиханов образы туралы мәселені сөз еткенде, ең алдымен, «Жасөспірім» (1875) романындағы Версиков образы өзіне ерекше көз тартады. Романда Версиков болашақ ұрпақтың бақытын ойлайтын, қорғансыздарға пана болуды көксейтін, олардың қайыршылық өміріне жаны ашитын ізгі ниетті, адал адам ретінде суреттеледі. Ш. Уәлихановтың образы жазушының басқа шығармаларында да кездесуі ықтимал нәрсе. Қазақ досының характеріне тән қасиеттерді Ф.М. Достоевскийдің өз романдарында кейбір кейіпкерлердің образдарын жасау үшін белгілі дәрежеде қолдануы мүмкін жай» [2, 73–74].

Қазақ және орыс халықтары достастығының белгісіне айналған екі ұлы адамның арасындағы достық қарым-қатынас туралы М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, С. Бегалин сияқты белгілі қаламгерлер өздерінің көркем және деректі кітаптарында жазды. М. Әуезов өзінің «Әр жылдар ойлары» деген кітабында Ф.М. Достоевский мен Ш. Уәлиханов арасындағы достықты екі халықтың арасындағы күрделі өзара байланыс үдерісінің ерекшеліктері арқылы көрсетеді. Ш. Уәлихановтың адамгершілік тұлғасы және оның орыс жазушысымен достығы жайлы Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» атты кітабында тарихи тұрғыда шынайы суреттеген.

Қазақ әдебиетінде де Ф.М. Достоевскийдің шығармашылығы даралығы мен күрделілігі мол таусылмайтын қазына ретінде қарастырылады. Жазушы Ә. Нұрпейісов: «Тарихта ел алдындағы ересен еңбегін кейінгі ұрпақ қаншама қапысыз танып, дәл бағалаймыз деп тырысқанмен айтып тауыса алмайтын, бір құпиясын ашсан, екіншісі әзір тұратын, табиғаттың өзіндей ұлы, табиғаттың өзіндей тұнғық адамдар болады. Бұрынғы бабалар білмек түгілі ойлап та көрмеген көп құбылыстың құпия-сырларын сарқып біліп жатқан біздің сұңғыла ғасырларымыздың көп сырын әлі күмілжі танып



## С. Қожановтың саяси мақалалары – тарихи дерек көзі

**Арман АБИКЕЕВ,**  
Ясауи атындағы ХҚТУ-дың  
PhD докторанты

жүрген санаулы жұмбағының бірі де – Достоевский творчествосы» [8, 5], – деп, жазушының шығармашылығын жоғары бағалайды.

Қаламгердің шығармашылық әлеміне қызығушылық танытқан жазушы-аудармашымыз оның бірқатар көрнекті туындыларын аударды. Қаламгердің адам жанының қайғы-қасіреті мен күйзеліске түсуін ашып көрсету шеберлігі қазақ оқырманын, соның ішінде қазақ жазушыларын селқос қалдырған жоқ. Жаушы шығармашылығы М. Әуезов, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, А.Ж.Жақсылықов және т.б. осы сынды көптеген жазушыларымыздың шығармаларына көркемдік-идеялық, жанрлық жағынан ықпалын тигізіп, қазақ-орыс әдеби байланыстарын дамытуда маңызды рөл атқарды. Сондай-ақ, аудармашылардың жазушы шығармаларын аударуының өзі оның шығармашылығын қабылдаудың, қандай да бір дәрежеде шығармашылық үйренудің алғышарты болып, әдеби және мәдени байланыстағы ауыс-түйіс үдерісінің жүзеге асуында маңызды рөл атқарды.

Ф.М. Достоевскийдің әлем әдебиетінде елеулі құбылыс болып табылатын шығармалары адамзатты толғандырған басты рухани сауалдарға, адам мен махаббат, адам мен қоғам жайлы мағынасы терең ойларға негізделген. Кемеңгер жазушының Адамға деген құрметі мен жанашырлығынан туындайтын толғаныстары уақыт сынынан өтіп, бүгінгі таңға дейін өмірлік маңызын жойған жоқ.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бурсов Б.И. Личность Достоевского. – Л.: Советский писатель, 1974. – 671 с.
2. Кудрявцев Ю.Г. Бунт и религия (О мировоззрении Ф.М. Достоевского). – М.: Издательство Московского университета, 1969. – 170 с.
3. Нұрмаханов Қ. Дестүрлі достық. – Алматы: Жазушы, 1972. – 289 б.
4. Жақсылықов А.Ж. Мотивы, образы и идеи с религиозной сдержательностью в произведениях казахской литературы // Типология, эстетика, генезис: дис. ... докт. филол. наук. – Алматы, 1999. – 348 с.
5. Храпченко М.Б. Проблемы типологии русского реализма. – М.: Наука, 1969. – 115 с.
6. Достоевский Ф.М. Ағайынды Карамазовтар. – Астана: Аударма, 2004. – 757 б.
7. Достоевский Ф.М. Қылмыс пен жаза. Алты бөлімді роман / аударған М. Жанғалин. – Алматы: Жазушы, 1972. – 584 б.
8. Нұрпейісов Ә. Достоевский туралы сөз // Жұлдыз. – 1971. – 158 б.



Сұлтанбек Қожановтың қоғам өміріне белсенді араласуы оның тек атқарған қызметтерінен ғана емес, сонымен қатар баспа бетінде үнемі жариялап отырған мақалаларынан да көрінеді. Мұндай көрініс яғни, қайсыбір тұлғаның қоғам өміріне жан-жақты атсалысуы, басына берген мол қабілеттерді ұштастыра білуі, сол кезеңге тән құбылыс болған. Әрине, егер ол нағыз ұлт жанашыры болса, ондай болмауы мүмкін де емес еді. Сол кезеңді басынан өткерген қай ұлт жанашырын алып қарасаң да қоғамдағы қайраткерлігіне қоса ағартушылық еңбектері де қатар жүруімен ерекшеленеді. С. Қожановтың дәл сондай ұлт жанашыры болып табылғандығына оның артына қалдырған мол мұрасы куә.

С. Қожановтың қоғам өміріне араласа бастауы қазақ тарихындағы қиын қыстау кезеңіне тұспа-тұс келеді. Қоғам майданының алғы шебінде жүріп, сол қоғам өмірінің ащы шындықтарымен бетпе-бет келіп, өз халқының қаншалықты жанышылғанын, қаншалықты мүшкіл жағдайда тұрғанын көруі, оны ағартушылық саласында қарымды еңбек етуіне мәжбүр етеді. Сұлтанбектің мұндай міндеттерді атқаруы үшін алдымен оның қоғам сұранысына сай келетін тұлғалық келбеті қалыптасуы керек болатын.

Әлем тарихының қатпарлы беттерінен білетініміздей көп жағдайда каналушы елдің бетке ұстар тұлғаларын, қанап отырған елдің өзі тәрбиелеп шығаратын. Әрине, бұл әрекетке олар өздері сүліктей сорып отырған елге жаны ашығандықтан бармайды, бұл сол елдің қанау барысында туындайтын қажеттіктерін өтеу үшін қолданатын шара болып табылған. Айтып отырғанымыз патшалық Ресейдің каналушы елге қатысты жыртқыштық саясатын кедергісіз әрі жылдам іске асы-

**Қызыл Дар**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №2(34) 2012

**Қызыл Дар**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №2(34) 2012



ру үшін, қанап отырған елдердің өкілдерінен өздеріне қызмет ететін тілмаштарды даярлап отырған. Қазақ зиялыларының барлығына дерлігі сол орыс-түзем мектептерінде сауатын ашқан. Сұлтанбек те Түркістандағы сондай төрт сыныптық орыс-түзем мектебінде оқып, білімін осы қаладағы үш сыныптық училищеде жалғастырады. Кейіннен Ташкен қаласындағы мұғалімдер семинариясын да татамайды. Білім жолындағы осындай баспалдақтардан мүдірмей өту, кедей баласы үшін тек зеректігі мен алғырлығының арқасында мүмкін болған. Бұл Сұлтанбектің өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу азамат болып қалыптасу жолындағы алғышарттары болатын.

Сонымен қатар Сұлтанбектің ұлт жанашыры болып қалыптасуына бірден-бір әсер еткен алдыңғы толқын М. Шокай, Қ. Қожықов, М. Дулатов, Садық Өтегенов сынды ағалары еді. Тарихи деректерге қарағанда патшалық Ресей тұсауының тұсында Түркістан қаласы М. Дулатовқа тағдыр тауқыметін тартқаннан кейінгі жерде паналаған мекені болған. Дәлірек айтсақ, ол «1913 жылдың басына дейін Түркістанда Садық Өтегенұлының үйінде» тұрған «Дәл осы кезде орыс-қазақ мектебінде оқып жүрген Сұлтанбектің Міржақыпқа жолығып, одан аса құнды пікір естіп, өміріне азық боларлық нәр бағдар ташқаны атап көрсетерлік нәрсе» [1]. Сұлтанбектің орысша оқып жүрген кезінде орыстың құрығына түспей, Садық, Міржақып сияқты ағаларымен арадік болып тұрған кездесулері оның көкірегіне ұлтын ұлықтайтын ұрық сепкен көрінеді. Оқып, білім алып онды-солын тани бастаған жас жеткіншектің алдында сондай үлгі боларлықтай ағалары болуының өзі үлкен сеп болған. Себебі, Міржақыптың өзі ұлт мүддесін ойлаудан гөрі ілгері қарай басқан – қазақтың мемлекеттілігін күйіттеген алаш зиялыларының тобынан еді. Өз кезегінде алаш зиялыларымен шүйірлескен Сұлтанбектің көз-қарастары тереңдей түсіп, саяси санасының салмағы арта түскені шүбәсіз. Оның белсенділігінің артуын үйірме, ұйымдардан тысқары баспасөз құралын ұйымдастыруынан көреміз.

Патшаның астындағы тақ шайқалып, бостандықтың буы сезіле бастаған шақта, қазақ өмірінде болғалы жатқан өзгерістерді түсіндіріп, қалың жұртшылықты соған лайықтап, белсенділігін арттыруды көздейтін баспа құралын ашу күн тәртібіндегі күттірмейтін іс болатын. Қазақ даласының солтүстігіндегі сондай баспа құралының рөлін «Қазақ» газеті 1913 жылдан бері атқарып келе жатқанын. Оның бүкіл қазақ даласына таралым саны аздық еткені және жеткізілуі қиындық туғызғаны түсінікті. Сондықтан Түркістанның қазақ облыстарында «Қазақ» газетінің миссиясын жаңадан ашы-

латын «Бірлік туы» газеті атқармақшы болған. «Бірлік туының» құрылтайшылары мен идеологтарының қатарында М. Шокай, С. Қожанов, Х. Болғанбаевтар тұрды. «Бірлік туы» газеті аласапыран заманда аз уақыт жасаса да, өзінің алға қойған мақсаттарынан танбай, тұшымды мақалалар беріп отырған. Сұлтанбектің алғашқы мақалалары мен алғашқы ақындық шығармалары осы «Бірлік туы» газетінің беттерінен табылады. Газет 1917 жылдың маусымынан 1918 жылдың сәуіріне дейін шығып тұрғанын ескерсек, ол сол аралықтағы қоғамның саяси жағдайы мен халықтың тыныс-тіршілігінен мол мәліметтер беретінін көруге болады.

Әсіресе, Сұлтанбектің «Түркістанда орыс сиездері» атты саяси тұрғыдағы мақаласы, қоғамдағы саяси күштердің арақатынасын мейлінше аша түседі. Яғни, мақаладан біз буырқанған қоғам өмірінде бірнеше айдың жүзінде саяси партиялардың өмірге келіп, олардың поляры топтасулары, үнемі өзгеріп отырған саяси жағдайға байланысты саяси партиялардың бірлестіктер құруға талпынысы секілді саяси акцияларды көреміз. Автор жаңадан пайда болған күш – «большевиктердің» Түркістандағы билікті өз қолдарына қалай ала бастағанынан хабардар етеді.

Керенскийдің үкіметінен күткен кеңшілікті Түркістанның жергілікті саяси күштері большевиктерден күтпеген. Сондықтан да қоғамда вакуумдық жағдай орнағандай болып, жергілікті зиялыларды белсенділікке итермелеп, нәтижесінде олар 1917 жылдың қарашасында Түркістан автономиясын жариялайды. Дәл осы тұсты Сұлтанбек өз мақаласында қандай тартысты жағдайда өрбігендігін баяндайды.

Мақалада көрсетілгендей большевиктер биліктен айрылып қалатынын түсініп, мұсылмандар тарапынан жасалып жатқан саяси акцияларды елемей, үнемі мойындамай отырады. Сондағы большевиктердің Түркістан автономиясын мойындамаудағы басты аргументтерінің бірі – автономияны құру барысында кедейлердің тыс қалып қоюында дейді. Расында да 1917 жылғы Түркістан автономиясын жариялау барысында оның құрылтайшысы ретінде Түркістан халықтарының зиялылары ғана белсенділік танытқан. Ал өз тағдыры шешіліп жатқан тұста Түркістан халықтары большевиктердің талап ететіндей әлі де қоғамдағы саяси белсенділік танытатындай деңгейде емес еді. Бұл өз мемлекеттілігінен айрылып, ұзақ уақыт бойы отар ел болып келгендіктің салдары еді. Оны Сұлтанбектің: «Мынау жүре бара түзеліп кетер деп ардақтаған автономиямыз еді. Халық, бұған қол көтерілейін деп тұр, қарсы іс істелейін деп тұр.



Мұсылмандар, басқа Түркістан қамын жеген балалары, қайдасыз?! Айтарыңыз бар ма, болмаса, жұмған ауыздарыңызды ашып қала бересіз бе?» [2, 9] – деп, халқының бейқамдығына қынжылып, әлі де болса автономияның іргетасын шайқалтпайтын, оны қорғап қалатын күштен үміттенетіндігінен де көреміз.

Отарлықтың салдары әлі оянбаған халықтың үміті мен мүддесін арқалаған зиялылардың бойынан да көрінді. Олар мақаладан көретініміздей орыстың екі саяси тобына – большевиктер мен христиандарға үнемі жалтақтаумен болып, автономияның іргесін бекіту барысында батыл қадамдар жасағанымен стратегиялық тұстары кемшін тартып жатты. Мұнда біз қоғамдағы саяси әрекеттерге буржуазиялық күштердің әлсіз немесе толыққанды қатыспағандығын да көреміз. Бұл құбылыс жалпы сол кездегі қоғамның даму деңгейімен түсіндірілсе де буржуазиялық күш қоғамда аз да болса негізгілердің қатарында болды. Түркістандағы ұлт зиялыларының біразы буржуазия өкілдерінен яғни, дәулетті әулеттерден шыққан болатын. Өкінішке орай, олардың бір жағынан аса белсенділер бөлігі тым аздық етіп жатса, екінші жағынан басқаларының күреске белсенді атсалысуына білімдері жетіспей жатты.

Қоғамның саяси белсенді бөлігіндегі сол олқылықтың орнын діни партиялар иемденді. Сұлтанбектің мақаласында келтірілетін «ірілі-уақты мұсылман ұйымдары» [2, 6] большевиктердің саясатына қарсы қолданылған негізгі күш болып табылған. Себебі, сол дәуірде ислам мен мұсылман мәдениеті рухани өмірдің іргетасы іспетті болған. Ол қоғам өмірінде саясаттан бастап отбасы-тұрмыстық қатынастарға шейін бойлағандықтан, оның тұғыры берік болатын. Түркістан халықтарында оның ішінде тек дәулеттілерге ғана емес сонымен қатар, жалпы қарашаға да ислам құндылықтары өте жақын және қымбат болған [3, 11]. Сондықтан да діни тұрғыдан түсіндірілетін ой, қала берді қозғалыс жалпыға жақын, оның дүние танымына таныс болды. Оның үстіне «ислам факторы каналып жатқан шығыс халықтарының мәдениетін сақтап қалуына, өздерінің салт-дәстүрін, этникалық, ұлттық келбетін сақтап қалуына мүмкіндік беретін қалқаны болды» [3, 12]. Мақалада Сұлтанбектің барлық халықтарды жиынтық атау – мұсылмандар дейтіні де сондықтан болу керек.

Мақалада баяндалатын кезеңдегі қоғамның мұсылмандық бояуының қоюлығы жамағат арасында бір емес бірнеше діни негіздегі партиялардың пайда болуын түсіндіреді. Сол кездегі құрылған партияларға «Шурои Исламия» – Мұсылмандар кеңесі ұйымы, «Шу-

рои Улема» – Ғұламалар кеңесі ұйымы, «Иттифок-и-муслимун» – Мұсылмандар одағы, «Исломия клубы» және т.б. жатты. Патшалық Ресейдегі Ақпан төңкерісінен кейін пайда болған осы партиялар сол кездің уақыт талабына байланысты құрылғандығын көрсетеді. Сол бір қысылтаяң кезде, өз болашағын өздері айқындайтын сәт туған уақытта белсенділік таныту үшін қоғамдағы күштер топтастырылуы қажеттілігі туындады. Оның үстіне қоғамдағы күштерді топтастыру былай тұрсын, өлкедегі халықтардың саяси мүдделерін бір арнаға тоғыстыру қажет болатын. Алғашқы құрылған партиялардың бірі – «Шурои Исламияның» яғни, Мұсылмандар кеңесі ұйымының алға қойған міндеттері осындай болды. «Бұл өлкенің политникалық жағдайындағы ең бір ұтымды шешім болатын. Өлкедегі әр текті ұйымдар мен қозғалыстардың басын біріктіруші және үйлестіруші рөл атқарған Мұсылмандар кеңесі ұйымының алдында ұлттық-демократиялық күштердің жікке бөлінуіне жол бермеу міндеті тұрды» [4, 317].

Ұлттық-демократиялық күштер біртұтас шеп түзеп, оны қаншалықты саяси қарсыластарына қарсы жұмылдыруға тырысып баққанымен де Мұсылмандар кеңесі ұйымының қабырғасы сөгіліп, оның құрамынан жаңа ағым – «Шурои Улема» бөлініп шығып, өз алдына дербес саясат ұстанды. Әлбетте, бұл саяси акция болашақта мұсылмандардың біртұтас шебінің бірлігіне нұқсан келтіретін ша-лыс басқан қадам болды. Бұл жаңа ағым яғни, «діни ақсүйектер тобының мүддесін көздеген улемалықтар тұрмыста және қоғамдық өмірде феодадық-патриархалдық қатынастарды сақтап қалуды жақтаған дәстүршілігімен ерекшеленді» [4, 317]. Ескі жол мен шариғатты берік ұстанғандықтан, бұл партияның көз-қарастары көпшілікке түсінікті болып, халық арасында жақтаушылары көп болды. Жеме-жемге келгенде билікке таласқан улемалықтар мұскенеске ашықтан-ашық қарсы шығып, «өлкенің мемлекеттілігін социализм қағидаларымен және большевиктермен ынтымақтасумен байланыстырып жатты» [4, 318].

Сонымен қатар мақаладан біз большевиктердің орыс христиандарымен ымыраға келе алмаған тұстарын да көреміз. Оған себеп, большевиктердің жер жалпыныкі болсын, жерді тек еңбек еткен ғана алады, жер кедейдікі деген ұраны Түркістан христиандарын үркітіп, оларды қызықтыра қоймағаны анық. Оның үстіне Түркістанның христиандарын ішкі Ресей христиандарымен салыстыруға мүлде келмейді. Бұл патшалық Ресейдің шығыста жүргізген жыртықтық саясатының нәтижесі тұғын. Түркістан христиандары Ресей



# Мақсұт Жылысбаевтың жастық шағы және қоғам қайраткері ретінде қалыптасуы (1894–1917 жж.)

Назым ҚАСЫМБЕКОВА,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
Магистратура және PhD докторантура  
институтының магистранты

мұжықтарына қарағанда әлдеқайда ауқатты келген. Сондықтан да Қазан төңкерісін Түркістанның халықтары мен орыс христиандары құшақ жайып қарсы алмаған. Бұл өз кезегінде мақаладан көретініміздей большевиктердің Ресейде болған Қазан төңкерісінің жемістерін Түркістан жерінде мылтық асынып жүріп енгізуіне мәжбүрлейді.

Олар мақалада айтылғандай, 1918 жылдың 18 қаңтарында сиез шақырып, онда мұсылмандар «Автономияны жоғалту тиіс. Мұсылмандар өздерін басқарып жүретін шекке жеткен жоқ. Әуелі өзіміз мұсылмандар басын қосып, совет ашып, солар керек десе ғана, береміз» [2, 9], – деген шешім қабылдаған. Метрополиясына үміт артып, оларды жалғап жатқан темір жолы мен телеграфына сенген ат төбеліндей аз большевик мылтық асынып ап, Түркістанның төрінде отырып, шімірікпестен осындай шешімдерді қаулы еткен. Большевиктердің бұлай еркінсуі мен өз-өзіне сенімді болуындағы және түптеп келгенде билікті өз қолдарына алуындағы басты себептерінің бірі – мұсылман партияларының бір-бірімен қырқысып ымыраға келе алмауында болса, келесі бір негізгі себептердің бірі – жалпы Түркістан халықтарының қоғам өмірінде бейқамдығы.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томник. – Алматы: ФФ «Ел-шежіре», 2011. – Т. 3. – С. 349
2. Шығармалары / Сұлтанбек Қожанұлы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.
3. Нұртазина Н.Д. Народы Туркестана: Проблемы интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX–XX веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 166 с.
4. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томник. – Алматы: ФФ «Ел-шежіре», 2011. – Т. 3.

Т

арихта жүріп өткен жолын ұмытқан халықтың кемелденген болашаққа жетуі қиынға айналары ақиқат. Ал сол тарихты жасаған біртуар дарынды тұлғалар болғандығын ұмытпағанымыз да абзал. Осы орайда, қазіргі отандық тарих ғылымында XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихына түбегейлі өзгеріс алып келіп, шешуші ықпал еткен күрделі процестер мен оқиғалардың бел ортасында жүріп, ұлт мүддесін қорғаған қазақ зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеп, олардың шығармашылық мұрасын жұртшылықтың назарына ұсыну үрдісі орын алып отыр. Тәуелсіз жылдары осы бағытта тарихшы-ғалымдардың қол жеткізген табыстары баршылық. Алайда, XX ғасырдың басында қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көш басына тұрып, халқымыздың ұйытқысына айналған ұлт зиялыларымыздың өмірлері біркелкі зерттелінбей келе жатыр.

Егемендікке қол жеткен соң, қазақ халқының тарихында елеулі із қалдырған, есімдері барша түркі-мұсылман халықтарына таныс болып келген белгілі тұлғалардың өмірлеріне арналып жазылған ғылыми еңбектер, көптомды жинақтар жарық көріп, халықаралық және республика деңгейінде ғылыми конференциялар өткізілді. Өкінішке орай, сталиндік қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбандарына айналған ұлт зиялылары арасында туған қазақ халқына қажырлы қызметімен еңбегі сіңген көптеген аяулы азаматтар назардан тыс

Қызыл Дарыс



қалып, олардың жас ұрпаққа өнеге болатын өмірлері мен қызметтері қалың жұрт үшін осы күнге дейін беймәлім күйінде қалып отыр. Мұндай тұлғалардың қатарына XX ғасырдың басында Түркістан өлкесінде кең етек жайған ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді қатысушысы, қоғам және мемлекет қайраткері – Мақсұт Жылысбаевты да қосуға болады.

Қазіргі таңда Мақсұт Жылысбаевтың революцияға дейінгі өмірі мен қызметі туралы хронологиялық тәртіпте қысқаша түрде мәлімет бере алатын құжаттардың бірі – ол Мақсұттың 1930 жылы өз қолымен жазған өмірбаяны болып табылады. Аталған құжат ҚР Алматы қаласы бойынша ҰҚКД мұрағатының 6 қорында сақталынып, «Красный террор: политическая история Казахстана» атты жинақта жарық көрді [1]. Осы дерек көзіне сәйкес, Мақсұт 1894 жылы Түркістан генерал-губернаторлығының Сырдария облысына қарасты болған Әулиеата уезі Аспара болысының №1 ауылында дүниеге келген. Бала кезінде-ақ туған әкесінен айырылған Мақсұт, анасы әменгерлікпен тұрмысқан шыққан соң, Оспан, Ыспан, Омар, Айдаралы, Сандықбай есімді бауырларымен бірге көп балалы отбасында тәрбиеленеді [2].

Ата-анасына көмекші және інілеріне қамқоршы болуды алдына міндет етіп қойған Мақсұт жетімдіктің тауқыметін тартып, кішкентай кезінен жақын-туыстарының малын бағумен айналысқанды. 1906 жылы Мақсұт Меркідегі орыс-түздік бастауыш мектебіне түсіп, алғаш сауатын ашқан болатын. Бұл уақытта осы мектепте Мақсұтпен қатар Тұрар (Рысқұлов) мен Қабылбек (Сарымолдаев) те білім алып жатқан еді. Артынан Түркістан мен Қазақстанда қызметтес болып, қоян-қолтық араласқан бұл үш қайраткердің арасындағы жақын достықтың берік іргетасы осы кезде қаланды.

Бастауыш мектепте оқып жүрген жылдары-ақ өзінің білімге деген құштарлығымен көзге түскен Мақсұт оны шындай түсу мақсатында 1911 жылы Пішпектегі 1-ші дәрежелі ауыл-шаруашылық мектебіне оқуға түседі. Оқу жылдары қаржы тапшылығын айқын сезінген Мақсұт жаз айларында егістіктерде жалдамалы жұмысшы болып күнін көруге мәжбүр болып, қыс айларында сабағын оқиды. Пішпектегі мектеп қабырғасында Мақсұт пен Тұрар [3] арасындағы достық одан ары берік бола түсті. Жастайынан жетімдіктің ашы дәмін татып, теңсіздік пен құқықсыздықты, ұлттық кемсітушілікті көріп өскен Мақсұт пен Тұрар бір-біріне қолдау көрсетіп, бірге ер жетті.

Жұмыс пен оқуды ұштастыра білген Мақсұт аталған оқу орнын 1915 жылдың тамызында үздік аяқтап шығып, қолына аттестат алады.

Құрбы-құрдастарынан өз зеректігімен және еңбекқорлығымен ерекшеленген жас Мақсұт мектеп басшылығының назарына ілінеді. Ол Мақсұтты мектеп жанындағы бағбан әрі Пішпек уезі агрономының көмекшісі қызметіне орналастырады [4]. Осы қызметінде Мақсұт 1916 жылдың жазына дейін жұмыс жасап, патша жарлығының жариялануы салдарынан өлкеде саяси аухалдың күрт шиеленісіп кетуіне байланысты туған Меркі өңіріне оралады.

1916 жылы 25 маусымда «Бұратана халықтың ер адамдарын қорғаныс құрылыстарын және әскери қатынас жолдарын салу және басқа да әр түрлі мемлекеттік қорғаныс жұмыстары үшін тарту туралы» патша жарлығының жарық көруі [5] жарты ғасырдан астам уақыт бойы теңсіздік пен құқықсыздық жағдайында өмір сүріп, соғыс жылдары қиындаған әлеуметтік-экономикалық ахуалдың салдарынан қайыршылық шегіне жеткен қарапайым халықтың отарлық саясатты астамшыл түрде жүргізіп отырған патша үкіметіне бас көтеруіне түрткі ғана болғаны түсінікті.

Патша жарлығының мәтіні тек 1916 жылдың 6 шілдесінде ғана жарияланғанына қарамастан, оның қысқартылған түрдегі мазмұны телеграф арқылы Түркістан генерал-губернаторы А.Н. Куропаткин-ге 1916 жылы 29 маусымда жіберілді [6]. Жаңа жарлықтың мұндай асығыстықпен жариялануы өлкенің жергілікті отарлық билік үшін күтпеген жағдай еді. Олар мобилизацияны жүргізуге даярсыз болды, өйткені тыл жұмысшыларын қандай жолмен және қанша адам жиыстыруға қатысты нақты нұсқаулар берілмеді [7]. Бірақ соған қарамастан, отарлық әкімшіліктің өкілдері «ұлы мәртебелі патшаның бұйрығын» ешбір қарсылықсыз, жылдамдалатын түрде, асқан құлшыныспен, отаршыларға тән жолмен, жергілікті халықтың ауыр жағдайымен мүлдем санаспай орындауға бел шеше кірісті.

Патша жарлыққа қол қойғаннан кейін бірнеше күн өткен соң ғана А. Куропаткиннің атына Петербордан келіп түскен жеделхатта оның қарауында болған өлкеден 250 мыңға дейін қара жұмысшы алынуы жоспарланып отыр деп айтылған [8]. Сырдария облысы бойынша 87 мың, ал Әулиеата уезі бойынша 22 675 адам алу көзделді [9]. Мобилизациядан болыс басшылары, ауыл старшиндері, олардың атқа мінерлері, діни қауым өкілдері, «құрметті азаматар» санатына жатқызылғандар және халықтың ауқатты бөліктері босатылды.

Жергілікті халықта тууы туралы кәзімдердің және отбасы бойынша құрастырылған тізімдердің болмауы мобилизациялық тізімдерді құрастыру ісін айтарлықтай қиындатты. Әскери-тылдық жұмыстарға



тартылатын адамдардың тізімдерін құрастырумен айналысқан болыстар мен старшиндер өз қалауы бойынша әскер қатарына шақырылатындардың жастарын анықтап отырды. Бұл жағдай түрлі басыздықтардың, паракорлық пен келеңсіз өкімшілік кез келген түздік өз ына алып келді. Оның үстіне, отарлық әкімшілік кез келген түздік өз орнына басқа адамды жалдап, жібере алады деген нұсқау берді. Бұл нұсқауды байлар тарапынан асыра пайдалануы қарапайым халықтың үлкен наразылығы мен ашу-ызасын тудырды.

Сырдария облысында 1916 жылғы көтеріліс бұқаралық сипатқа ие болмағаны тарихтан мәлім. Дегенмен, Әулиеата уезінің құрамына кірген Меркі, Ассы және Шу өңірлерінде көтеріліс мейлінше кескілескен сипатқа ие болды. Жоғарыда аталған ірі ошақтармен қатар, Т. Рысқұлов көтеріліске Қорағаты, Көшеней, Талас, Тастөбе, Аққолтық, Мақпал, Сәмбет болыстары белсене қатысқандығы туралы айтады [10]. Мерке ауданында орын алған көтеріліске қазақ халқының арасынан шыққан біртуар азаматтар – батыр Ақкөз Қосанұлы және Тұрар Рысқұлов жетекшілік жүргізіп, оған ұйымдасқан түр беруге ұмтылғандықтары туралы да айта кеткен жөн.

1916 жылы 18 шілдеде Әулиеата уезінің басшысы полковник Су-платов жергілікті халықтың мобилизациясы туралы хабарлайды. Бұйрықты орындай отырып болыс басшылары жинақ пункттерін құруға және Шалдауар, Ақыр-Төбе, Меркі, Грозное ауылдарын да және Әулиеата қаласында мобилизацияға тартылатын адамдарды анықтауға кіріседі. Осы уақытта Пішпектен Меркіге келіп, бас көтерген ауылдастарының қатарына қосылған Мақсұт халық арасында патша жарлығын орындаудан бас тартуға бағытталған үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе бастайды.

Мақсұт өз өмірбаянында туған Аспара болысындағы бүлік 30 тамызда басталғандығы және оған оның туыстары басшылық жүргізгендігі туралы мәлімдейді. Бес күнге жуық созылған бұл бүлікке Аспара болысының старшиндері Д. Сырғабәев, Ж. Алғазиев, М. Жанықұлов, И. Айнабеков, Р. Үкеев, М. Жаманакөв, 8 ауылдан 3 мыңға жуық қазақтар қатынасады [11].

Бас көтергендер отарлық әкімшіліктің өкілдерін, болыс басшыларын, кулак-келімсектерді шабуылдап, малды айдап кетумен және пошта-телеграф байланыстарын қиратумен айналысты. Көтерілістің өрістеп келе жатқандығына байланысты А. Куропаткинмен қолданған төтенше шараларға және патша үкіметінің көтерісшілердің арасына іріткі салу талпыныстарына қарамастан көтеріліс барған сайын қарқын алып отырды. Мерке учаскесінде тамыз айының аяғына

қарай ол бұқаралық сипатқа ие болып, бас көтерген қазақтар мен қырғыздардың қалың отряды Әулиеата–Пішпек телеграф линиясын үзіп тастап, Меркені қоршады [12].

29 тамызда найзамен және мылтықпен қаруланған екі мыңға жуық көтерісшілер Меркені шабуылдайды, бірақ оларды 100-ге жуық тарта төменгі шендегі солдаттардан құралған қала гарнизоны винтовка және пулемет оғымен қарсы алып, кері шегіндіреді. Шығынға ұшыраған көтерісшілер шегінуге мәжбүр болып, екі күннен соң, 31 тамызда Меркені қайтадан шабуылдайды. Бірақ осы жолы да гарнизон олардың бетін кері қайтарады [13]. Бас көтерулер мен толқуларды басып-жаншып, тәртіпті орнатқаннан кейін, өз әскери басымдылықтарын дәлелдеген жергілікті орыс әскерлері түрлі басыздықтармен айналысу салдарынан, уезд жерінен көшіп кеткен қазақтар-қырғыздар қайта оралуға асықпай, қыркүйектің 20-на таман ғана өздерінің тұрғылықты жерлеріне қайтып келе бастаған болатын [14].

Әулиеата уезінің шығыс бөлігі уездегі көтерілістің өріс алған негізгі ауданы болып, мұнда Пішпек уезі территориясындағы қарсыласушылармен байланыс орнатқан көтерісшілердің басты күштері топтасты. Осы жерден патшалық және жергілікті әкімшілік орналасқан Мерке, Луговое, Новотроицкое және басқа да елді мекендеріне шабуылдар жасалды. Қыркүйектің ортасына таман Әулиеата ауданында бас көтерген халыққа қарсы шабуылды жасауға дайындалып жатқан патша әскері шоғырланды. Жазалаушы отрядтар мен көтерісшілердің жасақтары арасындағы шайқас 16 қыркүйек күні Әулиеатадан 70 шақырым қашықтықта орналасқан Ақыр-Төбе ауданында өтеді. Қарапайым қарумен қаруланған көтерісшілер артиллерия мен пулеметтерді қолданған патша әскерінің тегеуіріне төтеп бере алмай, жанкешті түрде қарсылық көрсеткендеріне қарамастан толықтай талқандалынады.

Тон сайында 19 қыркүйекте әскери старшина Бычков басқарған жазалаушы отряд пен көтерісшілер арасында 7 сағаттан астам уақытқа созылған қиян-кескі шайқас орын алады. Қазан айының басына дейін Шу алқабы батыс бөлігінің тұрғындары жазалаушы отрядтарға табанды қарсылық көрсетеді. 17 қазан күні Мерке ауданында олар жазалаушы отрядқа қарсы шығып, қарулы қақтығыстың нәтижесінде көтерісшілер 150 адамынан айырылса, жазалаушылар тек болмашы шығынға ұшырайды [15]. Жалпы алғанда Әулиеата уезі территориясындағы көтеріліс қыркүйектің аяғына қарай толықтай басылған еді.



Көтеріліс толқыны саябырсыған соң, жергілікті әкімшілік қайтадан тылдық жұмыстарға аттандырылуға тиіс адамдардың тізімдерін қайта құрастыруға кіріседі. Бұл тізімге ілінген Мақсұт өзгелермен бірге көтеріліс кезінде қираған телеграф желілерін, өртенген үйлерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына аттандырылады. Біраз уақыттан кейін Меркіге қайтып келген Мақсұт осы жерге іссапармен келген генерал-губернатор А. Куропаткиннің атына Аспара болыс басшысының көтеріліс кезіндегі бассыздықтарын ашып көрсететін хат жолдайды. Алайда, түскен шағымға құлақ асып, шара қолданудың орнына А. Куропаткин жергілікті билікке бас көтерулер кезінде белсенді үгіт қызметімен танылған Мақсұттың үстінен іс қозғауды тапсырады. Осылайша, Мақсұт 1916 жылы көтеріліске белсене қатысып, қуғындалған қайраткерлердің қатарына қосылады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жас Мақсұтқа отарлық жағдайда күн кешкен туған қазақ халқының шынайы болмысының жаңа қырын танытып, ашы шындықты көрсетті. Туған Меркі өңірінде орын алған көтеріліс кезінде жергілікті отарлық биліктің бас көтерген халықты асқан қатыгездікпен басып-жаншығанын өз көзімен көрген Мақсұттың бойында үстем етіп тұрған монархиялық режимге өшпенділік сезімін тудырды. Көзі ашық, саяси сауатты болған Мақсұт көтерілістің басты себебі отарлық езгінің астында қалған халықтың жыл өткен сайын нашарлап бара жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайында жатқандығын айқын ұғынды. Осы кезден бастап Мақсұт Жылысбаев халқының тәуелсіз болашағы үшін жанкешті күрес жүргізу қажет деген байламға келіп, оның кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі соның айқын дәлелі бола алады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Красный террор: политическая история Казахстана (Сборник документальных материалов политический репрессий 20–50-х годов XX века). Составители: Койгелдиев М.К., Полуях В.И., Тлеубаев Ш.Б. – Алматы: ТОО «Типография оперативной печати», 2008. – С. 110–114.
2. Мақсұт Жылысбаев / Қайраткер Қабылбек Сарымолдаев. – Алматы, 2011. – 134 б.
3. Тұрар Рысқұлов Пішпектегі 1-ші дәрежелі ауыл шаруашылық мектебінде 1910–1914 жылдар аралығында білім алды.
4. Красный террор: политическая история Казахстана. – С. 110.

Қызыл Дар

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №2(34) 2012

Әулиеата уезіндегі 1916 жылғы көтеріліс басқа облыстар мен уездеріндегідей ауқымға жете алмады. Оның негізгі ошақтары пайда болған сәтте-ақ жергілікті жазалаушы отрядтармен талқандалып, жойылды. Уездің көтерісшілері Жетісудағы көтерісшілердің негізгі күштерімен (соның ішінде көршілес орналасқан Пішпек уезіндегі қарсыласушы күштермен) қосылып, біріге алмады. Алайда, уездегі қарсылық қозғалысы көтерілістің жалпы барысында өзінің белгілі рөлін атқарды. Ең алдымен бұл қозғалыс патша әкімшілігінің беделіне нұқсан келтіріп, халық арасындағы патша үкіметіне қатысты өшпенділіктің күшеюіне алып келді. Сырдария облысы бойынша әскери-тылдық жұмысқа алуға көзделген 250 мың адамның орнына 1917 жылдың 1 ақпанына таман тек 10 мың адам, соның ішінде Әулиеата уезінен 22 675 адамның орнына тек 2000 адам ғана алынды [16]. Патша әскерлерімен бірігіп кулактардан және басқа да отарланған элементтерден құралған ерікті жасақтар да әрекет етті. Жазалаушылар көтерілістерді қатаң түрде баса отырып, оған қатысқан адамдарды жәбірде ұшыратты. Тұтқынға түсіп қалған жүздеген адамдар ұсталған жерінде дереу атылды, бас көтеріп, қарсылық танытқан халықтың малы айдалып, киіз үйлері және басқа да мүліктерін тартып алынды.

Көтеріліс аяқталғаннан кейін көтеріліске қатысқан уезді тұрғындарына түрлі жазалау шараларын қолданумен қатар, олар сотқа тартылды. Түркістан генерал-губернаторы А.Н. Куропаткиннің тапсырмасымен көтеріліс өршіген аудандардың тұрғындары қозғалыстың жетекшілері мен басшыларын ұстап берулері тиіс болды. Мысалы, 1916 жылы 8 қазанда Мерке учаскесінде көтеріліс жеңіліспен аяқталғаннан кейін, жазалаушылар көтерілістің басшыларын ұстап беруді талап етті. Бұл талап орындалмаған жағдайда Мерке төңірегінде бүкіл жергілікті халқы атылатындығы хабарланды. Қысым көре бастаған қазақтар мен қырғыздар өзара ортақ келісімнен кейін 54 адамды (27 – қазақты, 27 – қырғызды) ұстап беруге мәжбүр болды. Олар дереу тұтқынға алынды.

Мақсұт өмірбаянында еске алғандай, Меркі өңірінде тәртіп орнатылған соң, отарлық билік тарапынан іске асырылған жазалау шаралары кезінде көтеріліске белсене қатысқандықтары үшін оның әкесі және ағасы, көптеген ауылдастары тұтқынға алынады [17]. Оларды босатуға ұмтылған Мақсұт отарлық билік орындарына бірнеше рет өтініш-хат жазып, бостандыққа жіберуді сұрайды. Туыстары мен жерлеріне араша түскен Мақсұттың бұл ұмтылыстары нәтижесіз қалмай, тұтқынға түскендердің біраз бөлігі бостандыққа шыққан болатын.

Қызыл Дар

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №2(34) 2012



5. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. Редакционная коллегия А.В. Пяковский (отв. ред.), Т.Е. Елеуов, А.Г. Зима, О.К. Кулиев, Х.Т. Турсунов. – Москва: Издательство АН СССР, 1960. – С. 25.
6. Усенбаев К. Восстание 1916 года в Киргизии / Под ред. А.А.Хасанова. – Фрунзе: Илим, 1967. – С. 190.
7. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. – С. 34.
8. Турсунов Х.Х. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Под ред. А.В. Пяковского. – Ташкент: Госиздат УзССР, 1962. – С. 192.
9. Джургенов А. В борьбе единство мы нашли. – Алма-Ата: Казахстан, 1972. – С. 33.
10. Рыскулов Т. Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году. – Кзыл-Орда: Госиздат КАСР, 1927. – С. 15.
11. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ). И-146-қ., 1-т., 18-іс, 248 п.
12. Джургенов А. В борьбе единство мы нашли. – С. 37.
13. Восстание 1916 года в Средней Азии. Сборник документов (под редакцией П. Галузо). – Ташкент, 1932. – С. 45–48.
14. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. III том: Орта Азия – Қазақстан: 1916 жыл. Құжаттар мен материалдардың жиынтығы. – Астана, 2007. – 58–59 б.
15. Усенбаев К. Восстание 1916 года в Киргизии. – С. 229.
16. Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағаты (ЖОММ), 50-қ., 2-т., 18-іс, 64-65 пп.
17. Красный террор: политическая история Казахстана. – С. 110.

# Қазіргі ҚХР-дың тропикалық Африка елдерімен сауда- экономикалық қатынастарының тарихы (XX ғ. 50-ж – XXI ғ. басы)

**Айгерім АЙДАРБЕКОВА,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
Шығыстану факультетінің  
магистранты

## К

азіргі таңда ҚХР-дың дамушы елдерге танытып отырған қызығушылығы, олардан шикізат ресурстарын алу, энергетика көздерін тасымалдау және жер асты байлықтарына қол жеткізу. ҚХР-дың қазіргі экономикалық дамуы, энергетикалық сұраныстарын арттырып отыр, осының арқасында көршілес және өзге де елдермен байланыс орнатуда. Осылайша, Қытай Әлемде экономикасы дамыған мықты ел. Тек Орта Азия мемлекеттеріне тоқталып қана қоймай, шикізат ресурстарына бай Африка елдерін де көздеп, қатынастар жасап, оларға көмек көрсету арқылы өз мұқтажықтарын қамтамасыз етуде.

Қытай Халық Республикасының Африка елдерімен дипломатиялық байланыстары және экономикалық ынтымақтастығының жарты ғасырдан аса тарихы болғанымен, соңғы он жылдардағы қатынастары мен қол жеткізген жетістіктерін, өте жоғары дәрежеде деп бағаласақ болады. 2008–2009 жж. дағдарыс бұл елдер арасындағы байланыстарды одан әрі нығайта, жылдамдата түсті. 2000–2008 жж. Қытай мен Африка елдерінің тауарайналым көлемі 45% өсіп, 107 млрд АҚШ долларын құрады.

**Қоғам. Тарих**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖҰРНАЛ №2(34) 2012



Қытай экономикасының қарқынды дамуы елде «шикізат тапшылығын» тудырып отыр. Осыған байланысты Пекин 1999 ж. «сыртқа шығу» немесе «шетелге шығу» («цзоучуцзюй») саясатын қабылдады. 2009 ж. көрсеткіш бойынша, әлемдік қаржы дағдарысы бұл стратегияны жүзеге асыруға өте ыңғайлы болды. Ғаламдық репрессиядан зардап шеккендер мен қаржы тапшылығына тап болған батыс акционерлері қытайлықтарға өз үлестерін сатып жіберді, бір ғана жылдың ішінде жасалған бірнеше ірі келісім-шарттардан соң (тек мұнай саласында 13 млрд долл. құйды), Қытай өз шикізат қорын көбейтті, әсіресе, көмір мен түсті металдарға. Осыған дейін Қытай өз жерлеріндегі байлықтарын қолданса, қазір, кәсіпорындар жоғарғы дәрежеде шикізатты импорттауға мүмкіндік алып отыр. Алуан түрлі ресурстарға бай Африка – Қытай шикізат компанияларының негізгі кездеген мақсаты болып отыр.

Қытай мен Африка елдерінің арасындағы қатынастар XX ғ. 50 ж. басталғанымен, ол жерлерде Қытай рөлі байқалмады. Тек соңғы онжылда ғана Қытайдың бұл жерлердегі белсенділігі артты.

1956 ж. Қытай ең алғаш рет Африка құрлығында Египетпен дипломатиялық қатынастар орнатты, ал 70 ж. басында өзге де тәуелсіз Африка елдерімен қатынастар орната бастаған болатын. ҚХР Африка елдерінің қолдауымен 1971 ж. БҰҰ мүше болды. 1978–1998 жж. Қытайдағы реформалар мен ашық есік саясаты тұсында 42 африка елдерінің басшылары Қытайға 160-қа жуық сапар жаса, ал қытайдың жоғарғы шенді басшылар өз кезегінде 42 африка елдерінде ресми сапармен болған еді.

Қытайлықтар Африка елдерінде бүгінге дейін ірі көлемді жобалар жүргізді (50 жыл ішінде 900 жуық түрлі деңгейдегі нысандар салынды). Қытайлардың көмегімен 1976 ж. құны 500 млн долл. тұратын ТАРАЗА (Танзания-Замбия) темір жолы салынып бітті [1]. Сонымен қатар, сол кездері Қытай Тропикалық Африка елдеріне медициналық көмек көрсетіп, несиелер бөлен болатын және де елдігі партизандық және ұлт-азаттық қозғалыстарға, әсіресе: Ангола, Алжир, Конго, Мозамбик жерлеріндегі топтарды қару-жарақтармен қамтамасыз етіп отырды.

XX ғ. 90 ж. ҚХР-дың Африка елдерімен қатынастарында жаңа бетбұрыс кезеңі басталды, осы кезеңде Африка елдері ҚХР сыртқы саясатында басымдық рөлді иеленді. 1998ж қантарда ОАР Тайвань мен дипломатиялық қатынастарын бұзып, ҚХР тәуелсіздігін мойындады. Осыдан кейін ҚХР-ның бұл аймақтардағы ықпалы арта түсті.

1996 ж. ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь Африканың алты еліне

ресми сапары барысында осы елдермен ХХІ ғасырға бағытталған байланыстардың бес принципіін ұсынды:

1. Шынайы достық арқасында сенімді қатынастар орнату.
2. Теңдікті сақтау, өзара суверенитеттерін сыйлау.
3. Бір-бірінің ішкі істеріне араласпау.
4. Тиімділік пен бірігіп дамуды ойластырып, серіктес болу.
5. Халықаралық мәселелерді шешуде ынтымақтасу [2].

1998 ж. тамызда болған кездесуде ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь Қытайдың дамушы елдермен байланыстарын нығайтып, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға күш салатындығын айтқан болатын. Сол кезде Қытай «Солтүстікті» дамушы елдерге көмек көрсетуге шақырды\*. ҚХР Сыртқы Істер министрі Тан Гоцян 1998 ж. күзде Токиода өткен «Африка елдерін дамытудағы бағытталған II дүние жүзілік конференцияда» Қытай, дамыған елдерді Африка елдеріне экономикалық көмек көрсетуге, ондағы кедейшілікті жоюға қолдау көрсетуге шақырды [3].

2001 ж. Қытай мен Африка елдері арасындағы тауарайналым 10,6 млрд долл. құраса, бүгінгі таңда 30–50% өсіп отыр. 2006 ж. өзінде-ақ тауарайналымы 55 млрд долл. құраса, 2007 ж. тауарайналымы 74 млрд долларды құрап, Франция мен Ұлыбританияны басып озып, АҚШ-тан кейінгі екінші орынға көтерілді. Ал, осы жылы Қытай инвестициясы 20 млрд долл. құрады. 2008 ж. Қытай бұл континенттің ірі серіктесіне айналды, екі ел арасындағы тауарайналым 106,8 млрд долл. құрады, бұл көрсеткіш бойынша Қытай АҚШ-тан озып қана қоймай, сонымен қатар, Еуроодақты да артта қалдырды. Африка елдерінің ҚХР-ға экспорттаған өнімдері 56 млрд, импорты 50 млрд доллар, Африка елінің ҚХР-ға экспортының 60% энерготасымал құраса, 13% минералды шикізат құрайды.

Сонымен қатар, ҚХР-сы осы елдерден энергөкөздерінен өзге азық-түлік өнімдерін де, мысалы, Зимбабве табак өнімдерін, Уганды кофе, ОАР шарап өнімдерін импорттайды. Айта кетерлік жайт, бұл өнімдер (табақтан басқа) Қытай нарығында жаңа, әрі дәстүрлі емес болып табылады. Қазіргі таңда Қытайда вино мен кофе деген сұраныс өте жоғары. ҚХР Африка елдерімен сауда байланыстарын одан ары нығайтуға тырысып, өз тауарларын 31 Африка елдеріне енгізу мақсатында ҚХР көп жұмыстар атқаруда.

Қазіргі таңда Африка – қытайлық инвесторлардың қаржы құйып отырған негізгі аймақ болып отыр. ҚХР сауда министрінің

\* «Солтүстік» мемлекеттерге: Еуропа елдері, АҚШ, Канада және Жапония жатады.



бағалауы бойынша: 2008 ж. шетелдегі қытай инвестицияларының жинақталған көлемі 118 млрд. долл. құрап отыр, инвестицияның 67% Африкаға, ал 21% Латын Америкасына құйылған. Қазіргі кездегі қытайлық ірі келісімдерінің басым бөлігі африка активтерін сатып алу бағытында жасалып отыр, Қытайдың Сауда-Өнеркәсіп банкі оңтүстік африкалық Standard Bank 20% акция пакетін 5,5 млрд долларға сатып алды. Standard Bank континенттегі активтер мөлшері бойынша ең ірі банк болып табылады (келісім кезінде активтер құны 156 млрд долл. құраған), оның көптеген бөлімшелері басқа африка елдерінде бар. Осылайша, қытайлықтар осы банк арқылы көптеген жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік алды. Қытайлықтардың бұл континентке қызығушылық танытуының себебі: шикізат көздеріне қол жеткізу. Дегенмен, ҚХР өз жобаларын батыс елдерімен бәсекелестік аз жерлерде жүзеге асыруды қарастыруда, себебі елдердегі ішкі саяси жағдай мен жергілікті тәртіптің антибатыстық сипатын ескеріп отыр, осылайша қимылдауда. Қытайлықтардың батыс елдерінен басты артықшылығы – жергілікті билік саясатына араласпауында.

Судан елі ХХІ ғ. басынан ҚХР-дың мұнай саласындағы негізгі серіктесі болып табылады. Судандағы Greater Nile Petroleum Operating Co жобасының 40% Қытайлық мемлекеттік CNPC мұнай компаниясына тиесілі. Бұл жобаның жалпы құны 5,4 млрд долл. құрап отыр. Сонымен қатар, осы елде ірі Мұнай өндіру зауытының құрылысы салынып жатыр және транспорттық жобалар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, Қытайлық CNOOC мұнай компаниясы 2006 ж. 2,3 млрд долларға Нигерияның South Atlantic Petroleum консорциум пакетінің 45% сатып алған. Бұл жерде де Қытай инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда, қару жеткізуде және саяси қолдау көрсетуде. ҚХР-дың тағы бір ірі серіктес мемлекеті – Ангола деуге болады. Онда қазіргі таңда жүздеген кішігірім инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобалар іске асуда.

Қытайдың осы елдермен қатынастарының дамуы, осы континентке қытай мигранттарының жаппай көшіп келуіне алып келді. Қазір олардың жалпы саны 750 мың адамды құрап отыр (француздар 100 мың болса, американдықтар 70 мың), олардың көбі Ангола мен ОАР-да шоғырланған. Көптеген қытай мигранттарының арзан әрі сапалы тауарлары, қауіпсіздік техникасының сақталмауы, жергілікті тұрғындар үшін қажет етпеуі антиқытайлық көзқарастарды тудыруда. Мысалы, Замбида болған қытайларға қарсы қозғалыс, сондағы қытайлықтарға тиесілі шахтадағы жойқын жарылысқа алып келді,

онда 49 шахтер қаза тапты. Дегенмен, мұндай шахтадағы жарылыс қауіпсіздік сақтамау секілді келеңсіз оқиғалар, Қытайдың өзінде де жиі орын алады. Бірақ, осы аймақтағы қытайларға қарсы бағытталған әрекеттер Пекинді алаңдатуда, сондықтан олар өз беделдерін көтеру үшін, мүмкіндігінше жергілікті халықты Қытайлық компанияларда жұмыспен қамтамасыз етуге тырысуда.

Әлемдік қаржы дағдарысы ҚХР мен Африка елдерімен экономикалық байланысына өзінің кері әсерін тигізбей қоймады. Оған дәлел: 2009 ж. бірінші жартыжылдығында сатылым көрсеткіші 30,5% төмендеуі, ол 37,07 млрд долл. құрады. Бұл, бүкіл әлемде болған тауар айналымының төмендеуімен тікелей байланысты.

2000 жылдан бастап үш жыл сайын «Қытай-Африка ынтымақтастық форумы» саммиті өткізіліп тұрады, онда қытай басыпшылары мен африка елдері өкілдерінің қатысуымен аймақаралық саяси және экономикалық ынтымақтастық мәселелері талқыланады. Бұл форумға ҚХР-мен қатар 49 Африка елдері мүше. Бүгінге дейін форум 2000–2009 жж. аралығында төрт саммит өткізілді. 2009 ж. 8–9 қарашада Шарм-эш-Шейхта өткен төртінші саммитте соңғы онжылдықтағы ынтымақтастық қорытындысы жасалып, болашақ жоспарлар талқыланды [4].

Осы ретте, Пекин африкалық орта және кіші компанияларға несие беруге бағытталған жоспарын ұсынды және 10 млрд доллар көлемінде жеңілдікпен несие беруді уәде етті. Сонымен қатар, Африканың ең кедей елдеріне жеткізілетін тауардың 95% баж салығынсыз және қарыздарын өтеуге мүмкіндігі жоқ аймақтар қарыздарын кешіруге уәде етті. Қоғамдық ынтымақтастық бағдарламасы бойынша 73 млрд долл. 30 аурухана салуға және оларды заманауи жабдықтармен қамтамасыз етуге, сондай-ақ 50 мектеп пен 100-ге жуық өзге де нысандарды салуға бағыттады. Ал оның есесіне, қытай компаниялары өз кезегінде минералды ресурстарға қол жеткізеді және екі жақты тиімді инфрақұрылымдық объектілер салады. Қытайлықтар үшін Африка елдеріне инвестиция құю өте тиімді антидағдарыстық шешім болып отыр.

Мұнай қорына бай аймақтар – Ливия (5,7 млрд. тонна), Нигерия (4,8 млрд. тонна), Ангола (1,8 млрд. тонна), Алжир (1,5 млрд. тонна), Судан (0,9 млрд. тонна) Қытай мұнай импортының үштен бірін қамтып отыр. 2006 ж. Ангола Сауд Арабиясын басып озып, ҚХР-ға мұнай тасымалдаушы негізгі елге айналды. Газ ресурстары бойынша әлемдік қордың 7,9% алып отырған Африка континентінің қоры 14,65 трлн. м<sup>3</sup>.







## Түйіндеме

**Тема Президентского кадрового корпуса в Послании Главы государства**

**Бахытжан Бұхарбаев** — научный сотрудник отдела социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

Статья посвящена проблеме формирования Президентского кадрового корпуса и методам ее реализации, озвученной в Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация — главный вектор развития Казахстана».

**President Touches upon Human Capital Issue in his Annual Address**  
**Bakhytjan Buharbaev**, *Research Fellow, Department of Social and Political Studies, KazISS under President of RK*

The article deals with the issue of the President's staff corps and the methods of its formation articulated by the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in his Annual Address to the Nation of Kazakhstan on "Socio-economic Modernization as Main Vector of National Development".

**Иностранное массовое коммуникативное пространство как площадка политических интересов**

**Гульмира Султанбаева** — профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор политических наук

Формирование взаимоотношений между властью и СМИ, массовыми коммуникациями и населением является следствием социально-политического и экономического развития. Поэтому автор считает, что рассмотрение политических коммуникационных процессов в иностранных СМИ и анализ лучших образцов требуют основательного научного подхода.

**Foreign Media as Platform of Political Interests**  
**Gulmira Sultanbaeva**, *al-Farabi Kazakh National University, Doctor of Political Science, Professor*

The relations between the government and the media and between the latter and the public are rooted in social, political and economic development of a country. Therefore, the author believes that the consideration of the process of political communication in the foreign media is needed as well as the analysis of its best experience thorough scientific approach.

**Понятие «вооруженный конфликт» и его особенности**

**Бахытжан Бұхарбаев** — научный сотрудник отдела социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

В данной статье дается определение вооруженного конфликта, показана разница между понятиями «вооруженный конфликт», «военный конфликт» и «война». Помимо этого рассматриваются особенности вооруженного конфликта, анализируются подобные конфликты начиная с окончания Второй мировой войны.

**Concept and Features of "Armed Conflict"**

**Bakhytjan Buharbaev**, *Research Fellow, Department of Social and Political Studies, KazISS under President of RK*

The article defines the term of "armed conflict" and provides the analysis of, the difference among the concepts of "armed conflict", "military conflict" and "war." Besides, it considers the features of armed conflicts basing on the cases that have accrued since the end of the World War II.

**Проблемы политического участия граждан Казахстана в контексте политической модернизации**

**Гульшат Нұрымбетова** — профессор кафедры теоретико-прикладной политологии и социологии КазНПУ им. Абая, доктор политических наук

После глобальных преобразований, произошедших в 90-е годы XX в., отношение к участию граждан в политической жизни страны было полностью пересмотрено. С одной стороны, на волне политического участия и политической активности граждан были реализованы процессы модернизации, а с другой — процесс политической модернизации создал условия для политического участия граждан.

**Political Inclusion in Kazakhstan in Context of Political Modernization**

**Gulshat Nurymbetova**, *Abay Kazakh National Pedagogical University, Department of Theoretical and Applied Political and Social Science, Doctor of Political Science, Professor*

After the global changes in the 1990s, the issue of inclusion of wider masses in the political life received comprehensive reconsideration. On the one hand, increased political inclusion of the citizens encouraged the processes of modernization. On the other hand, political modernization created the conditions necessary to facilitate massive political inclusion.

**Роль политического консалтинга в современном обществе**

**Мурат Насимов** — декан факультета педагогики Кзылординского университета «Болашақ», кандидат политических наук;

**Ботагоз Паридинова** — старший преподаватель Кзылординского университета «Болашақ», магистр философии;

**Кайнар Калдыбайұлы** — докторант Института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая

Основными приоритетными направлениями рынка политического консалтинга в Республике Казахстан являются глубокий анализ политических процессов, воз-

Қызылорда

Қызылорда



возможность моделирования действий основных игроков в политическом поле и прогнозирования развития определенных событий. По мнению авторов, они определяют феномен данного явления.

**Political Consulting in Contemporary Social Environment**  
**Murat Nasimov**, *Dean, Education Theory Department, "Bolashak" University of Kyrgyzstan, Candidate of Political Science;*  
**Botagöz Paridinova**, *Senior Lecturer, "Bolashak" University of Kyrgyzstan, Master of Philosophy;*  
**Kaynar Kaldybayuly**, *PhD Student, Institute of Post-graduate Studies, Abay Kazakh National Pedagogical University*

According to the authors, there is a growing demand for political analysis on the market of political consulting in the Republic of Kazakhstan. That is in-depth analysis of the domestic and international political processes, the scenarios of possible moves of the major political players and prediction of certain developments of political nature.

**Сравнительный анализ подходов определения понятия «политические риски и кризисы»**  
**Рустам Муса** — *студент факультета журналистики и политологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева*

Данная статья посвящена теоретическим аспектам изучения политических рисков и кризисов путем сравнительного и историко-методологического анализа. На основе сравнения трактовок различных ученых, живших в разные периоды истории, делается попытка определить генезис и эволюцию теорий политических рисков и кризисов, дается современная интерпретация этих явлений; также обнаруживается сравнительное соотношение с таким схожим понятием, как «политический конфликт». Немалая часть статьи посвящена возможностям современного управления политическими рисками и кризисами в условиях динамично развивающейся политической реальности, а также перспективам ее институционализации в качестве самостоятельной отрасли прикладной политологии.

**Comparative Analytical Approaches to Political Risks and Crises**  
**Rustam Mussa**, *Undergraduate Student, Department of Journalism and Political Science, Gumilev Eurasian National University*

The article focuses on theoretical studying of the aspects of political risk and crises through comparative and historical-methodological methods. It looks at genesis and evolution of the theories of political risks and crises based on comparison of different scholarly interpretations throughout historical development of political thinking. It attempts to give an appropriate interpretation of these phenomena for contemporary realities. The paper also considers comparative relation with the similar concept of "political conflict". The paper is devoted to contemporary instruments to manage political risks and crises in dynamically developing political reality and the prospects for its institutionalization as an independent branch of applied political science.

**Теоретические и методологические проблемы в сфере телекоммуникаций**  
**Санат Сатаев** — *и.о. доцента кафедры менеджмента КазЭУ им. Т. Рыскулова, кандидат экономических наук*

Одной из основных закономерностей развития экономики является повышение роли оказания услуг в сфере телекоммуникаций. Автором были рассмотрены проблемы сферы оказания услуг и ее роль на рынке товаров и труда.

**Theoretical and Methodological Issues in Telecommunications**  
**Sanat Sataev**, *Acting Associate Professor, Department of Management, Turar Ryskulov Kazakh University of Economics, Candidate of Economics*

One of the basic laws of contemporary economic development of any country is the increased significance of services in telecommunications. The author considers the service sector and its role in the market of goods and labor.

**Особенности стратегического управления в сфере экономики**  
**Аккameш Дуйсенбаева** — *магистрант КазЭУ им. Т. Рыскулова*

В статье рассматриваются теоретические аспекты стратегического управления на предприятии. В современной экономической глобализации стратегическое управление является одним из инструментов в обеспечении конкурентоспособности предприятия. Определено понятие "стратегическое управление", его суть и значение, а также предпосылки стратегического управления на предприятии и процесс его реализации.

**Features of Strategic Management in Economy**  
**Akkamesh Duysenbaeva**, *Master Student, Turar Ryskulov Kazakh University of Economics*

The article deals with theoretical aspects of strategic management in companies. In the context of economic globalization, strategic management is a tool to maintain and increase competitiveness of enterprises. The article outlines the concept of "strategic management", its essence and meaning as well as the prerequisites for strategic management at enterprises and its implementation.

**Духовные последствия имперской экспансии (20—40-е гг. XIX в. Сарыарка)**  
**Забир Мызатаева** — *доцент Института магистратуры и (PhD) докторантуры КазНПУ им. Абая, кандидат исторических наук*

В статье раскрываются политические цели захватнической политики царской России в Центральном Казахстане, колонизаторская деятельность русских чиновников в казахской степи и их взаимоотношения с казахами. На основе архивных документов рассматривается грабительская политика, проводимая царской Россией, с применением жесткой военной силы и последствия введения русской системы управления.